

Мұхамедия Жұмағалиев

Д 2017

4509к



Бақытты
үшін басқаның

Мұхамедия Жұмағалиев



Бақыты

үшін басқаның

Өлеңдер, балладалар

Алматы – 2017

ӘОЖ 821512.122 – /
КБЖ 84 (5 қаз)-5
Ж 81 ✓

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы
бойынша жарық көрді»*

Жұмағалиев М.
Ж81 **Бақыты үшін басқанын: Өлеңдер, балладалар / Мұхамедия
Жұмағалиев – Алматы: «ИИЦ Азия Арна» баспасы. – 2017 -288 б.**

ISBN 978-601-80125-2-5

Бұл кітапқа белгілі ақын Мұхамедия Жұмағалиевтің әр жылдары және соңғы кезде жазған өлең, балладаларының ең таңдаулылары енді. Туып өскен жері – Көкшетау, оның қайталанбас ғажайып табиғаты, ағайын-туған, дос-жаранға деген ыстық ықылас, заман, уақыт туралы толғаныс – ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы.

М.Жұмағалиев жырлары сыршыл да шынайы, тосын да тұшымды ой-түйінімен жанға жақын, жүрекке жылы.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 қаз)-5

ISBN 978-601-80125-2-5

© Жұмағалиев Мұхамедия, 2017
© «ИИЦ Азия Арна» баспасы, 2017

БІР САБАҚ ГҮЛДІҢ САЯСЫ

(Алғысөз орнына)

*Өзіңмен өткен әр күн – анық шын той,
Айнала сәуле шашқан жарықсың зой!..*

Мұхамедия ЖҰМАҒАЛИЕВ.

Көңіл көктемiнiң көгiлдiр көгiнiң кернейлеткен керуен көкжиегi кеңейiп, көркейiп-ақ келедi. Сол көркейген көңiл төрiнде, тағы да сол көңiлдi көркейтiп тұрған бiр жан баласы бар менде. Ол – Мұхамедия Жұмағалиев!

Тағдыр ғұмырдың бiр-бiрiмен байланысып, одан әрi сабақтасып бiрге өрiлiп, бiрге тарқатылып келе жатқан қос бұрымындағы қос шолпының сыңғырынан әрiдегi өмiр сырын қайыра бiр естiгендей боламын. Сол бiр өмiр сырын қайыра естiген сәтте «Е, тәуба, бiз де өлмей осы күнге жеттiк-ау», – деген оймен Жаратқан иемiзге мың шүкiршiлiк айтарымыз тағы да бар.

Аңсадың сен де аңанды,

Анамды мен де аңсадым, – деп Мұхамедияның ақын жүрегi тәттi бiр мұңымен сөйлеп, соны өзi айтып тұрғанындай, бiздiң екеуiмiздiң де көңiл кесемiздегi анаға деген сағыныштың мәңгi құрғап, мәңгi суалмайтын да, жылдар озған сайын сол Ана сағыныштың мөлдiреп, шүпiлдеп, тола да, толыса да түсер, сезiм қылын мәңгi шертiп тұрар алаулы бiр аңсарымен бiрге жатып, бiрге оянар ұқсастау келген жан-дүниемiз және де бар. «Болмады менде басқалардағыдай қос пана», – деп тағы да сол ақын Мұхамедия жырымен баяндағанындайын, екеуiмiздiң де анасыз да панасыз өткен тағдырымыз тағы да бар.

Сол мiне, екеуiмiздiң де сәби шағымыздан анасыз қалған қос тағдырымыз бiрiн-бiрi паналап, түпсiз ой те-

ренінде бұғып жатқан жүрек мұңын сол қос тағдыр үнсіз ғана бірге жағалап, бірімізді-біріміз құлатпай, сүріндірмей, туған аналарымыз жетектей алмай кеткен армандарымызды бірге жетелеп, бір Алланың қолдауымен жетіліп келе жатқан сыңайлымыз. Шүкір, тәуба!

«Мұха», – деймін мен оны! Осы бір ауыз ғана «Мұха» деген сөздің де, Мұхамедия Жұмағалиев атты азаматтың да бойына дарыған текті бір құдіреті мен қасиетін сезінемін. Құдіреті сол, Мұхаңа арқанды тіреп, сүйенсең, ол демей де, жаның жыласа желей де біледі, жылыта да алады, мұң басқан жүрегінді ойлардан арылта да, жадырата да біледі! Қасиеті сол болар, сол Мұхаңа адал көңілінді ұсынсаң, ол сенің дүниеауи пендешілік ойлармен кірлей қалған кірпияз көңілің болса, ол өзінің Періштедей таза да ақ көңіл-ниетімен сол көңіліңнің кірінің де, кірбіңінің де түгін қалдырмайды, сыздаған жан жараңды жазып та бере алады. Жанында Мұхаң болса сол сәтте жаның айығып, көңілің тазарып, жүрек түкпіріндегі алаң да елең бұлттардан арылып та айығып, дүниеге жаңа келген сәбидей өзін де жадырап, жарқырап, мына айнала тіршілікке пәк сезімді көңіліңнің жарық жанарымен қарайтының тағы да болады. Айналамнан сырымды ашар тірі пенде таба алмай, кімге сеніп, кімге сүйенерімді тағы да біле алмай жүрген сәттерімде сол Мұханның періште көңілін сағынамын, таза да пәк жанын аңсаймын. Бауырына тығылғым келеді, кең құшағына енгім келеді.

Көз ашқалы көл–жасымнан құрғамай,

Келеді әлі омырауым – өңірім, – деген ақын Мұхамедияның бір басының өз мұңы өзіне жетерлік-ақ! Бұған қоса сол ақын бауырымның мұңды көңілінің көліне тамшылап тұрар біздің де көңіл мұңымызды қоссаңыз, соның бәрін де, тіпті барша адам баласының мұң-наласын да Мұхаңның кішкентай ғана ет жүрегі сыйғыза білеріне қайран қаларыңыз бар. Сонан да болар ол азамат ақын

ретінде жүрегіндегі бар мұң-наланың әуенін күні бойы томаға тұйық жүріп, тыңдап, сезіне біледі де, түн баласы келгенде сол мұңымен сырласып, өзінің қаламын сол мұң-наланың сиясына малып, ақ қағазға жырымен өрнектеп ою салады, ұғар көңілге ой айтады.

Өмір мынау—
Түсірген төзімге жүк,
Көңілімде
Кірбің бар, көзімде — шық...
Өкінбес ем:
Сағымдай ертеңіме
Өзім жетпей,—

Жатса егер сөзім жетіп! — деп, сол жыр мұңын бүгінгі мен келешегіне аманаттаған ақын Мұхамедияның көңіл төріндегі парасатты ойын жер-жаһанға оның өз жырлары ақ кептердің ақ қанатымен алып бара жатыр. Ақын досымның нәзік жанының сезімге толы сырлы жырларын алып, ұшып бара жатқан сол ақ кептер ғұмырдың қанаты талмасын, топшысы қиылмасын деп тілеймін әрдайым.

Өзекті өмірдің сортаңдау жерінің кермек дәмін тата жүріп, көгілдір Көкшенің көгілдір жазығында бүр жарып өсіп-өнген, бұл күндері қарт Алатаудың бөктеріндегі Алматының жыр бағында көктеп, бүр жарып гүлдеп тұрған ақын Мұхамедия Жұмағалиев мына тіршілік дүниенің бір сабақ гүліндей болып елестейтіні және де бар.

Бастайтұғын қияға болмады ағам,

Басатұғын ізімді болмады інім, — деп кей-кейде көңіл мұңын осы бір тұманды ойларға қаматып алар қайран ақынның туа бітті жалғыздығынан бұрын Мұхаң өзінің жан дүниесіндегі сезімі мен сезіне білу қасиетімен, ой мен ой толғай алар, былайша айтқанда ол өзінің сезімді ой әлемімен жалғыздығын қатты сезінетін сыңайлы. Ол

қиналса, өзінің ой жалғыздығынан, сезім жалғыздығынан, дүние жалғандығынан қиналар сыңайлы. Жанының қиналатыны да сол!

Түлер күні, – үгілдім,
Түнерді түн,
Түңілдім.
Түндігінен аспанның
Түңғиыққа үңілдім!..

Міне, түлер күні көңіл аспанының түнеруі де, сол түңілген қалпы түңғиыққа үңіле білуі де ақын Мұхамедияның өз жаратылысындағы сол жан даралығынан да болса керек.

Мұхаң жайлы сыр толғағанда сол Мұхаңның ардақты әкесі, марқұм Балта Жұмағалиев жайлы да көңіл сырын айтпай кетуге де болмас еді. Өйткені, Мұхаңның әкесі бізге де, яғни, өзінің жалғыз ұлының барлық дос-жарандарының да әкесі бола білді. Қазақтың белгілі азаматы, Мұхаңның құрдасы Көпен Әмір-бек Мұхамедияға: – Әулиелілік әкеңе қонған, әкеңнен маған қонған, – деп әзілдейтіні бар екен. Сол Көпен бауырдың аузының дуасы бар ма деймін. Шынында да, Балта әкеміз әулие бір адам еді. Ауыл мектебінде отыз алты жыл бойы ұстаздық етіп, елу бес жасында зейнеткерлікке шығып, содан кейін Алматыдағы жалғыз ұлы Мұхамедияның қолына көшіп келіп тұрды. Сталинград шайқасының жауынгері 1942 жылғы қанды бір шайқаста сол аяғынан айырылып, одан кейін жарасынан жазылып, туған еліне келіп Көкшетау өңіріндегі біраз ауыл мектептерінде ұстаздық етті. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» және «Халық ағарту ісінің үздігі» сынды атақтардың біразын алып, еңбегі жанғандай да болған Балта әкеміз ұлағатты ұстаз да бола білген жан. Қазақтың әйгілі әдебиетшілері Нығмет Ғабдуллин мен Айқын Нұрқатов, қоғам және мемлекет қайраткерлері Жұмабек Дәуренбеков

пен Сұлтан Досмағанбетов және басқа да жақсылар мен жайсаңдар осы Балта әкеміздің шәкірттері болған көрінеді. Әкеміз сол шәкірттерін мақтаныш етіп, көтеріңкі бір көңілмен олар жайлы сыр тиегін ертелі-кеш ақтарудан бір жалықпайтын-ды.

Балта әкеміздің әңгіме айтқанда ешқашан ешкімді жалықтырмайтын ерекше бір қасиеті болатын. Аңқылдап, адал көңілімен сөйлеуші еді жарықтық! Жалғыз ұлының тілеуін тілеген сол қайран әке Мұхаң жұмыстан, болмаса әлдебір кештерден кештетіп үйіне қайтқанынша, көзіне көрінгенше көп қабатты үйінің үшінші қабатындағы балконда отырып алып тосушы еді. Міне, қайран әкенің жүрегі ұлым деп, ұрпағым деп соғып өткендігі әмбеге аян. Сол әкесінің өзіне деген жүрек лүпілінің сезімі мен сенімін, сүйіспеншілігі мен сүйінішін Мұхаң да ақтады. Әкесінің жағасын кірлеткен жоқ, бағасын асыра білді. Сол жалғыз ұлы демі үзілер шағындағы әке аманатын аяқсыз қалдырмай, сыңар аяқты сырқат әкесін арқалағандай болып туған еліне жеткізіп, сол туған топырақтың құтты қойнына көз жасымен бірге көміп, соңғы сапарына шығарып та салған-ды. Ақын бауырым елжіреген жүрегімен елге, яғни өзінің Көкшесіне келген сайын әке қабіріне барып, мұң басқан көңілімен терең ойға беріліп ұзақ тұрып алатыны да бар. Сол сәтте оның өз әкесімен үнсіз сырласып тұрғандығын жан дүниенмен ұға да білуің керек. Қолындағы бір сабақ гүлін әке қабіріне қойып, жасқа шыланған жанарымен мөп-мөлдір көгілдір аспанның көкжиегіне қарап тағы да тұрып аларын қайтерсіз. Сол сәтте ақын досымды осы бір даланың бір сабақ гүліндей сезінетінім және де бар. Алайда, бір сабақ гүл сынды Мұхаңның, Мұхамедия Жұмағалиевтің сыры мен сыйпатынан, ақылы мен парасатынан, ақ та адал жаны мен нәзік те сезімтал жүрегінен, тірі пендеге иненің жасуындай қиянаты жоқ адами қасиеті мен қадірінен бір сабақ гүлдің де саясы болатындығын ұқ-

тырды өмір маған. Сол бір сабақ гүлдің саясын сағалап, сырлы сезіміне көңілдің мейір шуағын қандырып, терең ойына үңілу арқылы биіктеп, асқақтап, қамқор көңілі мен адал жанының, таза жүрегінің, ағалық бауыры мен кең құшағына жылынып өтіп келе жатқан күндерім мен кезеңдерімді, айларым мен жылдарымды, ғұмырым мен тағдырымды бақытты өміріме балаймын. Өйткені, Мұха, сен өзің айтқаныңдай: «Айнала сәуле шашқан жарықсың ғой!...».

* * *

«Елжірейді ет жүрегім ел десем!...» Осы бір перзенттік көңіл сырын айта білген ақын Мұхамедияның бұл да жан тазалығы!

Көкшетауым!

Сағынып көрсем сені,
Көтеріліп қалады еңсем менің,
Кем сенбедің сен маған өзгелерден,
Өзің болдың—менің де ең сенгенім.

Көңілімнің

Тасытып көктем селін,
Алдыңа кеп, ақ тұрып айтам сенім:
Ақтамасам перзенттік парызымды,
О, туған жер, ұлың боп қайтем сенің?!

Талай бір тарлан ақындардың жүрек қылын дір еткізген Көкше, Көкшетау - біздің Мұхаңның туған жері, алтын бесігі! Сол өз туған жеріне туған анасындай тағзым ете білер ақын Мұхамедияның есімі де, шығармашылығы да өзіңе әбден таныс болғаннан соң да жаныңа жақын қаламгердің әрбір жаңа кітабын қолыңа қуана аласың да, бұл жолы не айтты екен, не жазды екен деген сауал, қызығушылық та бірден ойыңа оралады.

Міне, біз де есімі жыр сүйер қауымға әбден белгілі болған ақын Мұхамедия Жұмағалиевтің Алматы қаласындағы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Сағыныш саздары» деген өлеңдер мен балладалар жинағын осы бір сезіммен оқыған едік.

Бұған дейін де әр жылдары «Сырымды айтам», «Гүлдәурен», «Қанатым» атты жыр кітаптарымен қалың қауымға кеңінен танылған, поэзия әлемінде өзіндік айтар үні мен сыры, өзіндік қолтаңбасы бар ақын бұл жолы да қасиетті поэзияның қадыр-қасиетін төмендетпей, өзінің сыршылдық әуенінен танбағанына, шеберлігінің шындала түскендігіне, айтар ойының айшықталып, тереңдей бергендігіне қуандық.

Ақынның бұл жинағына енген өлеңдерінің «Жоғарғы ішек» бөлімі «Өмір сазы», «Төменгі ішек» бөлімі «Көңіл назы» жыр топтамаларын құрайды. Бүгінгі өмір, бүгінгі айнала тіршілік атаулыны ақын қалай түсінді екен, ақын жүрегі қалай толғанды екен? Міне, соған құлақ түріп, назар аударалық.

Кел, кел,
Күткен кел, Күнім!
Енжар неге ел бүгін?!
Қанбақтаймыз –
Қонарға
Жер таппаған желді күн.

Әр жүректе бар талас,
Ән де бүгін мұндылау.
Өмір мынау–жанталас,
Көңіл мынау–мың құрау...

Міне, өзінің «Күн – керуен» атты жырында ақын жүрегі бүгінгі өмірдің сыйқы мен сұрқына осылайша үн катады.

Серке-көңіл сенеді,
Табардай жол түн қатып,
Алдап үміт келеді,

Алдан күт деп...

Бір бақыт, – деген үміт, сеніммен түйілер бұл жырдың бүгінгі күні өзектілігі мен мән-маңызы дәуірмен үйлестігінде жатқандай.

Ақын Мұхамедияның біраз өлеңдерінде пессимистік көңіл-күй сарыны байқалып, ол бүгінгі күннің шындығын айтқызады.

Тұншығар,
Тыншығар
Азалы жүрегім,
Азғынға кім шыдар,
Аздым да жүдедім,
Заманға не дейін,
Жақсыға зар қылса,
Жаманға не дейін,
Жыртылып артылса!

Жанын жүдеткен, ақын жүрегін тілім-тілім етіп жара-лап, азалы еткен жамандық атаулыны осылайша айттың деп біз оны кінәлай алар ма едік?! Жоқ әрине! Біз өзіміз өмір сүрген ортаны, қоғамды тек мадақтауға ғана міндеттеліп келген ұрпақтармыз ғой, енді келмеске кеткен ол дәуірдің құрсауынан босанып, сөйлеу, жырлау керек екендігін ойға алған сәтте ақын Мұхамедияның іркіліп қалмағанына қуанамыз.

Оқырман қауымға ақынның туып-өскен ел мен жерге деген іңкәр көңілінің сағынышы мен сүйіспеншілігінен туған жырлары үлкен бір әсер қалдырары бар. Ақынның мына бір айтқанына қалайша тәнті болмассың!

Өзіңсіз, туған жер,
Суы жоқ шөл екем.
Өзіңсіз, туған жер,
Қуы жоқ көл екем.
Өзіңсіз күндер де,
Күн емес түн екен.
Өзіңсіз түндер де,

Түнекпен бір екен!

Туған жерге деген өз махаббатын әр ақын өзінше айттып-ақ келеді ғой. Бірақ та, ақын Мұхамедияның мына айтқаны, туған жеріне былайша табынуы, терең бір ой мен үлкен толғаныстың әсері болса керек.

Бар перзентін қойған мәңгі ғашық қып,

Қасиетті-ау туған жердің құшағы, –

деген жыр жолдары арқылы ақын туған жер құдіретін түйіндегендей болады. Мұхамедия Жұмағалиевтің «Елге хат», «Туған жердің құшағы», «Бурабай баурайында» деген шоғырлы жырлары оның ақындық шеберлігінің биік бір шыңындай аңғарылады.

Кеттің салмай аттың ізін елге сен,

Керегің жоқ енді биыл келмесең,

Деп достарым әзілдейді,

Менің де,

Елжірейді ет жүрегім ел десем!..

Ақынның өз туған жеріне деген шынайы сүйіспеншілігі мен сағынышының адалдығын да «елжірейді ет жүрегім ел десем» дегені қуаттап тұр деп айтуға әбден болар еді. Адал көңілден, ыстық жүректен шыққан осы бір жырдың осы бір жолы ақын өмірінің кредосы іспетті.

Қазақ поэзиясында баллада жанры әлі де дами алмай келе жатқандығы ақиқат. Қазақтың қара өлеңінің құдіретін жан-жүрегімен түсіне білген ақын Мұхамедия Жұмағалиев, міне, осы жанрды дамытуға өзіндік қадам, талпыныс жасағандығы айқын байқалып тұр. Көкейге түйген ойыңды, көкірегіңе тұнған мұңыңды баллада етіп айта білуге де үлкен ақындық шабыт пен сезім, ой мен түйсік қажет, әрине. Міне, бұл тұрғыдан алғанда ақын Мұхамедия балладаларының шабыт қайнарында әбден қайнап, пісіп шыққандығын аңғарар едік. Жинақтағы «Тұңғыш» атты балладаны оқығанда осындай тұжы-

рымға келген едік.

Ақын Жұмағалиев әу баста өзін лирик ақын ретінде таныта білген-ді. Ақынның жастық шақ, аяулы сезім–махаббат лирикаларын оқырмандары іздеп жүріп оқытын қасиеттері де бар екендігін айтуға тұрар. Міне, осы орайда ақын жүрегінің әлі де суынбағандығын, оның әсем де сырлы жырларын оқып, көңілің өсе түседі.

Күндер зулап, жылжып айлар, жыл өтер,
Уақыт салып бетке әжім әркімді-ақ жүдетер.
Жылмен бірге жастық өтіп, күміс шалар шашты да, –
Сол кезде де сені ойласам, бәлкім жүрек дір етер, –
деген жыр жолдарында ақынның ойын сергек ұстатар, жүрегін әлдилеп тұрар аяулы бір сезімнің оның жан дүниесінен мәңгілік орын тепкендігін аңғарсақ керек етті.

Жалпы алғанда, ақын Мұхамедия Жұмағалиев өзінің жаңа кітабы – «Сағыныш саздарымен» тағы да өз оқырмандарының, поэзия сүйер қауымның жүректерін сағыныш болып өрілген жырларымен тербете келді. Әлдилеп тербеткенде де тәтті бір үнмен, ыстық сезіммен, айшықты оймен аялай білді, жүректерді жылытып, жанымызды шуаққа бөлей білді. Бұл да болса поэзияның күдіреті шығар. Өз жырыңмен шуағыңды төге бер, ақын досым!

Жабал Ерғалиев,

жазушы-драматург,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

Қазақстан Республикасы Парламенті

Сенатының депутаты.





**Мен сені
қызғанбаймын...**

(Жастық шақ жаңғырығы)

ГҮЛ БЕЙНЕ

*Жақұтымсың,
Жалқым да,
Күміс – өзің,
Алтын да!
Бейнең қалды кеудемде –
бейкүнә... гүл қалпында!*

I

Қырау түсті самайға –
Қартайғам ба?
Қызық кеміп, бетімнен әр тайған ба?
Шөлдей болып кенезем кепсе-дағы, –
Көлдей көңіл...
Ол, сірә, ортайған ба?!

Қайран көңіл!
Қайтерсің... баяғыдай,
Баяғыдай құшағын жаяды ма-ай?
Дана болып жүретін шақта мынау,
бала болып кетсем мен,
«Ая», Құдай!

Құс та болсам, –
Қанатым талғандай ма,
Құсни қызды таба алмай шалғайдан да.
Сағымдардың ішінде адастым сан,
Сағыныштан ес танып...
Сарғайғанда!

Күнім ауып,
Бесінге таяды ма-ай?

Түнім – қауіп,
Тиеді таяғы қай?
Асықтым ба деп жүрсем қарттық жаққа, –
Ғашық жүрек соғып тұр... баяғыдай!

II

Дос үйінде дамылдап, сырласқанда,
Жымындаймыз жұлдызды түнгі аспандай.
Оянғандай махаббат бала күнгі –
Жүректегі жауқазын гүлді ашқандай.

Сол бір сурет!..
Көрсеткен Сейілхан дос,
(Сейілхан дос – көңілі мейірбан, хош.)
Көзі мөлдір,
Өзі өндірі...
Ақсары қыз –
ақыл-естен ай, жылдар айырған бос...

III

Үлбіреген жүзіңе үңілемін,
Үзілмеген үміттің гүлі ме едің?
Бала күнгі махаббат!
Бал дәуренім!
Бар ма едің сен әлі,
Тірі ме едің?!

Балғын сол бір бейнеңе қарай бергем,
Жанарыңнан жалт еткен арай көргем.
Өзіңді ойлап...
Өмірі от боп жанып, –
Өшіп қалмай,
Апыр-ай, қалай келгем?!

Керім еді келбетін,
Күлгенің де.
Көргім келіп,
Күткенмін күнде-күнде!
Көзден бұл-бұл ұштың да, болдың ғайып,
Көзайым боп...
Көрші қыз, жүргенімде.

Көңіл, шіркін!
Күт әлі... алаңда көп,
Көп ішінен бір көріп қалам ба деп?!
...Жолығуға қорқамын:
Жүректегі
гүл бейненді... жоғалтып алам ба деп!

*Көкшетау,
Желтоқсан, 2004 жыл.*



САҒЫНДЫРҒАН САҒЫМ ЖЫЛДАР

*«Сағыныш – зарығу емес,
бұған дейін қадіріне жете
бермеген жәйттерге жете
қанығу...»*

Әбіш Кекілбайұлы

* * *

Сағым жылдар...
Сары қыз!.. Сен – есімде.
Сарсаңға сап, түсіме енесің көп.
Сабылдым сан, жер-көктен сені таппай, –
Салғанына тағдырдың көнесің де.

Сағымдайын мұнартты елесің де,
Сары белге шақырсам, ересің бе?
Самал болып сыбырлап,
Сырымды айтсам;
Шынымды айтсам имандай, –
Сенесің бе?!

Елу деген өмірдің белесінде,
Елегіздім Жалғыздық кемесінде.
Сағыныштың жамылтпай сал шекпенін,
Сары күзде сарғайтпай...
Келесің бе?!

Көз алдымда –
Гүл бейнең. Сенесің бе?
Сенесің бе...
Бармын ба мен есінде?!
...Сағым жылдар әкеткен мені алысқа,

Сағыныш боп қалғансың,
Сен – Есілде!

* * *

Қырықтан да...
Кетіпін қырдан асып,
Суы келмей сирақтан –
Сырдан асып.
Қызық құмар түндер-ай – таңға ұласқан,
Қызға ғашық күндер-ай –
Жырға ғашық!

Ғашық күнге?..
Қайда осы асығамын?!
Асығамын мен саған, Асыл әнім!
Есіл болып егілдім –
Төгілді жыр;
Тобыл болып толқы да,
Тасы, жаным!

* * *

Сен бе деп қалып...
Бір қыздың
білегінен ұстадым.
Көңілін бері бұрғыздым,
Бұрғыздым,
бірақ құшпадым.

Сен деп қалып,
Бір қыздың
жанарына телмірдім.
Көрмесем де, –
Күндіз-түн
көз алдымда сен тұрдың.

Сен бе деп және
Бір қыздың
соңынан еріп барамын.
...Білмесем, –
енді білгіздің
қадірінді, қарағым!

* * *

Саған деген сағынышым бар менің –
шөлдеп сусын іздейтінім сияқты.
Саған деген сенгіштігім бар менің –
жырдан үміт үзбейтінім сияқты.

Саған деген сыр-лебізім бар менің –
көктемдегі таң самалы сияқты.
Саған деген бір сезімім бар менің –
сыңарын құс аңсағаны сияқты.

Саған деген тілегім көп осы күн –
арайлы бір аппақ таңым сияқты.
...О, құдірет!
Бәрі-бәрі осының –
саған деген Махаббатым сияқты!

* * *

Аққудайын аңсаған ақ айдынын,
Әлі күнге кеудемді қамайды мұң.
Сағынғаным шығар-ау,
өзің жаққа
қайта-қайта қиылып қарайтыным.

Қайта-қайта қиылып қарайтыным,
Ол –
өзіңді бағыма балайтыным.

Ақ таңдарда сені ойлап отырам көп,
Ұйқымды ұрлап көзімнен талай түнім.

Таңмен тұрып нұр-сәуле тарайтыным,
Ол да –
менің өзінді қалайтыным.
Ақ сәулелер – дір еткен саусақтарың,
Өзіңсің – Арай Күнім!

* * *

Мінің жоқ қылдай,
қылығың қыздай,
Мінезің жаздың күніндей.
Сырлы аяқ-сынды сыныңды бұзбай,
Құлпыршы көктем гүліндей.

Жеткізбей арман,
жүзгізбей қайран,
Жағанда қалған қайықтай,
(Өмірім – майдан,
көңілім ойран)
Өтем бе дерттен айықпай?!.



КЕШІР МЕНІ

Кешір мені,
Кеш, Күнім!
Егең де емен, ешкімің...
Қартайсам – күл,
қайсы бір
қалды дейсің ес бүгін.

Кешір мені,
Кеш, Гүлім!
Кеш – жырым да, кеш – мұным.
Қамсыз қалай жүргенмін,
Қайғым жоқтай, еш – мұңым?!

Кешір, кешір...
Кеш, Айым!
Кешігіп сыр ашайын.
Күнім менің кеш шығып,
Туған шығар кеш айым.

Үлгірмеген оттығып,
Мен бір «жетім» тоқтымын.
Тырнағыңа татырдай
бес тиындық жоқ құным.

Көрсең-дағы көшеде, –
Көрмеген боп өт, Күнім!

Өңім емес,
Түсім бе?
Оттың жүрмін ішінде...
Кешір мені,

сәбидей
сенгендігім үшін де!

Сарқылғандай күшім де,
Сарыуайым – ішімде.
Кешір мені,
сарғайып...
сағынғаным үшін де!

Кешір мені,
Кеш, жаным!
(Кеудемдегі өш, жалын!)
Бұзылған бұл заманның
бұзбап едім еш заңын.

Есер де-мін, –
Естімін.
Жаныма жоқ еш тыным.
Ессіз, есіл құрбыңды
есіңе ал бір... кешқұрым.

Есіңе ал да... бір күліп
кешіре сал,
Кеш, құлын!

Еш – тірлігім,
Еш – жырым.
Елемедің ешбірін.
Кемшіні көп «құлыңды»
кешіре алсаң...
Кеш, Күнім!

...Кеш бәрі де,
Кеш бүгін!

ҚЫЗЫЛ КӨЙЛЕК

Жасыл орман – жасыл қала, жасыл маң...
Жасыл бәрі.

Жалт еткендей жасыннан:
Жасыл бояу арасынан жарқ етіп,
Қызыл көйлек көзіме оттай басылған!

Қызыл көйлек –
Қырмызы гүл, қызғалдақ.
Қызғалдақ-жыр ұсынамын қызға арнап.
Жоғалтқан бір асылымдай
қараймын
жанарыммен мың аялап, жүз барлап.

Қай бала бұл?!
Гүлнұр әлде Гүлдана?
Қарағандай ол да маған ұрлана.
Елеңдейсің неге, елік-жүрегім,
Басқа мүлдем,
Басқа бала – бұл бала...

Қарайды өзі,
Қара көзі мөлдіреп,
(Біз де бір кез балауса ек, өндіріп ек),
...Қызыл көйлек – қимас, қызық дәуренім,
Қош дермісің,
Тос дермісің соңғы рет?!

ТҮСІМДЕ КӨРДІМ

Ақ шабақ,
Аппак, ардақ қыз!
Апыр-ай, кеше түсімде көрдім!
Қаруым жоқ... қармақсыз...
(Өмір – нұр, бейне көңіл – жыр,
Нөпір жыр, саулап төгіл бір)
Өзен-судың ішінде көрдім.

Кермаралдай керілген,
Керемет те, керім бір –
кұлын мүсінде көрдім.
Жайғандай құшақ жас жүрек,
Жанарың – шуақ пішінде көрдім.

Қайран да қайран, Жиырма бес!
Қайралған алмас қылыштай
қайтпаған қыздан күшімде көрдім.

Қыз қылығына құмартып,
Алыста қалған мұнартып
арман-күндерімді аңсатқан –
Ардақ қыз!
Ай-хай, Аппак қыз!
Апыр-ай, Сені түсімде көрдім!



* * *

Өтер өмір жырақтап,
Өлең өксіп оралар.
Көңіл-жетім жылап қап,
Көзден моншақ домалар.

Жігерім – құм,
әнім – мұң,
Жүрегімде – жорамал...
Орамалына жаныңның
жырларымды орап ал!



ЖАЗЫЛМАҒАН ЕРТЕГІМ

Еңілік гүл, райхан гүл
едің кеше біздерге.
Сол күндерді қайран бір
сағынып дос іздер ме?

Қара көзің (не заман!)
қарағанда жәудіреп,
Қалай қалғам мен аман,
Қалай қалған... сау жүрек?!

Баладайын ерке едің,
Бал қылыққа балқып ем.
Жазылмаған ертегім,
Жанға ұқсамас жалқым ең.

Түспес әсте (елге сен!):
нақ асылдың нарқы шын.
Бір басыңа бермес ем
бар әлемнің жартысын!
Жас күнімнің куәсі!
Жадымда әлі барсың сен.
Жанға қимас туасы, –
Жатқа бүгін жарсың сен.

Бұлақтайын бұлқынып,
Құрақтайын көкөрім –
Бүрін ашты құлпырып,
Бүлдіршінің – бөбегің.

Қызың – гүлің қырмызы,
Қызық күткен анасың.
Ал, мен үшін

Нұр жүзі –
он сегізде ғанасың!

Жанарың – от,
Жалын ба?
Жанбай... қалай сау қалғам?!
...Жас күнімдей!
Жанымда
жүрші аман-сау, қалқам!



ГҮЛ СЫЙЛАР ЕМ...

Сұрасам ба...

Гүлшоғынның бір талын?

(Сенсің – менің шуақ күнім, нұр таңым.)

Гүлді неге сұрайды деп сөкпеші,

Бұл – әншейін, сөйлеуге сылтауым.

Сен сұрасан,

Сыйлар едім жүректі,

Қиялымда жырдан саған гүл ектім.

Күлімдеген шақтарыңмен қуантып, –

Сәл мұңайған сәттеріңмен жүдеттің.

Кімсің, жаным?

Шаттығым ба ең сен менің?!

Жарқ еткендей болды-ау қайта – сөнгенім.

Алғаш сені көргенімде, апыр-ау,

Акку ма деп, өз көзіме сенбедім.

...Гүл сыйлар ем, –

Күз келгенде солмай ма?

Күн сыйлар ем, –

Оған барар жол қайда?!

Бәрінен де, ақ жүректі ақтарып,

Жыр сыйласам...

жыр сыйласам болмай ма?!

ЕРКЕЖАН

1.

Ерке қызсың – әй, керім!
(Еркеш десем, – қайтерін?!)
Шыр-пыр болып сен үшін
шықпады ғой жәй терім...

Қыз емессің, әй, тегін,
Қызғанамын... қайтемін?!
Айрылдым ғой ес-түстен,
Айналайын,
Айт емін!

...Сындырып алып жүрмеші
көңілімнің әйнегін!


2.

Еркежансың – еркесің!
(Әттең, тонның келтесін...)
Ғажайыптар еліне
қашан бізді ертесің?

Жанарыңда нұр тұнған,
Жарасып тұр түр-тұлғаң.
Жауқазын бір гүлдейсің
жарық күнге ұмтылған.

Еркежансың!
Ерке шын
еліктейсің, Еркешім!
Баян сұлу – сен бүгін,
Қайда Қозы Көрпешің?!

Елікпеске елтесің,
Қайтіп бақыт кел десін...
Ертіп өзім кетсем бе
елдің сұлу Еркешін?!



КӨҢІЛ ҚҰСЫ ШАРҚ ҰРЫП...

Бал қылығың қалмаған,
Бар қимылың арбаған.
Ашылмаған сыр қанша,
Айтылмаған арман – эн!

Тал түске күн таяды,
Бала қылық баяғы.
Көңіл құсы шарқ ұрып
қайда қанат жаяды?

Күнім батқан жоқ әлі,
Гүлім қашан солады?
Қайран албырт жүрегім
қайда апарып соғады?!



ҚАРЛЫҒАШ – ҚАРЫНДАСЫМ

Жарқылдап түскен жасындай,
Жарқ еттің, жаным, асылдай.
Алдымнан шықтың күлімдеп,
Аяулы қарындасымдай.

Басқадан бағың басым боп,
Өрлесін өрге тасың көп.
Қасымда қалшы:
Қимас бір
қарлығаш – қарындасым боп!

* * *

Елесіңе еріп тым,
Есім кетіп,
Еліктім.
Елеңдейсің селк етіп,
Ылағындай еліктің.

Елжіредім,
Егілдім,
Үлбіреген кекілдім.
Ару құсым,
Аққудың
көгілдірі секілдім!



СОЛ БІР СӨЗ

Ауылыңа бұлт боп аусам ба?
Жаңбыр-жыр болып жаусам ба?!
Сұрама... жүрек сырымды, –
Сірә да, айтып тауысам ба?!

Арман ғой...
Арман ол бір кез,
Қайран да қайран мөлдір көз?!
...Алқымда,
Ай-хай, алтын ба –
Айтылмай қалған... сол бір сөз?!

* * *

Қара көзің жәудіреп көп қарадың,
Қарайламай артыңа,
Кет, қарағым!
Жалықтырып алармын, қамықтырып...
Жанып тұрып, –
Таусылды-ау текке амалым!

Жылай көрме опық жеп, айналайын,
Жас жумасын жүзінді айнадайын.
Бәлкім, сен де –
біреудің Бақытысың,
Барыңды ұрлап...
бағыңды байламайын!



* * *

Түсіп ең неге көзіме,
Тап болдың неге кездейсоқ?!
Табынтқан дәйім өзіне
тағдыр бұл деуден өзге ой жоқ.
Қалқаға қандай бар кінә,
Қалар ма енді сау жүрек?
Қарамай істің нарқына,
Қарадың неге жәудіреп?!

Жолыма еккіздің де гүл,
Самалдай сүйдің есіле,
Жанымды дір еткіздің де бір
жанасып өттің несіне?!

Айдын көл жағасында
аққу боп елестедің сен.
Топ жұлдыз арасында
толған Ай емес пе едің сен?

...Түсіп ең неге көзіме,
Тап болдым неге мен саған?
Тағдырым, сірә, өзің бе –
талай жыл күтіп, аңсаған?!

Көркіңе елтіп, құмартпай,
Көз салмай сонда кетсемші.
Көңілге нала – мұң артпай,
Көрмей-ақ сені өтсемші!

* * *

Ақ сәулесі жүзінде тербетіле,
Ай астынан түстің бе жер бетіне?
Көбелектей жарықты шыр айналған
қарай бердім көз алмай келбетіңе.

Жалғызға бұл, шынында, жақ па құдай,
Жалғызсырап жүргенде тапқаным-ай!
Адастырып енді сен кете көрме,
Ай астында жолыққан аппағым-ай!

* * *

Мөлт етші бір,
Селт етші бір...
«Әу?!» деші,
Көздеріңнің нәркесін-ай... нәркесі!
Туған жердің құйттай құсы!
Таңың мен
өміріңнің әнге толсын әр кеші!



* * *

Кәусар ма едің ішпеген,
Аққудай әсем құс па ең?
Бақытым ба едің
сен әлде –
көзіме бір де түспеген?

Жерде ме ең,
әлде көкте ме ең,
Жүреkte гүл ме ең көктеген?
Жарығым ба едің сен әлде –
жаныма шуақ төкпеген?

Көктемде көрген гүлім бе ең,
Көгімде күлген Күнім бе ең?
Жанымды тербеп,
жыр болып
кеудемде жарған бүрім бе ең?

Көзімнен ұшқан нұрым ба ең,
Көңілде жүрген жырым ба ең?
Көркем ең, ай-хай,
сен қандай,
Көрмегем қалай бұрын мен?

...Көрмегем қалай бұрын мен?



ІЗДЕДІМ СЕНІ

Сағындым сені көп ойлар қамап алғанда,
Сағындым сені көп айлар артта қалғанда.
Жаным-ау, сенің ақ жүзінді аңсап
іздедім
ең алғаш жауған қардан да.

Сағындым сені қағазға жасым тамғанда,
Сағындым сені
сағыныштан есім танғанда.
Тұра сап ерте таппақшы болғам мен сені
толықсып атқан таңнан да.

Сағындым сені аққу-қаз қайтқан көктемде,
Сағындым сені –
сағыныш сазы көп менде.
Бір жұлдыз болып қалмады ма екен деп,
Кей түні
іздедім сені көз алмай сонау көктен де!



* * *

Мен саған көргенім жоқ мұңымды айтып,
Жақын тартып,
«күпия» сырымды айтып.
Сөз де айтпаппын жанашыр,
жөні түзу,
өнбей жүрген өзімнің жырымдай түк.

Болса егер бас аман,
миым да аман,
Шабыт буса кеудемді құйындаған,
Жыр жазылар,
әйтеуір, жаман-жақсы,
Бірақ саған тіл қату қиын маған...



АҢСАУ

Жақсы ма, жаным, біреуді аңсап,
жолына дәйім телмірсең,
Жанарың жасқа толар-ау сонда,
солар-ау гүлің мен білсем.
Жарқылдап маған жетпесең
егер осынау мұнды шағымда,
Жанымның алау жалынын
онда өршітпей бірден сөндір сен.

Жанымның алау жалынын, жаным,
өршітпей бүтін сөндір сен,
Өлтір сен мені қазір-ақ осы,
ақыры бір күн өлтірсең.
Арманды асқақ көгімнен, мейлі,
күлдилап құлап түсейін,
Күлдилап құлап түсумен ғана сендірем сені сендірсем.

Сен салған дерттен айықпақ болып,
досыма жақын сыр ашып,
Сейілейін деп жол шығып келем
сапармен талай қыр асып.
Ойымнан менің шықпайсың бірақ жолда да,
алыс жонда да,
Сонда да менің көз алдымнан
көлбендеп кетпей тұрасың.

Қиялдап босқа жүргенде сенен
көз жазып қалам кейде мен,
Құмар ғып сырттан
мұнартып тұрған әлде бір сағым бейне ме ең?!

СЕН

Сен пәксiң –
таңдағы дала шығындай.

Сен пәксiң –
сәбидiң қарашығындай.

Сен тым шатсың –
бақытты бала шағымдай.

Сен жұмбақсың –
белгiсiз болашағымдай.

Сен әнсiң –
айтылмай жүрген көптен.

Сен таңсың –
жанымды нұрмен өпкен.

Сен сәндiсiң –
аққудың көгiлдiрiндей.

Сен мәңгiсiң –
солмайтын өмiр гүлiндей!



* * *

Жақындай алмай жүрмін мен,
Жандай-ақ

саған өкпелі.

Көрінем солай сыртыммен, —
Көңілде кірбің жоқ тегі.

Көруге жақын тіл қатып,
Жасқанам —

жасып қалардай.

Жалт етсе сен боп бір бақыт,
жоғалтып мәңгі алардай.

Жасық де, мейлі, сен мені,
Айта алмай жүрген бар сырым:
Көздерің сенгіш —

сенгенім,

Сөздерің сосын — бал, шырын.

Кеттің сен қанша көзге ілмей,
Қайтейін,

кейде дал болсаң.

Түсінем сені өзімдей,
Түсінер мені жан болсаң.



ЖІГІТ СЫРЫ

Сайлап-ақ сөзді, ойнатып тіпті көзімде от,
Кіжініп барып,
күлімжіп қайтқан кезім көп.
Өзің деп барған көңілім қалса құлазып, –
Қараймын мынау әлемге қайта өзің боп.

«Ақылға» еріп,
Болмас бір жерде боп «мықты»,
Алдында қыздың қисынсыз тағы қорқыппын.
Әйтеуір өзің шықпай да қалған оқтай бір,
Жүректе мәңгі жарақат болып орнықтың...

Кей-кейде, ой-хой!
Албыртып көңіл, дархан боп,
Сөйлеп те кетем сыр айта саған барған боп.
...Батыл қыз сен боп бақытын маған сақтаған,
Жасықтау жігіт мен болсам, мейлі, арман жоқ!



МЕН СЕНІ ҚЫЗҒАНБАЙМЫН...

Мен сені қызғанбаймын қадалған көздерден де,
Мен сені қызғанбаймын сан алуан сөздерден де.


Қызғансам қызғанармын жалған бір күлкілерден,
Түбінде шат жаныңа белгісіз мұң түнер деп...

Мен сені қызғанбаймын өзім жоқ көктемдерден,
Мен сені қызғанбаймын қызғанып өткендерден.

Қызғансам қызғанармын алдағы күндеріңнен,
Кірлетіп кете ме деп көңіліңді кім-көріңген.

Мен сен қызғанбаймын сауықты кештерден де,
Мен сені қызғанбаймын ешкімнен... еш жерден де.

...Қызғансам қызғандым мен: оңаша кездеріңнен,
Өзге емес, шынымды айтсам – өзімнің көздерімнен!



МЕНСІЗ ЖӘНЕ СЕНСІЗ

Менсіз де күліп,
Менсіз де жүріп жатқан да, сәулем, шығарсың,
Менсіз де талай жүректер аңсар
армандай асқақ шынарсың.

Сенсіз де апта,
Сенсіз де сан жыл жүре алады екем жер басып,
Сенсіз бе бірақ аласа тартып
кетердей маған шығар шын.

Менсіз де шалқып,
Менсіз де талай тойларда, бәлкім, ән салып,
Жүрген шығарсың кірпік ілместен
тандарды күліп қарсы алып?

Сенсіз де жақын сырласар жандар
жоқ емес қазір жанымда,
Сені іздеп бірақ сабылып өткен
күндерім менің қаншалық!

Менсіз де толқып,
Менсіз де жұмбақ сырларға батып не түрлі,
Менсіз де бүгін бойжетіп қапсың,
ойың да, бәлкім, жетілді?

Сенсіз де мынау дүние түгел дөңгелеп тұра берер-ау,
Сенсіз бе бірақ –
жер үсті маған қаңырап қалар секілді!



* * *

Қия алмай кетіп,
Қайтадан жетсем аңсап бір,
Қарғашым, мені құшағың жая қарсы ап жүр.
Жалын боп келген,
Жарым боп келген көңіліме
жалынам, сәулем, көлеңке салма жаңсақ бір.

Сағынып жетсем,
Сабылып жүріп сан айлар,
Сәуле-нұр болып алдымнан шықшы арайлап.
Сан үміт қонып,
Сағыныш болып жеткенде,
Сағымды, жаным, сындыра көрме, абайла!

Шөліркеп жетсем,
Ентіккен демді баса алмай,
Кәусарым бол сен сімірер сонда бас алмай.
Күлімдеп шықшы,
Күнім боп шықшы алдымнан,
Көзіңе бірақ жас алмай!



СЕНІ ІЗДЕП...

Сені іздеп түнде жұлдыздар
кірпігін ұзақ қаққандай.
Сені іздеп таппай
шың-күздар
тыныстап бір сәт жатқандай.

Сені іздеп әнші құстар да
көмейден мұңын төккендей.
Сені іздеп келіп қыс,
қар да
жас болып еріп кеткендей.

Сені іздеп дала
сағыныштан
сарғайып тіпті қалғандай.
...Мені де саған алып ұшқан
сағыныш екен армандай!



ҚИМАДЫМ

Тұрғандай бізді түн күндеп,
Түнердің неге қиналып?
Кеудеме келген күмбірлеп,
Төгілмей кетті күй нағып?!

Аспан да бізбен түнеріп,
Жұлдыздар қалды тұлданып.
Алқымға келіп тіреліп,
Айтылмай кетті
сыр нағып?!

Қолыңды қысып көп тұрдым,
Бақытым сонда қалғандай.
Оқылмай көбі от жырдың,
Айтылмай кетті
ән қандай?!

Жабығып жүрсем жырақта,
Жасық деп мені сына бір.
Қиналтып кетті-ау,
бірақ та
қимастық сезім жүгі ауыр...



АСҚАРЫНАН ҮМІТТІҢ ҚҰЛАМАЙЫН

Момын – өзін,
Мойыма, маралым-ау,
Мойыл көзің мөлдіреп қарадың-ау!
Қорқамын.
Қорқатыным:
мен өзіңнен
көз жазып қапылыста қаламын-ау?!

Жабыққанда
болайын жұбанышың,
Қамыққанда –
толайым қуанышың.
Жанымның жайқалған жас құрағысың.
Қашан тынар көңілдің құмары шын?!
Көзімнен бұл-бұл ұшқан Бақ құсым-ау,
Біз жаққа енді мойын бұрамысың?!

Қайырылмай,
Кеттің қайда, құралайым?
Мен үшін
біле білсең, бұ да уайым.
Құлатсаң,
құзар шыңнан құлат мені, –
Тек үміт асқарынан құламайын!

ҚАРАЙСЫҢ НЕГЕ?

Қарайсың неге қадалып,
Кеткендей менде есең бір?
Қайтейін алдап,
таба ғып,
Арбалмай
аман-есен жүр.

Біреудің көрер көзісің,
Шығарсың гүлі алқызыл.
Біреудің –
қоңыр қозысы,
Біреудің –
бәлкім, жалғызы.

Көруге ғана жаралған
Шығарсың мына көз үшін.
Бір жігіт үшін –
жаңа арман,
Тағы бір теңеу –
сөз үшін.

Тұрсың-ау тегі тақалып,
Өзіңе ұнап
өз ісің.
Көзіңнен қайтем
ақы алып,

Біреудің қоңыр қозысы?!
Қарайсың неге қадалып,

Кеткендей менде есең бір?
Қайтейін арбап,
нала ғып,
Әйтеуір, аман-есен жүр!



* * *

Рауандап алтын арай таң атқанда,
Шұғыласын шар тарапқа таратқанда,
Дүние күйге толып баратқанда,
Әлемді Күн өзіне қаратқанда,
Мен сені көрсем деп ем таң атқанда.

Мен сені көрсем деп ем көктемімде,
Ақ нөсер құйып-құйып өткенінде,
Көгімнің бұлты ыдырап кеткенінде,
Құстар да қиқу салып жеткенінде,
Мен сені көрсем деп ем көктемімде.

Бақыттан шалқып тұрған шақтарымда,
Балқып бір бас айналып жатқанымда,
Немесе мұңға терең батқанымда,
Жалғыз қап жастардың гүл бақтарында,
...Көрсем мен сені осынау шақтарымда!



ЖАСЫМА БЕКЕР

Өзінді, жаным, жылатып ала жаздадым,
Уақыт та өтпей қас қағым.
Жасыма бекер
о, менің шұғыла-маздағым,
Армандай биік асқағым!

Жасыма бекер,
жадырап әлі-ақ күн келер,
Көктемнің келер –
қырлардан алау гүл терер.
Күтеді сені алдыңнан жарқын жаз әлі,
Күтпейді бәрі бір қадам бассан мүлт егер.

Арманда едің,
Дархан да едің мен үшін,
Қаталдау болдым ал өзім, бәлкім, сен үшін.
Білемін, жаным –
мен жоқта саған көңілсіз,
сен жоқта менің қуанышымның кемі шын.



ЕКІНШІ РЕТ

Екінші рет сен үшін келіп едім,
«Екінші рет қинама мені», – дедің.
Екінші рет жаныма
батты-ау қатты
сүймейтұғын біреуге телігенің.

Жұбатсам да өзімді «бекінші» деп, –
Жүдеп қайттым алдыңнан,
жетімсіреп.
Екінші рет осымен жолым болмай,
Сағым сынды-ау осымен екінші рет!

Жүдеп қайттым,
Қайтейін, жылап қайттым,
Үн қатпайтын кім ең сен,
ұнатпайтын?!

...Қатал деген ұстаз да
шәкірттерін
қатарынан екі рет «құлатпайтын».

* * *

Сен менің сүйіктім ең, –
Сүйем деп айта алмағам.
Отыңа күйіп кілең,
Саянда жайқалмағам.

Мен сені түсінбедім,
Еш кінә тақпасам да.
Әйтеуір,
түсімде едің,
Өңімде таппасам да.

* * *

Жәудіреп нәркес жанарың,
Айтқандай маған сыр күнде.
Нарқынды білмей, қарағым,
Налытып әлде жүрмін бе?

Мені де меңдеп нала-мұң,
Қалғандай қазір құр сүлдем.
Жанымды ұқпай, қарағым,
Жатырқап сен де жүрсің бе?!



ТОТЫ ҚҰСТАЙ ТАРАНЫП...

Шертіп жүрек сырларын,
Айтып жастық жырларын,
Бірге серуен құрайық,
Кешіп таңның нұрларын.
Аралайық гүл бағын,
Жүр, жарығым,
жүр, жарым!

Тоты құстай таранып,
Таранып шық, сүйіктім.
Шәйі орамал оранып,
Оранып шық, сүйіктім.
Көздеріңнен нұр шашқан
келеді бір сыр ұққым.

Жас жүректі тербетер
назбенен кел, сүйіктім.
Шын ғашықты шөлдетер
жазбенен кел, сүйіктім.
Аралайық жастықтың
жасыл бағын,
гүлзарын,
Жүр, жарым!



* * *

Түндер-ай
кейде кеш жатқан,
Көздерге ұйқы тығылып.
Көңілдің отын кеш жаққан
кеудемде лаулап бір үміт.

Сыр айтып
сонау өткеннен,
Жолыңнан талай кешіктің.
Қиялдай ұзап кеткенмен,
Жаныңды сенің кеш ұқтым.

Жақын деп жүрген жаныңнан
өгейлік көрсең,
жаман-ақ.
Жерім жоқ еді жалынған,
Жөнім жоқ енді табалар.

Қуана келіп табысып,
Қайғырып кеткен жаман-ау.
Құлазып көңіл,
қан ысып,
Жанарым – солғын,
жан – алау...



ӨЗІҢ БОЛШЫ

Таңырқарсың.
Бәлкім, «бұл не сыр?» – дейсің.
Баяғыдай көп қарап,
тесілмейсің.
Білемін мен:
Ертерек айтар сөзді
кеш айтқаным үшін де кешірмейсің.

Жасырар сыр өзіңнен жоқ, қарағым,
Жүрегімді жандырды от жанарың.
Отырсам да
өзгемен жарасқан боп,
Өзің жаққа жаутандап көп қарадым.

Көздерің-ай!
Жарқылдап тұрған анау,
Аздық етер оны жай нұрға балау.
Армандаған ақ құсым өзің болшы,
Өзің болшы –
мен жазар жырдағы алау!



* * *

Хатың келді қуаныш хабарын ап,
Алматының сағынтқан самалын ап.
Хатың келді өкпенді,
назынды айтып,
Кезінде көрмесем де саған ұнап.

Дейсің-ау:
«Кішірейсең шығар ма жан?»
(Қол созғам төменнен де шынарға сан.)
Ірілікті қайтемін,
Мен кезінде
кішірейіп те көңіліңнен шыға алмасам...



* * *

Толықсып келіп
отырдың,
Қасымнан менің сәл аулақ.
Бөлмені нұрға толтырдың,
Алмадай жүзің алаулап.

Жамырап шығып әніміз,
Дауыс та әбден қарлықты.
Шаршадық,
сірә, бәріміз,
Сөндірдік сосын жарықты.

Қараңғы бөлме.
Тыныштық.
Қолыңды қолым тапты кеп.
Деміңе күйіп тым ыстық,
Жүзімді шарпып жатты леп...

Жалықтың, бәлкім,
бір кезде
ұялдың әлде,
кім білсін,
Жандай-ақ жатқан түк сезбей,
Болдың да қалдың бір тылсым.

Өкпелеп әлде қалдың ба?
Тіс жарып,
Тіл де қатпадым.
Күлімдеп бір сәт алдың да,
Бұрылдың маған, аппағым.

«Жейсің ғой таяқ» дедің сен,
«Қорқытпақ» ойың бар ма әлде?
Өзіңнен, жаным, жеңілсем,
«Таяқ та жесем»,
арман не?!

Сенде де,
Менде бар кінә,
Тумай-ақ қойсын дау бірақ.
Қарамай істің нарқына,
Қарадың неге жаудырап?!



* * *

Кімсің, жаным?
Шаттығым ба ең сен менің?
Жарқ еткендей болды-ау қайта
сөнгенім.
Сені алғаш көргенімде,
Апыр-ай!
Сүгірет пе деп көзіме сенбедім.

Жүрегіме ұялаған жыр ма едің?
Қуанышым болармысың бір менің?!
Көгілдірі секілденіп аққудың,
Қандай жақсы –
көңіл-көзде жүргенің...



* * *

«Теңсің бе маған?»
Неге айттың мұны?
Кім білсін.
Қалт тұрып қалдым,
Болды ғой маған бұл бір сын.
Бозбала қызға білдірсе сырын,
айып па,
Білдіре алса, ерікті бәрі, білдірсін!

Теңмін бе саған?
Теңсің бе маған?
Кім білсін.
Түсіне білсең:
Саған да маған бұл бір сын.
Жүректің сөзін
жүрекпен ғана ұғын сен,
Жүректің сырын
жүректер ғана жыр қылсын!



* * *

Күндер зулап,
жылжып айлар,
жыл өтер,
Уақыт салып
бетке әжім,
әркімді-ақ жүдетер.
Жылмен бірге
жастық өтіп,
күміс шалар шашты да,
Сол кезде де
сені ойласам,
бәлкім, жүрек... дір етер!



ҚАЛА БЕРДІ

Жатқан кезде
таңғы дала маужырап,
Кетіп барам екі көзім жаудырап.
Қала берді
Қоштаспаған сен үшін
«қош!» дегендей тау жырақ.

Жүргенімде
жүрегімде жыр құрып,
Уақыт – құйын өте шықты бұрқырап.
Қала берді
сенің күміс күлкіндей
бұлақ артта сылдырап.

Қияр едім, –
Қимайтұғын қалды шақ,
Жүрермісің қайта сол бір әнді сап?
Кетіп барам
бір асылын ұмытқан,
жоғалтқан да жан құсап...



* * *

Жол тосқан жандай күні-түн,
Хатыңды күтіп,
сарғайдым.
Сол болып жалғыз үмітім,
Сол болды және –
бар қайғым.

Түсімде сені көп көрем,
Сарғая сағынғасын ба?
Сағыныш
бірдей дертпенен,
Мүмкін ғой арылмасым да?!



ҚЫЗ АЛЬБОМЫНА

Жадырап оян,
наз қылып,
Тандарға артып жақсы үміт.
Жанарыңнан жаз күліп,
Жолдасың болсын жақсылық.

Жаныңдай жақсы жыр арнап,
Жыр арнап саған көргем жоқ.
Өзімді
өзім мың алдап,
Шындыққа және сенгем жоқ.

Жетерсің әлі шат күліп,
Бақыты жанған құрбыңа.
Кетерсің мені жат қылып,
Жат қылып
мынау жырды да.

Жасырын қалып сыр қанша,
Жарқылдап келіп
қол берем.
Басқаның күні болғанша,
Жанымның гүлі бол дер ем...

Ақ тілек арнап,
кезінде
жыр жаздым, –
айтар сыр кейін.
Өзіңе бірақ,
Өзіңе
Беташар беріп жүрмейін...

КЕРІМБАЛА

Күнімдейін едің дара,
Күлімдейді көзің қара.
Күбірлейді ерін ғана:
«Керімбала... Керімбала!»

Селт еткендей сезім жаңа,
Күлімдейді көзің қара.
Көңілімде өзің ғана,
Керімбала, Керімбала!

Керім десе, керім бала,
Көкжелектей өрім бала.
Көңілімде менің нала,
Керімбала, Керімбала!



* * *

Білдің бе сен мен жәйлі,
Білмедің бе?
Сырымды айтсам,
Сырт беріп, күлгенің бе?!
Қашық қонып барасың қайда, жаным,
Ғашық болып өзіңе жүргенімде?..

Білдім бе мен:
боларын мұның бұлай,
Құлап түстім
құмартып қылығыңа-ай.
Өкпелетем деп сені ойлап па едім,
Қамықтырып алдым ба, құлыным-ай?!

Қамықтырып алдым ба?
Жабықтырып?
Жалықтырып,
немесе зарықтырып?
Маған деген аяулы сезімінді,
Сенімінді алдым ба тәрік қылып?..

Гүл дегенде
нұрынды сарып қылып,
Ей, жүрегім!
Сырынды қал ұқтырып.
Сола көрме –
мезгілсіз, жас шағыңда,
Сөне көрме –
алаулап жанып тұрып!

ТҮС

Таңдағы гүлге жауғандай жаңбыр,
«Жарыққа құмар жанымды ұқ!» – дей ме?
Ай қалғыр,
Ол да – адасқан жан бір,
Беймәлім жаққа шақырып бейне.

Күз келіп,
Керім піскенде егін,
Күн шыға таныс соқпақпен тақыр
кел де сен,
Жоры түсімді менің,
Бағыма бақыт құсымды шақыр.

Сарғайған белін,
қоғалы көлін
сағынып әлі
келер де кетер.
Сүйкімді бақыт құсымды менің
сүйіктім, үркітіп алма бекер!



АЙ ТҰТЫЛДЫ АУНАП БІР

Кете берді қайрылмай,
кетті ұзап аулаққа,
Ай тұтылды аунап бір
құлағандай тау жаққа.
Сенімімді жоғалттым
осы соқпақ, сүрлеуде,
Айдалада қалғандай
аңырайды бұл кеуде.

Кінәлімін мен өзім,
күнәсі жоқ еш оның,
Өшкен елес күнге де,
өскен гүлге өш едім.
Өз жанымды жегідей
жеумен келдім үнемі,
Серпілердей басымнан
көңілсіздік түнегі.

Қиын болды шын маған,
қосылмады жол бірақ,
Қарайламай артына
кете барды ол жырақ.
Түн жамылып түндігін,
қараңғы-зіл төнеді,
Қара бояу біртіндеп
қам көңілге енеді.

Қара бояу бір түнде
бар бояуды жеңеді,
Қараңғыға, қапасқа
қайтіп жүрек көнеді?!

Кеңістікке сүңгіп мен,
кеттім ағып өзенмен,
Тітіреді тұла бой,
түн ызғарын сезем мен.

Алдым менің – ақ түнек,
астан-кестен мол дүбір,
Ақ қанатын қақты да,
қош дегендей болды бір...



* * *

Жылытып оты үміттің,
Шақырып әлем жап-жасыл,
Жеткенше саған
жүріппін
жыл емес,
бейне сан ғасыр.

Өзіңе дейін –
өткел мың,
Арада қанша ай ауды.
Түндерді жалғыз өткердім,
Күндерді не бір – қаяулы.

Өткердім бәрін,
көп көрдім,
Жеткенше саған дем бітіп.
Гүлдерін аңсап көктемнің,
Қалдың ба ұзақ сен күтіп?

Ғаламат алуан бояумен
билейді дулы дүние.
Осы сәт – ыстық,
аяулы ең,
Қарайын ұзақ сүйіне!



ӨМІР ТОЛҚЫНЫ

Тоғысып біздің жол бүгін,
Толғандым,
тағы толқыдым.
Қонғандай қолға бақ құсым,
Толғандай орны олқының.

Өмірдің кешіп толқынын,
Өңірдің өтіп жон,
қырын,
Қосылмай келген көптен бір
қосылды біздің жол бүгін.

Жанымыз нұрға шомылып,
Жаңғырдық,
қайта жолығып.
Жоғалмас сенім жүректе,
Жол деген – күту,
жол – үміт.

Гүл болып өніп жырақта,
Күн болып еніп құшаққа,
Жарқырап
үміт оты алдан,
Жолымыз кетсін ұзаққа...

Өмірдің кешіп толқынын,
Қосылды біздің жол бүгін.
Жалғанда
жарық сәулем – сен,
Әманда аман бол, Күнім!

НАЗЕРКЕ

Жабырқама,
налыма сен, Назеркем,
Жанымызды жадыратар жаз ертең.
Жылатпаған кімді мынау сұм жалған,
Жайнап жүрші,
ойнап күлші, жазеркем.
Назы бөлек, Назеркем!

Назеркем де,
Жазеркем де – сен дедім,
Ләззатыңа,
шәрбатыңа шөлдедім.
Көктемменен құстар келді ән салып, –
Көктемменен, жазеркем, сен келмедің.
Назеркем, сен келмедің.

Шаршадым ғой мағынасыз шулардан,
Қажыдым ғой залым,
арсыз кулардан.
Жеттім бе деп жүргенімде тілекке,
Өзің болып жүрегімде бүр жарған –
Өзгеше бір нұрлы арман!



НЕ ДЕЙІН?

Жарық ай бір сияқты
жамалыңа не дейін?
Жазғы күндей шуақты
жанарыңа не дейін?!

Қылымсыған қыздайын
қылығыңа не дейін?
Қызығыңды бұзбайын,
Құлдығың боп кетейін!

Сені биік ұстайын,
Ұнар саған не десем?
Қолымдағы құстайын
бауыр бастың неге сен?!

Жақтым үміт – шамымды,
Түн баласы көз ілмей.
Тірі жан жоқ
жанымды
түсінетін өзіндей.

Аштым саған сырымды,
Жан адамға ашпаған.
Шаштым маржан жырымды,
шашу қылып шашпаған.
Шақтым саған мұңымды,
Құдайға да шақпаған.
Аямашы нұрыңды,
Аяулы осы шақ маған!

Өзіңе енді не дейін?
Өмірдің бұл соты ма:
Өртеңің боп өтейін,
өртенумен отыңа!..

ЭЛЕГИЯ

Үш күн,
үш түн толассыз кұйды жауын,
Үш күн мүшкіл кешті бір кұйді жаным.
Тау-тас кезіп кететін диуанадай
тастай қашқым келді бір үйді, жаным!

Білем: саған жетпейді,
жетпейді үнім,
Көкейіңнен ар деген кетпейді ұғым.
Ата ғұрпын аттамас ардағым-ай,
Жармай бүрің тозбашы,
төкпей – гүлің.

Білем, білем: жырым да,
жетпейді үнім,
Желкелеген жегі ит – кетпейді мұң.
Өзекті өртер өкініш,
өршір қайғы,
Өгіз-аяң митың бір –
өтпейді күн.

Өтпейді күн сен жоқта қасарысып,
Мұндайда жұрт мұң-шерін басар ішіп.
Ішіп бірақ қайтемін,
Онсыз да ел –
шаш ал десең,
жатқанда бас алысып.

Отырғаның сонан соң өлең құрап, –
Өлең ұғар бір жан жоқ,
керек – құлақ.

Жылап, сірә, келгем-ау дүниеге,
Көзімде жас құрғамай келем жылап.

Өткен күнім – өкініш,
көзімде – елес,
Сөзімде – ши сондықтан,
Сезімде – егес.
Күлкім – кермек,
Өлеңім – бір күнгі ермек,
Өзім бе деп жүргенім – өзім де емес!

Өңім емес,
осы өмір түсім болғай,
Өрге баспай,
келе ме ісім де оңбай?
Өзге біреу түсінсін қайдан мені,
Өзімді өзім жүргенде түсіне алмай!..

Қысылғаның белгісіз,
қымсынғаның,
Тымық айдын көлдейін тылсым жаның.
Тұрсың, жаным, жәудіреп көз алдымда,
Тіл қата алмай,
Толқып сен тұрсың, жаным.

Бір құпия ішінде жүр шынымен,
(Алма ағаштың гүл жарған бүршігі ме ең?!)
Жан сырыңды оқимын
жанарыңнан,
Жүрегіңнің естимін дүрсілінен.

...Үш күн,
Үш түн толассыз құйды жауын,

Үш күн мүшкіл кешті бір күйді жаным.
Ебелектей баттым да иіріміңе,
Көбелектей отыңа күйдім, жаным...

Неге, неге мен сені сүйдім, жаным?!



* * *

Сен қуансаң –
мен балаша қуандым,
Сен мұңайсаң –
мен де бірге мұңайдым.
Сен – Күн көзі,
мен – күнбағыс,
өзіңе
жаутандатып қойғаны-ай бұл құдайдың!..

Сен жымисаң –
мәз боламын мен күліп,
Сен қиылсаң –
мен бе ұғар жөн біліп?!
Ойнағансып,
ойлағансып отырам,
Өзімді-өзім өз ішімде өлтіріп.

Өзімді өзім сендірмеске сендіріп,
Өз отымды өз қолыммен сөндіріп,
Отырамын желеп,
жебеп бір үміт,
Он жағымнан қамап және он күдік.

Қыз-ғұмырдың қызығына қанбаймыз,
Жыр жазамын саған арнап мен байғұс.
Баурап алған,
жаулап алған жанымды
білмей қойдым, айтшы өзің, қандай күш?!

Қалай саған отырармын шағынбай,
Қалай таңды атырармын сағынбай.

Жарқ етіп бір кеттің ішке шоқ тастап,
Жалт етіп бір «көрген түстей,
сағымдай».

Тағат, төзім таусылды ғой...
таусылды,
Жындыдаймын,
жүргеніммен сау-сынды.
Телефондап қойсаң қайтер бір мезгіл,
Тым болмаса сағындырмай даусыңды!



«Телмірме, – дер – қызымызға»
сақшы-апаң,
Қайтем, есті алсаң мүлде, Аяулы.

Сырымды желге,
жауынға ашам, Аяулы,
Жырымды жазып тауысам қашан, Аяулы?!
Қияда ұшқан қиял – құс па едің
қол жетпес,
Қиял – қызбенен қауышам қашан, Аяулы?!

Қиялыменен қауышқан, сірә, жан бар ма?
Қия алмай мен де,
ерермін елес – арманға.
Алай да дүлей ақ ұлпа жауар мамырда,
Алматыда алғаш алма ағаш бүрін жарғанда.

Ашқандай гүлін
ақ уыз жырым менің де,
Жанарың жарық-шуағын төккен, тегінде.
Айнығыш мына Алматының ауа-райындай
ақ түтек ойнап кетпесе болды көгімде!



СОҢҒЫ НҮКТЕ

Қиялдап келіп өзінді,
Қия алмай кетіп барамын.
Сағыныш деген сезімді
тия алмай кетіп барамын.

Шығам ба деген жерімнен
шыға алмай кетіп барамын.
Сынам ба деген едім мен, —
Сына алмай кетіп барамын.

Үмітім әлде кесілді,
Байқалмай кетіп барамын.
Айтам ба деген кесімді
айта алмай кетіп барамын.

Сырыңа сенің бүкпесіз
тоя алмай кетіп барамын.
Жырымның
соңғы нүктесін
қоя алмай кетіп барамын...



Туған далам, төсінде
аунасам деп...

(Көкшенің көрімдігі)



БУРАБАЙ

(әні бар)

Сен өндірсін
таңдағы дала шығындай.
Сен мөлдірсін
көзімнің қарашығындай.

Сен – гүл-баксың
базарлы болашағымдай.
Сен қымбатсың
бақытты бала шағымдай.

Қайырмасы:

Пәк Бурабай,
Бақ Бурабай,
Бал Бурабай,
Сал Бурабай.
Жүрегімде ән болып сен,
Сән болып сен қал, Бурабай!

Сен – таусың
тасыңа гүлдер өнген.
Сен – таңсың
жаныма нұрмен енген.

Сен – сәндісің
Аққудың көгілдіріндей.
Сен – әнбісің
Көкшенің көрімдігіндей.

Қайырмасы:

Жыр Бурабай,

Сыр Бурабай.
Гүл Бурабай,
Нұр Бурабай.
Жас сұлудай, хас Бурабай,
Шырқап әнге бас, Бурабай!

Сен – сүгірет
сиқыры көзді арбағандай.
Сен – құдірет
сүймеске дәтім қалмағандай.

Сен – көзісің
қазақтың ұлы даласының.
Сен – өзісің
Көкшенің Аруанасының!

Қайырмасы:
Пәк Бурабай,
Бақ Бурабай.
Бал Бурабай,
Сал Бурабай.
Жүрегімде ән болып сен,
Сән болып сен қал, Бурабай!



МҰҚАҒАЛИ МҰҢЫ

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім...
Ортаймапты ашық-шашық көңілім.
Көз ашқалы көл-жасымнан құрғамай
келеді әлі омырауым – өңірім.

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім?!

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім...
Жолдарымдай ойы, қыры, өрі мың.
Досым-ай деп тостым көзім төрт болып,
Осылай тек өрдім өлең өрімін.

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім?!

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім...
Орта жолда қалды қанша көлігім.
Жамағатқа жақпадым ба, жаратқан,
жанбай шоғым, маздамай бір көрігім.

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім?!

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім...
Ошағаның емес едім, шөңірің.
Жан семірмей,
Жансебілдей өтем бе, –
Жаман ит те көрсетпейтін өлігін.

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім?!

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім...
Өркен едім – ерте жарған өрігін.
Ой-орманда адастым ба жалғыз қап,
Олжасына айналдым ба бөрінің...

Осындай ма едің, ей, ғашық өмірім?!

ЗАМАН МЕН АДАМ

Бір қызығы,
Бір шыжығы алмасқан –
бұл заман ба,
адам ба әлде алжасқан?
Жемқорлары түйені жеп түгімен,
Жылпостары жең ұшынан жалғасқан.

Бұл адамға...
заманға бұл не дейін,
Байы менен бөліп берген кедейін.
Жатқанға өліп
аузына су тамызар
Жан жоқ қазір –
дейтін: «желеп-жебейін».

Демес ешкім:
«Қолтығыңнан демейін»,
Қайтіп енді ертеңіме сенейін?!
Құбылмалы,
Құлқынқұмар,
Құйтырқы –
заманға бұл...
адамға бұл не дейін?!



ЫСТЫҚ КҮЛШЕ

Аяулы апам – Асылзадаға

Алтын апам –
Ақеділім, ырысым,
Алқынғанда алар демім, тынысым.
Алты жасар баладай-ақ өбектер
алпыс – қырға аяқ басқан інісін.

Толғандырып,
Толайым бір той мына,
Талай ойға шомдырмай-ақ қойды ма?!
... Таңсәріде жетті апам,
Ып-ыстық
таба нанын қысып алып қойнына.

«Тойып алғын, – дейді апам, – жол қашық,
Түрің мынау...
Түнде тоңып... қалма ашық!»
Бәйек болып жатқанын-ай,
әлек боп,
Бауырының қалатындай қарны ашып!..

Асыл апам –
басымдағы бағымдай,
Көзімнің сен – қарасы мен ағындай.
Пейілін-ай,
мейірін-ай!
Маған деп...
пісірген сол ыстық күлше нанындай!

Жанымның сен —
жайлауысың, жұмағы,
Жүрегімнің сарқылмайтын жыр-әні.
...Таңнан тұрып пісірген сол наныңның
Таңдайымнан дәмі кетпей жүр әлі!



КІСІ АҚЫЛЫ

(Жаңа үйленген жігітке кеңес)

– Жүнжіп кетпей, жігітім,
тірлігін қыл батырдың;
Қарай бермей күні-түн
қабағына қатынның.

Қараймын деп күні-түн
қабағына қатынның, –
Желге ұшты үмітің,
Текке кешті батырдың...

Жақсы қатын –
жарығың;
Жанашырың, жақының.
Жаман қатын
Жарының
жүре тыңдар ақылын.

Жақсы қатын –
жан серік;
Жарыласың ағыңнан.
Жаман қатын – тән серік,
жатырынан қағынған.

Жақсы қатын –
ай, күнің,
Адастырмас жолыңнан.
Жаман қатын – қайғы, мұң,
сорға тартқан қолыңнан.

Жақсы қатын – арың ғой,
жаңа жауған ақ қардай.

Жаман қатын –
жарым той,
соңы қалған ақталмай.

Жақсы қатын – күншуақ,
жан дүниең жылынған.
Жаман қатын – гүлсымақ
Жазда-ақ солып,
жұлынған.

Жақсы қатын – ер нағыз,
Төбесіне көтерер.
Жаман қатын – керауыз,
Төрден көрге жетелер.

Жақсы қатын
(Жаны да – ақ)
адалдыққа жүгінер.
Жаман қатын – ақымақ,
Ар алдында сүрінер.

Жақсы қатын –
жарына ес,
Тозақтан да тірілтер.
Жаман қатын – жарымес,
дос алдында түңілтер.

Жақсы қатын қыз, ұлға:
«Сыйла, – дейді – әкенді».
Жаман қатын – қызынба,
қалт жібермес қатенді.

Жақсы қатын
күйт етсе –
толар гүлге төр күнде.

Жаман қатын
қит етсе –
қашып тынар төркінге.

Жақсы қатын өтеді
еріне еш кір жақпай.
Жаман қатын кетеді
көрінгенмен қылжақтай...

«Жақсы қатын – Ай, – дерсің,
Жаманына: «Тай!» – дерсің, –
Әлпештеген әйелің
әкесіндей шалменен...
(Салбыратып әукесін)
әуейі болса...
Қайтерсің?!

– Кісі ақылы – ақыл-ақ,
Өз қатыным – қатын-ақ.
Отбасын, ал, сатқан жар –
опасыз нақ,
ақымақ!

– Қарай бермей күні-түн
қабағына қатынның,
Тіршілікте, жігітім,
тірлігін қыл, батырдың!



ӨКІНБЕС ЕДІМ...

*«Өлеңдеріңіз қыздарға оқып беруге жақсы екен»
деген еді бір інім.*

Жылы тілек...
Жырыма көзім жетік.
Өлең – жібек,
Кетпегей бөзім де өтіп.
Өкінбес ем:
Өрімтал сұлуларға
өзім жетпей, –
жатса егер сөзім жетіп.

Өмір мынау –
түсірген төзімге жүк,
Көңілімде
кірбің бар, көзімде – шық...
Өкінбес ем:
Сағымдай ертеңіме
өзім жетпей, –
Жатса егер... сөзім жетіп!



* * *

Сұлудың ұрлап шырқын-ай,
Сырғыған сынап – күн мына-ай!
Селеу ме шашта!?.
Көзіме
сенермін қалай, құрбым-ай?!

Жан едің берік, бекімді,
Жапырақ жайдың –
Жетілді.
Бір қырдан біздің балалық
қол бұлғап тұрған секілді.

Ақ шуақ – жаның,
әрі әсем.
Ағы мен көздің қарасы ең.
Мөлдіреп тұрған,
Үлбіреп,
Ұл едің кеше ғана сен!

Жыл – жүйрік екен зулаған,
Құлақта желі шулаған.
Дос болып ешкім дәл сендей,
Хас болып асыл тумаған.

Көзі де күлген досым-ай,
(Көңілдің мүлдем хошын-ай!)
Өтеді айлар арада,
Өтеді күндер осылай.

Арманы жоқ еш,
алаңы,
Аяңы да жоқ, баяны,

Жалт етіп жасын-жанары –
жастық та өтіп барады.

«Шаттықтан ғана мас болып,
Бақыттан көзге жас толып,
Қартайсақ, мейлі, жақ түсіп, –
Қалсыншы көңіл жас болып!» –

Тілегі неткен тәуір-ай,
Жүрегі еттен бауыр-ай!
...Тар-дағы мына заманда
тарылмаған ауыл-ай!



ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

1.

Өтер әлі табаннан
тағдыр – қыстың сызы мың.
Көрсетеді бұл өмір
қызығы мен шыжығын, –
Қайратына таң қалам
қайран қазақ қызының.
Қайыспаған –
Тыңдап тек
көңілінің құзырын.
Аттамаған әдеп пен
сыпайылық сызығын.
Ұсынатын жаны мен
жүрегінің үзігін.
Нұры тамып кетердей
Күндей жарық жүзінің.
Жоғалтпаған –
Арындай
ақ некенің жүзігін.
Құшағына қысатын
кұрақ ұшып қыз, ұлын.
Жұмбақ маған,
Көрсем де
күн сайын, не күнұзын.
Қымбат бағаң,
Болса да
мың аға, не жүз інім.
...Қимас едім
қызына
бар дүние жүзінің!

2.

Өз биігі – тауымның,
Жезкиігі – ауылдың!
Арасынан ағынның,
Даласынан сағымның
сені таппай,
Сарғайып,
сағынудай сағындым,
сабылудай сабылдым.


...Құдайға да шағындың,
Былайға да шағындың.
Шабылмасқа шабылдың,
Шағылмасқа шағылдың.
Ашылуын тіледім,
қазақ қызы, бағыңның!

Алдағы күн – арман ба?
Арманға жет қарман да.
Аса бер сан асудан,
Аға бер өз арнаңда.
Арланбасқа арланба,
Арың таза қардан да.

Алданбасқа алданба,
Алдамшы бұл жалғанда.
Алладан күт күш-дәрмен
атқан күліп – таңнан да.

Қайтпай аққу-арман да,
Тамшы-жасың тамғанда,
Алғаш өрік гүл ашып,
Алма ағаш бүр жарғанда;

Баққа жалғыз барғанда,
Құлазып тұз қалғанда,
Көкжиекте алаулап,
Қызарып күн жанғанда –
арманда сен,
Арманда!



БАУЫР ТУРАЛЫ ЖЫР

Құлақ түріп қараңыз,
Сырға толы даламыз.
Бауыр жайлы бұрыннан
мынадай бір бар аңыз:

Тұяқ қоймай тігерге,
Жау тиіпті бір елге.
Жас баланы
шақ қалып...
найзасына ілерге.

Қас қағым сәт,
«Қап... бала!» –
Міне салып атқа ана,
Ұмтылғанда ұлына
кетті інісі тап бола.

Ата жауы – албасты,
Әбжыландай арбасты.
Атылып кеп бауыры
ат жалына жармасты.

«Қайсы ұлды қалармын?..
Бала тауып алармын, –
Бір кіндіктен тел туған –
қайдан іні табармын?!

Артқа отыр,
Бол енді!

Құдай салса, көнем-ді», —
Деді де ана,
інісін
іліп ала жөнелді.

Жалған дүние...
Бекер ғой,
Жұмбағына жетер ме ой?
...Баладан да,
бір туған
бауыр қымбат екен ғой!



ЖАЛЫНДА ТАҒДЫР – ТҰЛПАРДЫҢ

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының
депутаты, жазушы- драматург, тағдырлас дос Жабал
Ерғалиевтің 60 жасқа толған мерейтойына.*

Уақыт бұл
қашан қалғыпты,
Зулайды күндер осылай...
Алпысың болсын
ал, құтты,
Армысың, асыл досым-ай!

...Сабылыс,
Санам алаң-ды.
Сағыныш – балғын, бал шағым.
Аңсадың сен де аңанды,
Анамды мен де аңсадым.

Жығылып, –
Тұрдық аяққа,
«Жылама!» – ешкім демеді.
Жырақта жорттық саяқтай,
Бір Алла желеп, жебеді.

Жанымды ұғып, тыңдар кім?
Жарама жара жамадым...
Жалына тағдыр – тұлпардың
жармасып өстің, Жабалым!

Жетімді қолдап,
Жалғызға
Жаратқан Құдай жақ болған.

Әкеміз

арлы ұл, бал қызға –
таймаған адал, ақ жолдан.

Арнадым жыр-гүл тойыңа,
Алқалап тақсам енді не?
Алдың ба досты ойыңа,
Алғаусыз көңіл сенді ме?

Тосады алдан бір бақыт,
Толады гүлге құшағың.
Толғанып,
Толқып тіл қатып,
Тойыңда бірге ұшамын.

Осы ғой дана болғаның –
Кімдерге пана болмадың?!
Қалпыңды бұзбай қазақы,
Халқыңды қоштап-қолдадың.

«Тәубә!» деп дәйім тәу етіп,
Тәуелсіз жырды толғадың.
Шындық үшін шырқырап,
Шыр-пырың шығып қорғадың.

Егемен ел боп,
ту алдым,
Төбем тұр көкке тиіп те!
Шыққандай өзім қуандым
Сен шыққан әрбір биікке!

Жазғаның – қанық әрі анық,
Жолыңда қалды сан құрбың.
Сенікі –

Халықаралық
сыйлығы-дағы Жамбылдың.

Кешсең де бастан баз нендей,
Дәуренің, Жәке, дәурен-ақ.
Жазғыш көп,
Бірақ аз сендей –
журналист және лауреат!

Ардақтар туған бар елің,
Айналып сенен кетер-ді.
Алатау жолдап сәлемін,
Көкшетау көкке көтерді!

«Тай басар ертең ат орнын»,
«Талайы бар ұл», – дер елің.
Алматы сыйлап апортын,
Жетісу жапты желегін.

Туған жер түгел дүрлігіп,
Тойы деп ұлдың толқысын.
«Жұмбақтас» жұмбақ сыр бүгіп,
«Айнакөл» тақсын шолпысын!

«Қарағаш» – ұшқан ұяңа
Балапан едің бағзы күн.
Қанатың жетсін қияға,
«Оқжетпес» етсін тағзымын!

Көңілімнің өзің – төрісің,
Дос десе қалмас еш тағат.
Назгүлің – жалғас өрісің,
Қос ұлың – талмас қос қанат!

Сыңарың Майра –
Шынарың.
Жаныңның нұры,
Жұптасың;
Жол сілтер жарық шырағың,
Бақытың,
Бағың,
Құт басы.

Қобыландыдай батырдың
Бейне бір дана Құртқасы –
Майрамыз –
кені ақылдың;
Пейілі әзір,
Жұртқа – асы.

Достарың – алтын босаға,
Хош алар бәрі құптасып.
Қосағыңменен қоса ағар,
қос аққудай жұптасып!

...Ананы алсам еске көп,
Айыпқа бұрма, ағайын!
Өлеңмен атын кестелеп,
Өшірмей отын жағайын.

Генерал,
Патша,
Генсек те –
Перзентпіз мәңгі, фәни біз.
Алпысқа... жүзге келсек те
Анаға әлі сәбиміз!

Сенген соң,
Сүйіп,
Халқың мен
достарың құптап дана дер.
...Пәк осы,
Биік қалпыңмен
сәби боп сен де қала бер!

Дегенің – хақ...
Сен – ақсың,
Депутатсың, Сенатсың.
Көмбедей жатқан көміліп,
Көкейден сөздің селі ақсын.

...Мен үшін тұлпар – бір өзің,
Мен үшін сұңқар - Сен-ақсың!



* * *

Жабалым ба едің,
Жан арым ба едің ақ қардай?
Жанарым ба едің –
Жарықты ғана баққандай?
Қамалым да едің –
Алдырмас қас пен дұшпанға,
Амалым да едің –
Қысылған шақта ақтардай!

Досым да едің –
Табылған әр кез қасымнан,
Қосым да едің –
Қорғаған жауын-шашыннан.
Тосым да едің –
Тойымда жыр боп төгіліп,
Сыңғырлап сыры,
Шашу боп елге шашылған!

Сыңарым – өзің,
Жыр-сырғам болсын ен-таңба,
Елім бар – сүйген,
Сен барсың және ел барда!

... Жалқы өстім рас, –
Жалғызбын енді демеймін,
Жаббардай ием –
Жабалым, сірә, сен барда!

ҚАРАҢҒЫ ТҮН... ҚАРАЛЫ ХАБАР

Қимас досым Сейілхан Әубәкіровтың қазасына

Сейілханым!

Сенімді дос, серкем ең,

Сендей болар –

еренғайып ер деген.

Динашынның тітірентті-ау дауысы,

Көздің жасын көрмесем де селдеген.

Ерте кеттің...

Есімізді жиғызбай,

Жүрек түгіл, болып кетті үй мұздай.

Тобасы жоқ, тойымы жоқ

сұм ажал

сені әкетті-ау бұл фәниге сиғызбай!

Ақ дидарың көз алдыма келді бір,

Жүректегі қайтерсің мұң, шерді бұл...

«Құлады, – деп, –

қимас досың қапыда»,

құлағыма жеткізгендей жел күбір.

Аққудай ең,

Аппақ еді жаның да,

Айналып бір кеттің-ау от-жалынға!

Ардағым-ай, азырақ күн әлі де

жүрмедің ғой жан-жарыңның жанында!..

...Қала ұйқыда,

Жатқаны не шам жақпай?!

Қараңғы түн...

Қойды ғой бұл таң да атпай.
Ақ қағазға тамған жаспен жаздым жыр:
Алдың – жарық,
болсын жаның жәннатта-ай!

* * *

Қалай-қалай,
зулап жыл, ай... күн көшкен?!
Талай-талай теңіздерді бір кешкен;
Бөлке нанын интернаттың бөліскен,
Бөлек – жаны,
Келбеті де келіскен –

Әз досым-ай!
Әзіл айтсам, келіскен,
Кезіміз жоқ –
көңіл қалып, «керіскен».
Қатар ұшар
қанатым бол, сен – үстем,
Сапарларда серігім бол сеніскен.

Шынар ма ек –
шың басында бірге өскен?
Шығарма тек
шын досыңды бір де естен.
...Өткен күннің
Өшпейтұғын ізі ғой –
Өзіңе деп
өрген осы жыр-дестем!

ҚЫЗ ҰЗАТУ

(Ана тілегі)

Ұзатамын күнімді,
Бүлдіршін бір қыздай-ды.
Мәпелеген гүлімді
қимай жүрек... сыздайды.

Жұлдыз дерсің,
Ай дерсің,
Әрі ақық, әрі асыл.
Жұлып бердім, қайтерсің,
жүректің бір парасын.

Үкі тағып,
Ұлықтай
ұшырамын қияға.
Ел-жұртыңды ұмытпай,
Оралып жүр ұяңа.

Берік болсын босаған!
Берсін анаң батасын:
Қосағыңмен қоса ағар,
Қоңыр қозым, боташым!

Көкөрімім,
Көріктім!
Көз де тояр, көңіл де.
Жан-жарыңа жолықтың,
Жолың болсын өмірде!

«Апашым, – деп –
ардақты!»


Ақжарылып қалатын;
Әкесіндей салмақты,
Самғайтуғын қанатың;

Жан бауырың – жалбызың,
Жарығың да,
Жартың да;
зарығып күтер жалғызың
жаутандайды артыңда!..

«Қаршадай ғой қызым тым», –
деп қамыңды жейтуғын,
«Әкеме» әнін сызылтып,
әуелетші!» –
дейтуғын –

Әкең – марқұм, жарықтық
аунап түскен шығар бір...
Алдыңды Алла жарық қып,
Жайқалып өс,
шынар гүл!

Өткізбесін
тағдырдың
табаныңнан сызын тек.
Жүрегімде қалдырдым –
қызғалдағым,
қызым деп!



ӨЛЕҢНЕН ҚОЯРМЫН БІР ЕСКЕРТКІШ

Орынша Сейітқызы Сейітоваға

I

Өмірдің жазы өтер,
келіп күзі,
Өңірдің, мейлі, өшер көрік, ізі, –
өзгермес өз бейнеңіз жүрегімде,
Орынша Сейітова...
Сейітқызы!

Ұстаздың мейірімдісі, пейілдісі,
Көрмеген шәкіртіне кейіп жүзі.
Төккендей сәулесін Күн,
Шуағын – Сіз,
Көктемдей сәуірдегі – Сейітқызы!

Өзгеден орыны да,
Жөні бөлек,
Көңілімнің қойып қойғам төріне ерек.
Анамдай тәлім берген Ардақтым – Сіз,
Ақ бесік – пейіліне мені бөлеп.

«Ұлықпыз»,
«Ұлтжандымыз»,
«Күрескерміз», –
Ұстазын осы күні кім ескергіш?!
...Өзгеше,
Өзіңіздей нұрын шашқан
өлеңнен қоярмын-ау бір Ескерткіш!

II

Жыр-жүрегім!
Жаһанға жар сал тағы:
Мерейтойын ұстаздың
қарсы ал-дағы.
Өтермін бе шәкірттік парызымды
өмір бойы құттықтап барсам-дағы?!

Өтелмейді жүз рет иілсем де,
Орасам да құндызға, –
күйім келсе?!.
Алшы тұрмай,
Алдады алтын сақам,
Алладан қанша сұрап иірсем де.

Бал ара – біз,
білімнің терген нәрін,
Ұстазым – Сіз,
тәрбие берген, тәлім.
Өткен күннің өшпейтін іздері көп,
Өлең шіркін өзі айтып келген бәрін.

Жаз-жайлаудың жалауы құламапты,
Жаныңыздан жамырап бұлақ ақты.
Ұмытылмас жүректе өз бейнеңіз,
Ұстазым – Сіз,
Ұлы да ұлағатты!



АҚ АНА

Аппақ ана,
Ақ ана!
Алтын жетпес бағана.
Ажарың-ай ақ таңдай
атқан күліп жаңада!

Аппақ ана,
Ақ ана!
Пана болған балаға.
Алтын сақа – ұлынды
бақытыңа бағала.

Жауқазының – гүл-қызың,
Жағандағы құндызың.
Жарып шықсын қатарын,
Жарық қылсын жұлдызын!

Ойнамаған отпенен...
Қосағымен көктеген.
Отағасым деп сыйлап,
Алдын кесіп өтпеген.

Қонақ бол деп қинаған,
Құтты күні жинаған.
Құдаларын құрметтеп,
Құдайындай сыйлаған.

Бұрысыңды ұқпаған,
Дұрысыңды құптаған.
Бақытты жар –
Қонақжай,
Қабағын бір шытпаған.

Қатар қанат қағыпты,
Қарсы ап бірге уақытты.
Бақытты Жар –
Теппеген
басқа қонған бақытты!

СӘБИДЕЙ ЕДІҢ ӨЗІҢ ДЕ

Ермек Өтетілеуовке

Базардан қайтар кезің бе?!.
Бақиға кеттің – фәниден.
Сәбиге жаздың,
Өзің де
айнымай өттің сәбиден.

Нұр-шуақ болып төгіліп,
Құлашты күнге сермедің.
Егіліп өткен,
сөгіліп,
Дертті едің сен де,
шерлі едің...

Алатын демің –
ақтықтай;
(Бұл өмір, сірә, тозақ па?)
Асықпай жүріп,
Аптықпай, –
Асықтың неге... о жаққа?!

Баз кешкен, аға,
Бір сен бе
Баянсыз мына тұрақта?!

Беймаза өмір сүрсең де, –
Байызың таптың жұмақта!

Еркелер әр кез –
Өзімнің
Ерағам едің,
Ер едің...
Сорасын сығып көзімнің,
Соңынан кімнің еремін?!

ҚЫЗ СЫРЫ

Толқындар кеп бас ұрады жағаға,
Жамандар тек жармасады жағаға...
Мұндарыммен жасыған құр жанымды
жырларыңмен жебеп жүрсің, жан аға!

Шарқ ұрады тынбай көкте шағала,
Шақырады алыс-алыс жағаға...
Жалқы көштей
жырларыңмен жасаулы
қалдың өшпей
жүрегімде, жан аға!



АРАЙ

Тамшыдай-ау мөлт еткен
гүл-қауыздан,
Таппай теңеу... айырылдым тіл-ауыздан.
Жеп қоярдай қарайды жігіт біткен,
Қалай алсам құтқарып кіл «жауыздан»?!

Арай... Арай – арайлы таң шапағы,
(Арайлы таң алдымнан қанша атады?!.)
Қиығына көзінің – татымайды
қиуа ханның дәулеті, ханша – Тағы.

Жанарында – Күн нұры,
Таң шуағы,
Жарық қылып тұрғандай жан шырағы.
Аялдатып қоймай көп,
Арай үшін
Алматының тек жасыл жаншы, шамы!

Төртеу болып тосамын екі көзім,
Көрнеу солып...
Таусылды, тегі, төзім.
Жарымаған құлындай уызына,
Жаутаңдаған дәметіп жетім – өзім.

Болмасақ та Баян мен Қозыдайын, –
Түзу қылсын Құдайдың көзін дәйім.
...Еркелеп кеп ене бер құшағыма,
екі енені тел емген қозыдайын!

ҚҰРДАСҚА КЕҢЕС

1

Тарпаңым бәйгеден кеп,
танытсын бой...

Аяңа шуақ шашқан жарықсың ғой.
Аялап қыз-ғұмырды жүрген кезде
алпысқа сен де келіп қалыпсың ғой!

Қыздардың қарай-қарай гүл өңіне,
Қиқулап, жеттің қанша тілегіңе?!.
Бауырмал сен де бір құс секілдісің
дос үшін ұя салған жүрегіне.

Ерте-кеш
тұрады ылғи дос есінде,
Доспенен бірге түлеп,
өсесің де.
Өзіңмен ойнап-күліп жүрген іздер
өшпейді Алматының көшесінде.

Жыр жайлы
жүз толғанып, мың ойланғам,
Құрбыңмен сөнбес үміт,
шырайлы арман.
Бұл достық –
планета болса егер,
Екеуміз –
серігі оның шыр айналған.

Алпыста жал түзеген «азбаным-ай»!
Жанымыз
жадырайды жаздағыдай.

Келсек те
бөлек-бөлек дүниеге, –
Біздердің жұбымызды жазба, Құдай!

Биігің,
бар алдында белесің де,
Білігің,
бекзаттығың – ел есінде.
Өрге жүз Оспанханның өзіндей боп,
Семсер сөз – сатираның кемесінде.

Тектісің –
тірлікте бұл «шәй!» деспеген,
Толқынды теңіздерің бар кешпеген.
Үкілі үмітіңдей – ұл мен қызың
аялы алақанда әлпештеген.

Қонбайды басымызға бақ та тегін,
Мәреге жетер төгіп ат та терін.
... «Бір тойың болатыны сөзсіз» сенің,
Алматым!
Алатаудың сақта төрін!

2

Көпен-ау, Көпен, Көпенім!
«Қызылшақа» кезіңнен
қызып тұрған от едің.
Көмек беріп көп елге,
Көзге түсу не теңің?!
Сатирадан сарай сап, –
Ішінде жүрсің кепенің.
Туа бітті төтесің.
Туғаныңның өзіне
тура би боп өтесің.

Көгендеулі қозыдай
көп ініге көкесің.
Төбенді ойып жүрмей ме
төркіні жоқ төте сын?
Елең-елең етесің.
Кейбір сөзің – пәлсафа,
Кейбір сөзің – кекесін.
Көсілесің көсемдей,
Кейде жолсыз кетесің.
Сын дегенің кімдердің
Қыздырып еді шекесін?!

Көзіңді аш, Көпешім!



АҒА АЛДЫНДА

Белгілі журналист Маман Ементәевқа

Қыркүйек айы...
Күз еді.
Жыл құсы көшін түзеді.
Түлегін күтер туған жер,
Күдерін неге үзеді?!

Тәмамдап ауыл мектебін,
Қалаға осы жеткені.
Қарсы алған кеше –
көгілдір
он бесінші көктемін.

Өзі де әлі талшыбық,
Нұрына күннің малшынып,
Жауқазын жырын жүректің
төгетін гүлге тамшы ғып.

Тамшы жыр –
Тамған тамшы жас...
(Көгінде Күн боп жаншы, жас!
Аламан бәйге –
Өмірде
бәсіреңе қамшы бас!).

Анасын күтті...
Аңсады.
Сағыныш еді жақсы әні!
Арнады жырын алғашқы, –
Алдады арман – ақ сағым.

Арман-ай!
Жалған, жалған-ай!..
Жас талдың бүршік жарғаны-ай!
Жырларын жолдап газетке,
Алдына аға барғаны-ай!

«Кел, – депті аға шақырып, –
(Өндепті жырын қатырып).
Бар екен, бала, талабың, –
Ашылмапты әлі тақырып.

Өлеңің – өзің, тағдырың,
Қайыспай көтер бар жүгін.
Өшірме отын өнердің,
Жоғалтып алма таң нұрын!..»

Ағаның ізгі тілегі,
Айтып тұр оны жүрегі.
...Адалдық деген ауылда
Асылдар ғана жүреді.

P.S.
Мағам жоқ бүгін,
Жоқ ағам...
Өтсе де күндер зобалаң,
Өмірден мынау –
Мен қалай
ізсіз-түзсіз жоғалам?!

Жаны жайсаң жан ағам,
Үмітінді үзбе баладан.
Ұш десең,
кұс боп ұша алам,
Жан десең,
от боп жана алам!

ШАЛҚЫСЫН НҰРЫҢ ПЕЙІШТЕ!

*Ұшақ апатында қаза болған жиенім –
Марат Оразбаевқа.*

Тылсым ба төтен...
Қарғам-ай,
Қыршын да кеттің, арман-ай!
Ботасын бейуақ жоғалтып,
Боздап та анаң қалғаны-ай!

Қаусап та әкең қалғаны-ай,
Шықпаған шыбын жан ғана-ай!
Тұр жылап жарың, төрт қозың,
Тұрлаусыз,
Тұтам жалған-ай!

Қосағың әлі аңырап,
Тосады қарашаңырақ –
Қаңырап қалды-ау,
кұлазып,
Қатарың келмей жамырап.

Жанымды мұңлы ұққайсың,
Жанарда тұнған шықтайсың.
«Нағашы!» – деп,
Алдымнан
аңқылдап енді шықпайсың.

Шықпайсың күліп,
еркелеп,
Ертерек кеттің...
ертерек!

Өзекте – өксік,
Өрт шалып,
Өкініш оты өртемек.

Қайтейін, –
Бәрі, бәрі іште,
Періште едің...
періште,
Жәннатта – жаның,
Жарығым!
Шалқысын нұрың пейіште!

ӘЙЕЛ КҮНӘСІ

*«Бір де бір рет күнәға батпаған әйелдер бар, әйтсе де
бір-ақ рет күнә жасаған әйел жоқ».*
Халық даналығынан.

Қой терісін жамылса,
Қорқау болар қартамыс.
Жарың азып,
Жаңылса,
Тапталады ар-намыс.

Еліккенге солықтар
сайқалдың да сайқалы.
Гүлзарында солып нәр,
Өсе алмайды жайқалып.

Ашылып қап абырой,
Жүрек діңін жаңқалар.

Жар – жігіттің ары ғой,
Саф сенімін арқалар.

Бастан ұшса бақ құсы,
Жаның қалай жай табар?!
Сүйегіңе дақ түсіп,
Шаңырағың шайқалар.

Салауатты жолға кім
сала алар сайқалды?!
Жарың азса,
Оңбады...
Серік қылар шайтанды.

Түбі босқа жолама,
Түбіріңмен жалмайды.
Оған көңіл тола ма,
Сансыратса сан қайғы?!

Арлы жанды бақ сана,
Аздырмайтын ақылы.
Қанша шаңын қақса да
арсыз оңбас ақыры!..



ТЕКТИ МЕН ТЕКСІЗ

Текті жан тілектес,
Түсінер бар жайды.
Түбі бір – білектес,
Түп – тамыр жалғайды.

Арсызда сана дер
саңылау қалмайды.
Бүкірді қара жер
түзете алмайды.

Тектіні жақ сана,
Сатпайды бүгін де.
Тексізде жоқ сана,
Түңілтер түбінде!..

* * *

Көзімде мұң,
Қайтейін, жігерім – құм...
Жетесізге жем болып, жүдедім мың.
Жырым-жырым жыртылып,
Жұқарумен
жұқанасы қалғандай жүрегімнің!..

* * *

Жырақ жүріп,
Ел-жұртқа табынғанда,
Бұлақ түгіл,
жылғасын сағынғанда,
Сапар шегіп кететін саяқтайсың,
Сар самалды төске алып,
сағымды – алға.

АЛПЫСТА – ЕЛДІҢ АҒАСЫ

Сейдахмет Бердіқұловқа

Алпыс жас – асқақ шақ мынау,
«Пердесіз көңіл»¹, жоқ қылау.
Басқарып көп жыл баспаны,
Басыпты шашты ақ қырау.

«Егеулі найза»² қолында,
Ерулі ат па – жолында.
Алпыста – елдің ағасы,
Қонғаның атқа қонымды, ә!

Томдарың – жиһаз, сәні үйдің,
Шыңғыс деп Сізді ел таниды.
Баулыған футбол, спортқа
Пелесі барлық сәбидің.

Алпысқа енді келдің деп,
Артатын жүгі елдің көп.
«Білмейді жүрек ұйықтауды»³,
«Жұмыр жерде теңбіл доп»⁴.

Жаз өтіп,
Жетер күз де кеп,
«Жемісім піссін, үзбе!» деп.
Жамбылдың асыл тұяғы,
Жамбылша жасап, жүзге жет!

Мамыр, 1993 жыл.

С.Бердіқұловтың кітаптарының аттары.

БАҒБАНЫ БАЛҒЫНДАРДЫҢ

Кастек Баянбаевқа

Алпысқа келгенде ақын аянбайық:
Астына арғымағын даярлайық.
Жаяулап өтсе-дағы Жаяу Мұса,
Қашанғы жаяу жүрсін Баянбаев.

Жан-жақтан жапырағын жаяр байып,
Желкілдеп жеткіншектер саянда анық.
Балалар бүршік жарған бақша болса,
Бағбаны бұның-дағы – Баянбаев.

Алпыстың асуында аялдайық,
Аялдап алып, тағы аяндайық.
Балалар әдебиеті – болса бір үй,
Бір ұлы оның-дағы – Баянбаев.

...Білеміз: бұл қалпынды бұзбасынды,
Аламан тойда-дағы қызбасынды.
Алпысын ақынының тойлаған ел
тойласын алда тағы жүз жасыңды!



ҚЫРАНДАР ҰШАР БИІКТЕ

Қуанышбек Рымжановқа

Жабырқап,
Жүргем жұбаныш іздеп,
Жылытқан жанды
жылы ағыс – Сіз кеп.
Атыңыз өзі-ақ
тұрғандай айтып:
Сыйлайтын жансыз
қуаныш тек!

Шақырып бір от,
Алдымда – ұшқын,
Бауырындай болып,
Бардым да күштым.
Алаңдап жерде
арманда жүр ем,
Алатау жаққа
алдың да ұштың.

Шыңдарды бірдей
сүйіп пе жандар?
Үміт пе әлде,
күйік пе – Заңғар?!
Қалықтап мәңгі,
Қанаты талмай
қырандар ғана
биікте самғар!

Кіші деп, кім деп,
Кісімсіп тұрмай,

Сыр шерттің жырдай,
Күлгенің нұрдай.

Алдында – жайлау,
Ақжелең аға,
Арман не, кетсем
жорғалап құрдай!..

Өседі ұрпақ,
Көшеді ісің.
(Көңілден, нұр шак,
сен де өшемісің?!.)
Қазақы қаның,
Таза арың, жаның,
Көкшелік көп құрбыңнан
көшелісің!

Бар десе алтын,
Барады бұл жұрт
айға да іздей,
Жүргем жоқ ал мен
жақсыдан күдер
жай ғана үзбей:
Есекке мініп,
Ел есеп қуған заманда мынау
Атынан түсіп,
Алдыма тартар –
Атымтай Жомарт
қайда, аға, Сіздей!

Бекзаттығың бұл,
Һәм білігің де.
Кісілік көрсеткен –
Ірі кім де.

Тартып туған тегіне –
Тарлан шығар;
Биікте ұшқан
Қырандар ғана
қалады
өз биігінде!

«АЛМАТЫМ – ЖАСТЫҚ ДӘУРЕНІМ»

Сарғайып досым алыстан,
Самал да желден жарысқан
сағынып,
сәлем жолдайтын
сабылып жатқан таныстан:

«Келеді тербеп жастағы ән,
Желегі ерек басқадан –
Аман ба асқақ Алатау,
Алматы – әсем астанам?!

Айбатым –
Алау мәңгілік,
Айтатын дала ән қылып.
Бататын оны қимай Күн,
Ататын күнде таң күліп.

Сағындым
самал, бау-бағын,
Сағындым заңғар тауларын.
Төгілген гүлі төскейде –
төсінде талай аунадым.

Сағындым жасыл құрағын,

Сағындым жастық жыр, әнін.
Шөліркеп келіп,
Жұтсамшы
Мөп-мөлдір, кәусар бұлағын.

Қыздары
қайтіп алмасын –
қып-қызыл апорт алмасын.
Ауыздан дәмі кетер ме
алғаш бір татып алғасын.

Жеріне жарық – сәуленің
жете алмай,
Жаным, әуремін.
Алматым – жалын жастығым,
Алматым – жарқын дәуренім...»

...Сарғайып әлі алыстан,
Самал да желден жарысқан
сағынып,
сәлем жолдайды ол
сабылып жатқан таныстан!



ҚҰДАША ҚЫЗ

Құдаша қыз – қырқиік,
Қызғалдақтай қылтиып,
Кеуде тұсы бұлтиып,
Қолым тиіп кеткенде
қалатұғын бұртиып...

Қылығына қырқиік,
Жүз өртеніп, мың күйіп
жүрген талай жігіттің
көмейіне құм құйып,
Шыға келді бір күнде
келін болып құнтиып.

Қылықты қыз кешегі
қалыпты ғой сызылып.
Піскен алма секілді
сабағынан үзіліп.
Қайда кеткен бозбала
қарайтұғын қызығып?!

...Сағынтар ма
сол бір шак,
Қайрылар ма сұрасаң?
Қайда кезің – мөлдір, шат,
Қайран менің құдашам?!

Бар бойжеткен бағынар,
Өмірдің өз заңы бар:
Қыз болдың ба –
Қиылып,

Қыр соңыңнан қалмайтын
қырық жігіт табылар, –
...Қырқына да бұйыртпай,
Қағып кеткен өзінді
інімнің де бағы бар!

АЙДАНА

Алла берген Ай бала –
Аңсап көрген Айдана.
«Тәубә!» дейін тағы да,
Тәй-тәй басшы,
Тәй, балам!

– Әйәй бала – қай бала?
– Аппақ бөпем – Айдана.
Сендей бота бар ма екен
жер бетінде, қайдан, ә?!

Айналайын Айдана,
Ай ма жүзің,
Айна ма?
Сендей бөпе таппадым
әлемді жүз айнала!

– Күміс – өзің,
Алтын да,
Әлдиімді, ал, тыңда.
Періштесің,
Дәл осы
бейкүнә, пәк қалпыңда!

Көрдiк сенi – аңсап көп,
Көкендi жүр қарсы ап тек.
Сергiп қалсын бiр сүйiп,
Жұмысынан шаршап кеп.

...Тәй-тәй басшы,
Тәй, балам,
«Тәубә!» дейiн қайтадан.
Тәбәрiгi тәңiрдiң –
Айналайын Айданам!

САҒЫНЫШ

1.

Мен сенi сағынамын –
нұр жүзi жұлдызымдай деп.
Мен сенi сағынамын –
қырмызы құндызымдай деп.

2.

Сағынам күнде аландай,
Сағат сайын көргiм кеп.
Сағынам бiрде анаңдай
айды алып бергiм кеп!

Тiледiм сенi тәңiрден:
«Жаратқан ием,
жақта!» – деп.
Сақта тек жала, жәбiрден,
Тiл-көзден және... сақта тек!

3.

Атаң – берік қамалың.
Әжең беріп тамағын,
Ағаң күнде ойнатып,
Апаң түнде бағатын.

Тәтең жасап көмегін,
Дегеніңе көнетін.
Бәрі, бәрі, бәрі де
сені жақсы көретін.

Кешке...
Кө-ке-е-ң келгенде,
Есікті ашып енгенде,
Бәрін, бәрін...
Әттеген!..
«Сатып» кеттің сен демде.

Соған сана, жетер ме ой?!
Сағынсақ та, – бекер ғой:
...Бала деген –
әкенің
бауыр еті екен ғой!

4.

Жұбаныш – жайлап жүргенің,
Жолдың берсін түзігін.
Қуаныш – ойнап-күлгенің,
Құлыншағым, қызығым!

Алыста анаң,
Ай ауды,
Аңсайды сені қайда да.
Арайлы қыз бол, аяулы,
Айналайын Айдана!

5.

Анамды сағынғанмын, –
Тағдырға бағынғанмын...
Тілеумен саған бақыт
Тәңірге табынғам мың.

Келсінші,
Келсін анаң!
Сен күлші –
күлсін ғалам!
Аман да жүрсін көкең,
Анаң да жүрсін аман!

Күнсің бе?
Гүлсің бе сен!
Күлші тек –
күрсінбес ем!
...Ай, ғалам болсын аман,
Айданам жүрсін есен!



КӨК ДӘПТЕР

Баланың шын бапкері,
Шығып ақ тер, көк тері,
«Данашымның, –
(сыртына)
деп жазыпты – дәптері.»

Асық едің, кемел ең,
Ана жаны, не деген?!
Дана болып өссін тез
дегені ғой немерем!

Оқитындай ол біліп:
(Өсіп, үлкен бол жігіт!)
Өне-бойын қойыпты
өлең-жырға толтырып.

Бала – барлық пейілі,
Ана – жүрек, ей, ұлы!
...Өлең емес,
Көк дәптер –
екен көлдей мейірі!



АТАСЫ МЕН ӘЖЕСІ

Атасы – мият, қамалы,
Әжесі – білім, сабағы.
Ағасы күнде ойнатып,
Апасы түнде бағады.

Тәтесі көмек береді:
Үнемі шашын өреді.
Айдананы үй-іші
түгел жақсы көреді.

Атасы:
Немерем – жан бөбегім,
Сәл көрмесем, сағынам.
Сондықтан да мен оның
ұзамаймын жанынан.

Әжесі:
Көкесі кешке келгенде,
Есікті ашып енгенде,
«Сатып» кетті, әттеген,
бәрімізді ол демде.

Көкесі оған бөтен бе,
Айдәске жан жетер ме?
...Бала деген –
Әкенің
бауыр еті екен де.

«Қалды ма, – деп Айдана, –
мені әжем жек көріп»,
– Әже! – деп кеп жай ғана
құшағына кетті еніп.

Әжесі:
Алыста анан,
Ай ауды,
Жүр-ау сені сағынып.
Сен де, қалқам, аяулы
анашыңның жанын ұқ!

Атасы:
...Бақытың шақырады,
Уақытың – алып-ұшқан.
Жанымның Жапырағы,
сарғайма Сағыныштан!

БІР КӘДЕҢЕ ЖАРАСАМ...

Бірлік Қалабаевқа

Бірлік бауырым,
Бірегейім,
Біліктім!
Бір көргеннен сені танып, біліпін.
Жарқын жүзің жылыұшырап,
Тұрғандай
жан жүрегін жайып салып жігіттің.

Көңілің ақ,
Көзіңде тек күліп Күн –
Өшпес нұры секілденіп үміттің,
Жамалыңнан жылылық бір төгіліп,
Жанарыңнан жанашыр бір сыр ұқтым.

Сыйлағанның мен-дағы бір құлынан,
Жыр-отыммен жүрегіңді жылытам.
Ағайынның,
Ағайымның орнында
жүргеніңді қалай бүгін ұмытам?!

Сүйінгенім,
Сүйенгенім – сен едің,
Суға кетсем,
Сен – құтқарған кеме едің.
Құлағанда бәйтерегім,
Алдымен
қолтығымнан өзің келіп демедің.

Есті әлі...
Медеу... Ақсай... «Арасан»...
Желдей жүйрік уақыт шіркін, қарасам.
... Бәрін айтпай,
бірін айтсам, Біреке:
Арманым жоқ –
бір кәдеңе жарасам!



ЖАНАРЫҢДА – ЖАС КҮНІМ

Базарбай Кәкеновке

Жанарыңда –
Жас күнім, жаз айларым,
Бауырыммен,
Барыммен базарлайын.
Армысың, оу, Ақандай ақтангерім,
Бармысың, беу, Біржандай –
Базарбайым!

Жалқым, серім...
Жарқыт, шат – базардайын.
Жанның шерін
жарқылдап жазар дәйім.
Сылаңдаған Сәкендей сұлу мұртты,
Бұлаңдаған бұландай –
Базарбайым!

Жақсы жайлы
жалықпай жазарым көп,
Таразың – ел,
Тұрса жұрт таза арың деп.
... Тарта ма сый,
Алғы күн арта ма сын, –
Тарқамасын той-думан,
Базарың тек!



АРШАТ

(Әні бар)

Аспандағы Күн – біреу,
Ай жалғыз деп жүр біреу.
Ауламызда, ал, мендей
Аршат атты ұл – біреу.

Қайырмасы:

Атқан таңды қарсы ап,
Ақ тілекпен жар сап,
Атам азан шақырып
қойған аты – Аршат.

Қолдап бәрі атандым:
Қолқанаты атамның.
Ботақаны мен әрі
Ауылдағы апамның.

Қайырмасы.

Бүгін балаң – ботаңдай,
Ертең – жігіт атаңдай.
Алғыр, батыр боламын
Абылайхан атаңдай!

Қайырмасы.



АҚЫН МЕН ӘКІМ

Төрт жыл бұрын сіз – әкім;
Төрт жыл бұрын бір ақын
туған жерге көтеріп
келген еді кітабын.

Жүргенмен ел шын жұтап,
Кетті өтіп жыр – кітап.
Әкімді жұрт сыйласа,
Ақынды, ал... пір тұтад!

...Көңілдегі сызатты-ай!
Кеткем содан ұзаққа-ай, –
«Көмек бер» деп мен айтпай,
«Келе ғой» деп сіз айтпай.

Өкпелер кім ол үшін,
Өлең жазу – борышым.
Қолда билік тұрғанда
хан да берген қол ұшын...

Қызмет жоқ өмірлік,
Әр қиырдан көріндік.
...Көмек емес,
Кітапқа
керек енді көрімдік!



ДОС КЕЛГЕНДЕ

Досқа деген сый қандай,
Пейіл қандай!
Құрбымен құрған сауық,
Сейіл қандай!
Жаның шыдап, Файзолла-ау, қалай жатсың,
Дос келгенде Көкшеден Сейілхандай!

Сәлем беріп келейік Сейіл досқа,
Көрсетелік ықылас, пейіл досқа.
Төбемізге көтеріп қарсы алмасақ,
Қалып жүрер
қалтқысыз көңіл босқа.

Сейілхан дос
Сабылып пәлен жерден,
Сағындырып,
Сарғайтып әрең келген.
...Алты жасар балаға
(Алыстан ба?)
алпыстағы шал барып сәлем берген!



ӨМІР ОСЫ...

Әнәтияға

Он жыл болып парталас,
Он жылдан соң табыстық.
Өмір осы – жанталас,
Көңіл осы – әлі ыстық.

Қасыңда бар жан-жарың,
Құшағыңда – бал бөбек.
Жарық болып жан-жағың,
Атсын күліп таң бөлек!

Сырласармыз жайлана,
Айтылар сан жыр-аңыз.
Оңтүстікке –
Жай ғана
жекжат емес,
құдамыз.

Ауылымның қыздары –
Айнакөлдей тұнық-ты.
Алатаудың мұз, қарын
алауымен жылытты.

Көкшетаудың қыздары
көрікті де қылықты.
Түздің тартып тұз-дәмі,
«Шудан» келіп шығыпты...

... Өтеген-ау!
Күніміз
өтіпті ғой құйындай.

Өзіміздің гүліміз
өзімізге бұйырмай.

Өтер ме
өмір қырмызы –
өңі кеткен бұйымдай.
Оңтүстіктің бір қызы
солтүстікке бұйырмай?!

...Тілек көптік етпейді,
Құтты болсын қонысың!
Құдай өзі еткей-ді
қуанышқа толы ішін.

Ақ бокалдар сынғырлап,
Әуелесін әсем үн.
Ержетсін
ай, күн зырлап,
Ілиясың, Әселің!

Той бола ма тарқамас,
Қоштасып,
Қол алыстық.
Өмір осы – жанталас,
Көңіл осы – әлі ыстық...



ЖЕТПІС ДЕГЕН...

Жұмат Тілеповке

Сәбидейсіз –
Батпаған еш күнәға,
Дарын нағыз,
Ғалым да – Сіз, Жұмаға.
Жыр-бұлақтан сусындаған жан қанша,
Шөлдеп келіп, бас қойғандай тұмаға...

Жүйрік – Сіз, аяғына жем түспеген,
Жетпісте де атынан Ер түспеген.
Кеше – теңіз пейіліңіз,
Бүгін – мұхит,
Көсегеңіз көгерсін Жетпіспенен!

Қыз өсіріп –
Базардың нарқындай бір,
Ұл өсіріп –
Үкілі, алтындай кіл,
Желіп өтіп белдер мен белестерден,
Жетпіске де келіпсіз алқынбай бір.

Ақеділ – Сіз,
Ақжарма, данадайсыз.
Дархан жүрек,
Даңғайыр даладайсыз.
Жиені ме деп қалам Жиреншенің,
Аңқылдаған және аңғал баладайсыз.

Сыншы да – Сіз,
Қалт айтпас қазы да – Сіз,

Қаламымен кен қазған қазынасыз.
Жетпіс деген –
Көңілдің шаңқай шағы,
Жетпіс деген –
Өмірдің жазы нағыз!

Жетпіс деген – уақыттың бесіні ме,
Бөлейтұғын бағыттың бесігіне?!
Жарқын қылып Жаратқан жүзіңізді,
100-дің қағып жетіңіз есігіне!



ӨРГЕ ЖҮЗ ТОЛҚЫНДАРМЕН

Кәрібай Дүсіріповке

1.

Бауыр болған,
Тәуір болған, досым-ай!
Қимай... қимай
қоштасамыз осылай.
Жығылмасын
тіккен туың іләйім,
Құламасын қосың-ай!

Үкілеген
үлдем де едің,
бұлдем де.
Бүлдіргінің
бүлдірерін білгем бе?!
Ой-хой, дүние!
От басар деп сен, сірә,
ойлап па едім,
ойнап-күліп жүргенде?!

Беу, базарым!
Салтанатым!
Серім-ай!
Құлағымда –
құмыр әнің сенің-ай!
Қамыққанда –
Қолдай жүрсін қыдыр-дос,
Жабыққанда –
Жебей жүрсін елің-ай!

2.

Беу, досым!
Бауырласым!
Бақытың, бағың басым.
Елуін берген Құдай
жүзден де жаңылмасын!

Елуің – бір белесің,
Көңлің кірлемесін.
Көкшетау елі ертең:
«Кәрібай кім?» – демесін.

Әйгілі атың бүгін,
Атыңнан – әкімдігің.
(Әкімді бәрі таныр, –
Танысын ақынды кім?!)

Биігің,
Белесің де,
Білігің – ел есінде.
Өрге жүз толқындармен
өмірдің кемесінде.

Ардағым – «шәй» деспеген,
Алда асу бар кешпеген.
Қызығын көрсетсін тек
қыз, ұлың әлпештеген!

Желбіре,
Жай да гүлің,
Жетіп қал айға бүгін.
Аялап жүрсін мәңгі
аяулы Айнагүлің!

Ән-жырың – таңдайыңда,
Тағдырың – маңдайыңда.
Біржандай даусың жарсын
Бурабай баурайын да.

Жай келмес бақ, тегінде,
Жұлдыз-от жақ көгіңде.
Тамаша той жасай бер
«Тайынша» қақ төрінде!

АҚАНДАРДЫҢ СОҢҒЫСЫ

Серік Тұрғынбековке

Бір ағамның өзіндей,
Сырағанның көзіндей.
Құлағына ілмейді
сынағанның сөзін кей.

Түбіт иек кезіндей,
Түн баласы көз ілмей,
Түнқатады түлкідей
түк сыбысы сезілмей.

Азаматтың өңдісі,
Алаштағы шоң кісі.
Ақындардың серісі,
Ақандардың соңғысы!

1. Сырбай Мәуленов.

АЛПЫСТЫҢ КЕМЕСІНДЕ

Аманбай Қасымұлы Жұматаевқа

Алпыста алтын аға – Аман аға,
(Әлі алпыс асуға бар шамаң, аға.)
Қазанат тарта берер,
қарамастан
зулаған жылдарға да,
заманаға!

Алқынбай,
Асқарлардан әрі асады,
Арулар әлі қимай қарасады.
Ақ қырау самайдағы қандай әсем,
Ақша қар Алатауға жарасады!

Сіздікі –
сияпат та,
сый деген де,
Сұлуды кім сүйер Сіз сүймегенде?!
Қырандай қанат жайып қалықтайсыз
қыздармен күйкылжыта билегенде!

Жатың кеп –
Шөлін басса қаталаған,
Жақын көп –
қолтығынды паналаған.
Отыз жыл басқарғанда бар банкіні,
отыз сом жеп көрмеген Адал ағам!

Ағаттық,
кетіп жатса қате бізден,
Аумаған –
ақылшы, асыл әкемізден.
...Алпыстың кемесінде алысқа жүз,
Ақ желкен – Орынбасар тәтемізбен!

АПАЛАРЫМ

(Балалық шақ ізімен)

Шалғай тым...
Жалын құшқан қапа – жаным,
Сарғайдым
сағыныштан, апаларым!
Сендерсіз сары аязда тондым қанша,
Сендерсіз шөлде қанша қаталадым?!

«Налыма,
Жалғызбен деп жабырқама,
Тағдырдың жазғаны сол, пақыр бала», –
Кеткенде сендер ұшып жат ұяға,
Құлазып,
симадым төрт қабырғаға.

Сендерсіз сарсаңда өтті сан айларым,
Сендерсіз күліп атқан қалай таңым?!
Ауылдан аттанарда алғаш рет,
Жаутандап, артыма көп қарайладым.

Елжіреп әке де
енді тоспас ұлын,
Ел жүдеп,
есендесер дос та аз бүгін.
Ат басын тірейтұғын алыстан кеп,
Беу, менің қасиетті қос қазығым!

Қос жұлдыз кеудемдегі!
Қос алтын ба?!
Қоса алмадым жырыма...
Қоса алдым ба?

Қас алдында асырып айбынымды,
Мерейімді көтерген дос алдында –

Сендерсіңдер –
бағым да, барым менің,
Сендерменен
бір жаным, қаным, демім.
Өзім әке болсам да, –
Өздеріңсіз
балапанның халіндей халім менің.

Өзендей –
өздеріңсіз жағам солып,
Қайнарым – сендерге кеп,
қалам толып!
Анамдай алыс жолға шығарып сап,
Алаңдай күткен сендер – анам болып.

Қорғайтын сендер мені – қорғасаңдар,
Қолдайтын сендер ғана – қолдасаңдар.
...Жалғызбын деп,
жорта айтар едім кімге,
Еркелетер... өздерің болмасаңдар?!



ТАНЫП ЕНДІ ҮЛГЕРДІМ

Қайратқа

1.

Наз ғып айтып сырымды,
Нағашым деп келіп ем.
Жалғайтын ой, қырымды
жақыныма теліп ем, —

Танып бүгін үлгердім:
Алшақтығын араның.
Тамшысындай гүлдердің —
тамып жасым барамын.

...Нағашы деп келмей-ақ,
Туғаным ерсем ед;
Тамағыңды бермей-ақ,
Қабағыңды берсең ед!..

2.

Текті ұл —
(Таны, таныма)
тартып туар қанына.
Ақ түссе де шашына,
дақ түспесін жанына!..

Әкіммін деп тасынған, —
Ақынға кеп бас ұрған.
...Тақ пен билік — қол кірі,
Бақ таймасын басыңнан!

ЖАМБАС ПЕН ОМЫРТҚА

Қадырбек бажама

Сыйын да – үйме табақ көз көріп ед,
Салам деп жолға сарқыт сөз беріп ед, –
Шіркін-ай, жатыр ма екен біз кеткен соң,
Жамбас пен омыртқаны...

өздері жеп?!

Астана, 15.07.2003.

ӨМІР – ӨЗЕН

Өтегенге

1.

Өз інімдей Өтеген,
Сөз, үнімдей Өтеген.
Қыз бен карта ойнының
көзіріндей Өтеген.

Өз ағамдай Өтеген,
Әз адамдай Өтеген.
Табиғаттай жаның да
таза қандай, Өтеген!

Әйел заты дегенге
аса мерген Өтеген.
Ақ жүрегін әлемге
аша келген Өтеген!

2.

Топекеннің ұлы едің,
Топқа қосқан жасыңнан.
Тоба қылып жүретін
торғай ұшса басыңнан.

Талаптанып шығып ең
«Талап» деген ауылдан.
Қанаттанып шынымен,
қаймықпадың дауылдан.

Басымыздан өтпеді
не бір кезең, Өтеген.
Өткелі көп,
Өтпелі
өмір-өзен, Өтеген.

Толқынымен таластық,
Талай кештік тереңді.
Тастап артқа, әрі астық
талай қырды, беленді.

Өзіндей гүл жігітті
Елуде деп кім айтар?
Алпысты кім біліпті,
Бар ма кезі мұнайтар?!

3.

Қайда да әзір ас бүгін,
Қадірің бар қай үйге.
Жиырма бес жыл –
жастығың
беріп кеттің МАИ-ге.

Беріп бәрін,
Ал, бірақ
бір тиын да алмапсың.
Адал термен мал құрап,
Артта және қалмапсың.

Адалдықпен сүйкімді ек,
Жақсыға жан аши ма:
МАИ берген сый-құрмет –
майорлық пен машина.

4.

Досы үшін тік тұрып,
Жолдас үшін жан берген.
Туыстықты ұқтырып,
Тауып алған әр жерден.

Бәрін жинап, жеткізіп,
Бәрін сыйлап досындай
жүретұғын бек жігіт
беу, Өтешім осындай!

5.

...Келер күннен, қызықтан
күдерінді үзбе тек.
Жамбылды да қыз ұққан:
«Жаным нұры Сізге!» – деп.

Жамбылдай бол... жүзге жет!

6.

Өтеген-ау, Өтегенім!
Өте таза, өте керім.


«Көкше» таудай биік бол», – деп,
Көкке сені көтеремін.

Өтеген-ау, Өтегенім!
«Өтешімсің» деп өтемін.
Қалың қолдай шеп екенмін,
Өзіңменен көп екенмін.

Досқа деген жаның қандай,
Тік тұрасың жаның қалмай!
Адасқанға –
ақ жүрегің
алау болып жағылғандай.

Алпыс бесің – бір белесің,
Ақсақал боп түрленесің.
Тоқтатқанда ГАИ–МАИ:
«Топиұлы кім?!» – демесін.

Өмір кімді әлпештеген,
Тағдыр бар ма ер кешпеген?!
Бал қызыққа бата бергей
Бақытжаның, Еркешпенен!



ОЙ ТАМШЫЛАРЫ

Үр қызымен бірдейсің,
Үлбіреген гүлдейсің.
Күлме десем, –
мәз болып,
Күлші десем, –
күлмейсің.

* * *

Ысынарсың, мұздарсың,
Шілде, қаңтар – қыздар шын.
Сәуір болып келші, Сен,
Қызғалдақ-жыр
бүр жарсын.

* * *

Ажарыңның айбыны-ай,
Ақылыңның айқыны-ай!
Алақанға қонасың
аққуым боп қай күні-ай?!

* * *

Жаңа ғасыр...
Өмір – гүл,
Жапырағын жаяды.
Көктің жүзі – көгілдір,
Көңіліміз – баяғы.

* * *

Қайда сен жүрсің,
Көрінбей көптен, ақ құсым?
Ұяңнан безіп,

Кеттің бе бөтен жаққа ұшып?
Жоқпысың мүлде дүниеде мынау,
Әлде сен –
бір күні келіп басыма қонар бақысың?!

* * *

Тіс жармай-ақ,
сырласпай-ақ толық бір,
Тіл табысып,
тоқайласқан толып жүр, –
Әлде қалай болар екен дегенге,
Әлдекімдер әлдеқандай болып жүр...

* * *

Қайырылмас қапысы көп бала кез де
жаныма кетіпті сан жара салып.
Қадалған сайын
қайран қара көздер,
барам ба таудай шөгіп, аласарып?!

* * *

Көруге – көз керек,
Теңеуге – сөз, демек.
Бәтір-ау!
Бұл бейне
бәрінен өзгерек!

* * *

Өкінем өткен үшін мың,
Қысылмас жерде қысылдым.
Иіліп келіп ал енді
киелі жырды ұсындым.

* * *

Тал бойыңды таңертеңнен түзетіп,
Тап қасымнан күлімдейсің жүз өтіп.
Темір есік күзеткенше, –
Тұрсам ғой
жүрегіңнің күнде есігін күзетіп!..

* * *

Түлер күні, –
түңілдім.
Түнерді түн,
Түріндім.
Түндігінен аспанның
түңғиыққа үңілдім.

* * *

Анашым!
Асыл анашым!
Дарасың,
Дегдар,
Данасың.
...Тау-анам!
Тауып айтсам сөз:
Хауа-анам – өзің ғанасың!

* * *

Есіл бойы...
Тымық түн.
Тыныстадым, тынықтым.
Тылсым сырын тымықтың
Тұла боймен ұғыпшын.

* * *

Алтын-арман,
Ән-ғұмырым!
Алауындай таң нұрының.
Жырым болып жетсін деймін
жан дауысым – жаңғырығым!

* * *

Жүк түсіп жүрекке,
Бүк түсіп...
жүдеп те,
Жетсем деп жүріппін
жеткізбес тілекке.

* * *

Кейін ұқтым сөзінді:
«Қиялға ақын көп бейім», –
Қиялдаумен өзінді,
Қияли боп кетпейін!..

* * *

Баурағандай сөзі бірден,
Жаулағандай көзі күлген.
Сүйдірсе де,
Күйдірсе де,
Бүлдірсе де... өзі білген.

* * *

Туған жерім,
өскен елім –
тынысым,
Ырысым – сен,
ұлығым да,
ұлысым.
Тілегімнің
мөлдірісін
мөлт еткен,
Жүрегімнің
жарып шыққан
жырысың!

КҮН – КЕРУЕН

Кел,
Кел,
Күткен кел, Күнім!
Енжар неге ел бүгін?!
Қаңбақтаймыз –
қонарға
жер таппаған желді күн.

Әр жүректе бар талас,
Ән де бүгін мұндылау.
Өмір мынау –
жанталас,
Көңіл мынау –
мың құрау.

Қай заттың да құны әзір, –
Жазғаның тек –

жалғандай.

Өлең – жетім құлазыр,
құла түзде қалғандай.

Өтті түндер –
сергелден,
Өтті күндер –
құйындай.
Өмірің де өзгерген
өңі кеткен бұйымдай.

Алға тартып күн – керуен,
Асықтырар ай,
жылдар.
Адастым ба,
гүл терген
аңғал кездер, айтыңдар!

Айт ашығын,
айт, өмір!
Ғашық жанмын гүлдерге.
Асық болдым, әйтеуір,
ашық-жарқын күндерге.

Серке-көңіл
сенеді:
Табардай жол түн қатып.
Алдап үміт келеді,
алдан күт деп...
бір бақыт...

* * *

Ауырды көтерер
Аруана – жүрегім.
Қарызым өтелер,

Қорған боп жүр, елім!
Тұншығар,
Тыншығар
азалы жүрегім.
Азғынға кім шыдар,
Аздым да жүдедім...

Заманға не дейін,
жақсыға зар қылса.
Жаманға не дейін,
жырттылып артылса.

Көзімді қайтейін,
көл – жасын төксе егер.
Өмірді қайтейін,
өксумен өтсе егер.

Тағдырға не дейін,
талқыға салса егер.
Өзімнен көрейін,
өзегім талса егер.

Жау болса, –
күлмегін,
жан досым нық сенер.
Жақын деп жүргенім –
жат болып шықса егер.

Асыл деп алғаным –
арзымас мыс болса,
«Ұлғайып арманым»,
у – шерге іш толса.

Тірлігім –тозағым
тірідей салса отқа,
Темірдей тозамын, –
Сап, көңіл!
Сәл тоқта!..

Шаман бар
шынды алар,
болсаң да жолсоқта.
Төзімің шындалар
төселіп сол шоқта!

АЛТЫН БЕСІК

«Кеттің салмай аттың ізін елге сен,
Керегің жоқ енді биыл келмесең», –
деп достарым әзілдейді,
Мен-дағы:
«Барармын бір – деумен келем, – өлмесем».

Барармын бір...
Барармын бір елге мен,
Алтын бесік, білген жанға, ел деген.
Көз алдымда – әр төбесі,
әр тасы,
Көз алдымда бел,
белесі көлбеген.

Көз алдымда –
өр,
қиясы,
кезеңі,

Кімге де ыстық өскен жері, өз елі.
Көз алдымда – «Керегетас»,
«Қарашың»,
«Ақанборлық» – аққан жәймен өзені.

Көз алдымда –
Анам жатқан қыр-белес,
Гүл-белесте бұлдырайды бір дөңес.
Алаң болып жүргенімде жол түспей,
Анам болып әлдилейді нұрлы елес.

Ақсақалдар –
Өмірі – жыр, өнеге,
Аққулардай аз-ақсындар, о, неге?!
Тағзым етем өздеріндей –
Қазақтың
тарихындай көзі тірі – көнеге.

Көкжелектей
келеді өсіп көп інім,
(Көп інімен көрікті ғой өмірің.)
Қырын қарап кеткеніммен қай күні,
Қалдырмағам бірінің де көңілін.

Күндер де өтер
аққан судай ұрлана.
Гүлдер де өнер
әлі талай ырғала.
Сағымдайын елес беріп жастық шақ,
Сағындырар сонда сол бір...
бір бала...

«Кеттің салмай аттың ізін елге сен,
Керегің жоқ енді биыл келмесең», –
деп достарым әзілдейді,
Менің де
елжірейді ет жүрегім ел десем!..

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Жүйрікпен жортсаң далада,
Жұлдыздай зулап аққайсың.
Қайырылма артқа,
қарама,
Бөгесін бұдан таппайсың.

Кеңістік.
Жасыл жазықтық.
Осыдан артық не керек?!
Қазақтың әні –
жарықтық
кұлақтан кетпес керемет!

Аттанып, міне, барамын,
«Өңір – гүл,
қазір өмір – нұр.)
Көңілде –
жыры даланың,
Көзімде –
қыры көгілдір.

Жаңа әуен алып
ағынды,
Кеудеден шалқып ұшты әнім.

Тербейді жиі
жанымды
аяулы Қазақстаным!

КӨКШЕТАУ

Сәкен сенде өрген жырын,
(Көркінді кім көрген бұрын.)
Гүл жайнаған өлкем бүгін –
Көкшетау!

Сенде – сұлу өңір сәні,
Сенде – астық,
өмір дәні.
Сенде – жастық көңілді әні,
Көкшетау!

Сенде жайған өркен,
бүрін
Көңілімдегі көркем жырым.
Өңірімдегі көктем гүлім –
Көкшетау!

Сенде – шаттық,
думан шағым,
Сенде – қызық,
қуғам сағым.
Сол бір нұрлы күнді аңсадым,
Көкшетау!

Ойымдағы қуанышым,
Бойымдағы бұла күшім.

Көңіл нәрі,
өмір мәні –
Сендік бәрі,
Көкшетау!

Жәннатым сен,
мақтаным да,
Жырға қосам ақтарыла.
Бұлбұл сайрап бақтарыңда,
Гүл-гүл жайна,
Көкшетау!

* * *

Төбемнен аппақ нұр төк те,
Шырқатып алшы бір көкке.
Назым бар –
әлі айтпаған,
Жазым бар –
алда гүл-көктем.

Жырым бар –
ешкім жазбаған,
Отым бар –
енді маздаған.
Оң сапар тіле ұлыңа,
Анамдай дархан өз далам!



ҚОШТАСАРДА

Қаншамыздың көкірегімізге гүл ектің сен,
Қарлығаштарыңды
құшағыңнан сан түлеттің сен.
Қоштасар сәтте көздерден шық боп үзіліп,
Жүректерде махаббат болып дір еттің сен.

Өңірдің нәрін,
өмірдің сәнін ұсындың,
Өзіңе алғыс айтамыз сол үшін мың.
Сонау бір күзде сарыүрпек балапаның ем,
Сонау бір жылы ұяңнан ұшқан құсыңмын.

Сен жаққа дәйім асығып тұрам жеткім кеп,
Космостық мынау жылдамдықпенен,
екпінмен.
Қанатым алғаш қатайып барып,
өзіңнен
қияға қарап қалықтап ұшып кеттім мен.

Жыл, айлар жылжып...
зымырап қанша өтер күн,
Қанатым талып,
қиянда қалсам – не етермін?!
Сағыныш шіркін
шыдатпай бір күн, сақарам,
құсың боп қайта саңқылдап ұшып жетермін!

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚҰШАҒЫ

Туған жерге теңеу таппай бөгелем,
Шимайлаппын талай қағаз беттерін.
Жүрегімде жатталыпты көп өлең,
Сағыныштың сан ұшырып кептерін.

Балалықтың өтті-ау сонда базары,
Сонда өтті көктем болып
күзім де.
Қайғы-қамсыз бал күндердің ажары –
Аңғалдығым әлі жатыр ізімде.

Үйреніппін сонда алғаш күлуді,
Күліп келем, –
күрсінуім жоқ әлі.
Биікте де үйреніппін жүруді,
Тұрмасам да өзгелерден жоғары.

Болса-дағы қаншама алыс,
қашықтық,
Ауыл жаққа құс боп көңіл ұшады.
...Бар перзентін қойған мәңгі ғашық қып,
Қасиетті-ау туған жердің құшағы!



ӨЗІҢСІЗ

Өзіңсіз, туған жер,
суы жоқ шөл екем.
Өзіңсіз, туған жер,
қуы жоқ көл екем.

Өзіңсіз күндерім –
күн емес,
түн екен.
Өзіңсіз түндерім –
түнекпен бір екен.

Өзіңсіз күлкім де –
күлкі емес,
шер екен.
Өзіңді кім-кім де
Дер:
«Жәннат жер екен!»

Өзіңсіз, туған ел,
нуы жоқ жер екем.
Өзіңде, туған жер,
бақытым,
берекем!



ТОСЫРҚАП ҚАЛА МА ДЕП...

Туған далам!
Төсінде аунасам деп,
Гүлдеріңнен қырмызы аумасам деп,
Көктем сайын құс болып,
жиі келем
көкейінде ұмыт боп қалмасам деп.

Тұрса-дағы ақпаның қалай үдеп,
Перзентіңнің жатқанда талайы кеп,
Елейін бе суықты,
мен де келем
аязыңмен тыныстап алайын деп.

Құдіреті бар сенде
бір күйдің сергек,
Жер жәннатын көңілге түйдім сен деп.
Сақарам-ау!
Мен саған сапар шегем
самалыңа бетімді сүйдірсем деп!

...Жан сырымды
жалғанға санама тек,
Дамылдаймын мен ылғи далама кеп.
Жолым түспей кетсе егер,
алаң болам
туған далам тосырқап қала ма деп!

* * *

Сағынтар көрмегендей көптен бері –
ой-қыры туған жердің,
өткелдері.
Қол бұлғап шақырады
сонда қалған
өмірімнің балауса көктемдері.

Сағынам
сар самалды дала таңын,
Шырқатқан қиялымның балапанын.
Сағынам
шау тартқан шалдарымды,
әжелердің – әжімді алақанын.

Сағынам
бас білмеген бала күнді,
(Шіркін-ай, сағындырмас дала кімді!)
Сағынам
түздің сонау ақ жауынын
жүгірген түріп алып балағымды.

Кеудемде көк құрағын басып тұрып,
Ойнап кеп кетер ме едім асық құрып.
Осынау сағыныш қой
мені дәйім
жүретін туған жерге асықтырып.

...Мені көп шақырмандар, таныс белдер.
Таныс белдер!
Тарықсам – намыс, дем бер!
Сендар жаққа
Сеніндер, оралам бір,
жақын дендер,
о, мейлі, алыс дендер!

* * *

Тұнығым!
Тұңғыш жырым,
әнім – далам,
Тұрасың жанарымда,
жанымда әман.
Бір шөкім топырағың – бойтұмарым,
Алтыннан қымбат түйір дәнің маған.

Тербелген ақ бидаймен сағым далам,
Жан бар ма жазираңды сағынбаған?!
Алыстан аңсап сені
жеткенімде,
алдымен қолыма аппақ наныңды алам.

Сенде тек
таптым аппақ дос ниетін.
Сенде – ерлік,
сенде – елдік қасиетім...
Нәр алған топырағыңнан
мен де гүлің,
мен де ұлың – нан-тұзыңа бас иетін!

* * *

Туған жер!
Табиғатың сұлу қандай,
Томсарған тау-күзыңда жылу бардай.
Бір уыс топырағың ыстық маған,
Мен үшін бір ұрттаған суың балдай.

Шоқтығын шындарыңның сүйіп бұлт,
Қараймын келбетіңе ұйып тұрып.

Төменге қырандарың қонбау үшін
қойдың ба
тауларыңды биік қылып?!

МАРАЛ МЕН АҚ ҚАЙЫҢ

Табиғат күдіретіне қара мына:
Қалыпты орман мүлгіп,
дала тына.
Әу баста ақ қайыңдар жаралғандай
жарасып тұру үшін маралына.

Сыбдырлап қалың жыныс жас құрағы,
Елітіп жұпарына,
мас қылады.
Адасып үйірінен қалды ма екен,
Мөлтілдеп жанарына жас тұнады.

Деймін мен:
«Беу, маралым, батпа уайымға,
Қанып қал құлдырандап шатты ойынға.
Шарқ ұрып,
ұзай алмай жүр ме екенсің
серік боп әлде осынау ақ қайыңға?!»



АЙНАКӨЛДЕ

Төсін тіліп толқынды көл бетінің,
Құлпырады қыз-аққу келбеті мың.
Қаққандай-ау
таңдайын табиғат та,
Тапқандай-ау
бір сәтке жел де тыным.

Ақ маржанға малынса бұла мүсін,
Саған қарап тамсанып тұрады шың.
...Сұлулықтың тәңірі –
сол ма дерсің,
сол ма дерсің –
жырдың да бұлағы шын?!

АҚҚУЛАР

Ақ сәулеге құмартып қалатынмын,
Ойнаса көл үстінде айнадайын.
Айналдым сусылынан қанатыңның,
Сұңқылынан үніңнің
айналайын!

Сұңқылыңнан бір сырды сезе алдым ба,
Бәлкім, ол – өксігенің емес пе екен?
Сендерді көргенімде,
көз алдыма
өзімнің аққуымды елестетем...

КӨКШЕ КҮЗІ

Көкпенен сөгіп көбесін,
Көкшенің кербез алабы,
Өлкенің
күмбез төбесін
ақша бұлт кезіп барады.

Көкшенің бойы –
көк орман,
Қарақат пісті мөлдіреп.
Айналаң – жұмақ,
жоқ арман,
Аймалар сүйіп жел жібек.

Көкшетау –
көзі көненің,
Оқжетпес бейне төре шың.
Айшықтап соққан бедерін
ғимараттарын көресің.

Элеватор –
мына ара,
Не деген үйлер зор,
алып!
Шынардай теле-мұнара
Бұлттарға қалған оралып.

Қыр төсін тұтас гүл басқан,
Тербеген
ерке самалы.
Шуағын төгіп нұрлы аспан,
Құлпырта түсті даланы.

ЖЕР ЖӘННАТЫ

Көкшетау – жер жәннаты,
көріктісі.

Көңілі тояды екен
көріп кісі.

Көктемде қайта түлер қыз –
Бурабай,
Көз жауын алып
кербез көрік-түсі.

Көкшетау – жер шоктығы,
сүйіктісі.

Шымшылар аязымен сүйіп қысы.
Қыраны ұя салар Оқжетпеске,
Қиялай шыңда ұшар –
биік құсы.

Көкшетау – жер ұйығы,
гүлзар бағым,
Көгінде қиял құсым –
жүзді арманым.

Сағындым ойы-қырын,
өзен-көлін,
Сары алтын секілденген
күзгі орманын.

Беу, Көкшем,
сұлудайын сылаңдаған,
Сыртыңнан бір көруге құмарланам.
Арнайы ат арытып келдім қанша,
Ағымнан ақтарылып жыр арнағам.

Ерекше
жер ырысты,
ел еңселі.
Керексе –
ең биіктен көрем сені.
Той жасап жатқан, туған өлкем менің,
өзіңе ағытылды өлең селі!

* * *

Туған жерім –
гүлзар бағым, мекенім,
Саяна мен қашан ұшып жетемін!
Алыс жүріп аңсағаным –
білсең ғой,
саған деген сағынышым екенін.

Туған жерім –
ұшқан ұям, мекенім,
Неткен мұнша дарқан едің,
кең едің!
Селт еткізген сезімімді –
білсең ғой,
саған деген махаббатым екенін.

* * *

Көкшетауым!
Сағынып көрсем сені,
Көтеріліп қалады еңсем менің.
Кем сенбедің
сен маған өзгелерден,
Өзің болдың –
менің де ең сенгенім.

Көңілімнің
тасытып көктем-селін,
Алдыңа кеп,
ақ тұрып айтам сенім:
Ақтамасам
перзенттік парызымды,
о, туған жер,
ұлың боп қайтем сенің?!

АТАЖҰРТ

Көдең де,
тіпті қурайың
көрінер көзге тудайын.
Алыстан аңсап келдім ғой,
Азырақ аунап-қунайын.

Әр төбең,
әрбір тасыңды
көрдім де,
мауқым басылды.
Айналайын атажұрт,
алдыңда идім басымды.



СОЛДАТ ШИНЕЛІ

(Қарт жауынгер сыры)

Сұр шинель,
сірә, сен жайлы
батармын әлі ойға сан.
Көңілге тыншу болмайды,
күніге киіп қоймасам.

Оқ тескен жерге қарасам,
жүрегім әлі дір етер.
Жылдарды –
Кеткен жара сап,
Жырлауға
қалай тіл жетер...

Қиылды қанша қыршын ер,
елемей ажал қауіпін.
Сен болдың сонда,
сұр шинель,
оқ өтпес болат сауытым.

Дәрі исін
әлі өшпеген
хошпенен иіскей беремін.
Тең келмес саған
ештеңе,
Теңгермес жанға ел ерін!

Жумаспын сені сірә да,
Себебі,
сіңген қаным бар.
Біз жүрген жерді сұрамай,

Тозаңнан қонған
таныңдар.

Сұр шинель,
Жайсам – көрпем ең,
Шатыр да болдың жауында.
Шілдеде, сая ең, өртеген,
Су сіңді,
Тамды қаным да.

Тарих бір тұнған –
өң бойың,
Әркімге бермен ұсына.
Шинелім –
шағын музейім,
Қастерлеп ілдім тұсыма.



ТАҢ

Айнала мүлгіген тыныштық,
Тау-дағы
тыныс ап жатқандай.
Май таңы жүрекке тым ыстық,
Нұрынан жан сая тапқандай.

Маржандай тізіп ап шық суын,
Көк майса,
балауса құлпырды.
Күткендей
күліп күн шығуын
жайқалып балдырған гүл тұрды.

Қарашы –
таң атты тағы да.
Бесіктей әлдилер әр белең.
Балбырап келді өмір бағына
Табиғат сәбиі –
Таң деген!



АУЫЛ КӨКТЕМІ

Май келді тағы да
гүл алып,
Дүние кеткендей нұрланып.
Бұлақтар барады бұлқынып,
Сылдырын ақ моншақ сырға ғып.

Қарашы:
тамаша май айы,
Құлпырған ауылдың маңайы.
Көктемде көзге ыстық туған жер,
Көрікті гүлді өңір баурайы.

Тербетіп көктемнің самалы,
Сәмбітал бүршігін жарады.
Малынып
күннің мол нұрына,
Жер-ана жасарып барады.

Ерекше –
күміс күн көктегі,
Ерекше –
нұр-сәуле төккені.
Бірақ та
Өзгеше бәрінен
ауылымның көгілдір көктемі!



АБАЙ ӨНЕГЕСІ

Талайды сүйіндірген
сен тұрған шың,
(Абайды күйіндірген ез – мұндар шын.)
«Артына өлмейтұғын сөз қалдырған» –
өзінді дер қай қазақ:
«Көз жұмғансың?!»

Не деген жүрегің кең,
асыл жаның,
Жаныңның көрген жоқ ел жасығанын.
Жатпенен жұртың үшін жыртып намыс,
Орнады ұлтың үшін басыңа мұң.

«Алысып мыңмен жалғыз»,
күндер кештің,
Халқыңның шамшырағы ең, –
Бір демде өштің.
Ушығып улы өсектер,
өршігенде,
Ұлы ақын, азабыңды білген бе ешкім?!

Көзінді тігіп
түү-түү жырақтарға,
Көп жауап таппай кеттің сұрақтарға.
Өмірің өксуменен өтсе-дағы,
Өлеңің айналған бал бұлақтарға.

Өнегең қалған бүгін өз елінде,
От – сөзің әркімнің жүр өзегінде.
Жүздірер жыр-қайығын өнерлі ұрпақ
өзіңнің
Өлең атты өзенінде!

Күз жасауы –
гүліңнің
мөлдір моншақ – шықтары.
Жүз жасауы жырыңның –
жүрегіңнен шыққаны.

АНА ТУРАЛЫ СӨЗ

Аяулы анам Рахима Қожахметқызына

Бірінші сөз

Қанша жыл өтсе өзіңнен жетім қалғалы,
Сонша жыл әлі бір үміт өшпей жанғалы.
Сағынғаным деп біл:
түсімде жүрсем сені ойлап,
Оянсам егер сені іздеп талай таңда әлі.

Көп жылдар өтті көңілге кірбің қондырып,
Күйдіріп бірде,
суығына кейде тондырып.
Болмады менде басқалардағыдай қос пана,
Сен жәйлі бірақ менде бір жақсы болды үміт.

Қалмапты менде өзіңнің бір де қол табың,
Сен емес бірақ,
әке боп қалды қорғаным.
Болған да шығар шілдехана мен туғанда,
Туған күн тойлау одан соң менде болмады.

Алтыда едім,
Ақыл жоқ онда менде ешбір,
Асыр сап жүрдім сол күні десем, –
сенбес кім.

Көп еді-ау сонда басымнан сипап кеткендер,
Өткенді бірақ есіне алмас енді ешкім...

Мен-дағы бүгін ержеттім, ана,
ес біліп,
Біреуден ерте,
біреуден енді кеш жүріп.
Жыл өтсін, мейлі,
жанардың жасын құрғатып,
Жүректе бірақ қалмайды бейнең ескіріп!

Екінші сөз

Кетпей қойды ойымнан анам еш күн –
Дей алмаймын:
«Жоқ еді панам... ешкім», –
Еркелетер болмады алдымда ағам,
Еркелейтін болмады маған ешкім.

Есімде жоқ:
Қорғады, қорлады кім, –
Өлең деген кеудеме орнады күн.
Бастайтұғын қияға болмады ағам,
Басатұғын ізімді болмады інім...

Үшінші сөз

Аңсатып баяғы бір балаң қылық,
Келеді көңілімді алаң қылып.
Асығам әлі күнге ауыл жаққа,
Алдымнан шығардай-ақ...
анам күліп.

Алдымнан шығардай-ақ аңырап кеп.
Жер кеңіп,
кетердей-ақ жадырап көк,
Сен жаққа, әйтеуір, мен алып-ұштым,
Сағыныш атты құсым жамырап көп.

Бір кезде бала едім содыр-ақ тым,
Бәрін де кеш түсініп,
соңыра ұқтым.
Білдім мен:
бал күлкімнің кеткенін де
астында бір-ақ уыс топырақтың.

«Жанымның ақ тілегін адал ақта,
Жақсы бол,
қалма, балам, жаман атқа!» –
Айтылған ақтық деммен сол бір сөзің –
Аналық ақырғы асыл аманат па?!

Ойлаумен келешегін қыз-ұлыңның,
Жаныңды сыздатты ма сызы мұңның?
Күнінде ойнап-күлер, – азап тартып,
Бірін де көрмей кеттің қызығыңның.

Ағайын, ел-жұртыңа қадірің де –
Атыңды аңыз етер әлі күнге.
Анашым,
Арманым жоқ:
Тұрса жырым –
Бір сабақ гүлім болып қабірінде!

ОТЫЗ ТОҒЫЗБЕН ҚОШТАСУ

Отыз тоғыз –
қалған артта жолдарым,
Өзің жайлы қаншама жыр толғадым.
Өзінді мен аңсайым-ау деп әлі көп,
Оттай ыстық ойларымды жолдадым.

Отыз тоғыз –
өткен белес, жондарым,
Өзіңе аян толғаным да,
тоңғаным.
Ашылмаған қалды сенде сырларым,
Жазылмаған қалды сенде томдарым.

Отыз тоғыз –
кешу бермес өткелім,
Өткеніме өкпе-назым көп менің.
Отыз тоғыз қалды артымда қыс пен жаз,
Отыз тоғыз күзім менен көктемім.

Отыз тоғыз –
айналайын от жасым,
Жоқтаса адам
өзінді тек жоқтасын.
Қоштасуға қимасам да,
амал не,
Қырыққа кеп, ал тіредім ат басын.

Отыз тоғыз –
орда бұзған от жасым,

Қырық келіп,
кигізді ме ноқтасын?!
Қырық келіп салса-дағы құрығын,
Қайдан ғана тарпаң көңіл тоқтасын!

Қазір қырық...
Алда қанша – білмедім,
Қанша енді асатұғын қыр, белім.
Қырық жасым!
Қыдыр болып, құт болып,
Босағама бақыт болып кір менің!



ҮЗІЛМЕСІН ҒҰМЫР-ӘН...

Аға деген – алдындағы сүрлеуің,
Сүрлеу жолмен мүмкін емес жүрмеуің.
Аға – Күнің,
Аға – Жарық жұлдызың,
Жарық,
Күнсіз
екіталай гүлдеуің.

Аға деген – асқар белің,
белесің,
Ағаменен алға басып келесің.
Айдынында ақ шағала – көңілдің
жүздіресің арманыңның кемесін.

Аға деген –
түнде жанған шырағың,
Аға деген –
күнде айтқан жыр-әнің.
Ағаменен бірге соғып жүрегін,
Тамырыңда бүлкілдеген бір ағын.

Аға деген –
түп-түгел төрт құбылаң,
Аға деген –
нұрын шашқан шұғылаң.
Аға менен іні айтқан қосылып
үзілмесін,
үзілмесін... ғұмыр-ән!

ТЫРНАЛАР

Тыраулаған тырналарым,
Сәл аялдай тұрындар.
(Өздеріңсің – жырлағаным)
Өзекжарды сырым бар:

Ассаңдар да талай белден,
Ұшсаңдар да тым биік, –
Біздің елдей
қарсы алды кім,
Қарсы алдыңнан Күн күліп?!

Қазақтың кең даласындай
Дала
қандай бар елде?
Жер жәннатын дәл осындай
көрдiңдер ме әлемде?!

Адамдарды
ақ пейiлдi
көрдiңдер ме дәл мұндай?
Айдын көлдер шықты алдыңнан,
Қанатыңды талдырмай.

Қалай қиып барасындар
Мына байтақ өлкемдi?
Қайдан, айтшы,
табасындар
бұл өлкедей көркемдi?!

Елдi жайсаң,
Жердi майса –

Белінде ырыс ырғалар
Қайдан енді...
қайдан енді
табарсындар, тырналар?!

ӘДЕМІ ӘЛЕМ

Бақыттымын,
Саған, Күнім, ырзамын.
Өзіңменен бірге әнім,
бір жаным.
Туған жердің тамашалап гүлзарын,
Аралайық бақша-бауын,
жүр, жаным!

Жүрші, жаным!
Бас айналсын бақыттан.
Жүрекжарды жыр сыйлайын жақұттан.
Алдымыздан ақ маңдайы жарқырап,
Арайланып келеді, эне,
атып таң.

Ай-хай, қандай,
Қандай сұлу таң еді!
Таңдай нұрлы
мынау Бақыт, Бақ елі.
Әдемі әлем,
Әдемісің сен, Күнім,
Сен болған соң өмір-дағы әдемі!

Тамашалап туған жердің гүлзарын,

Тағы да бір толғанайық,
жүр, жаным!
Таныс қылған,
табыстырған біздерді
Таң нұрына,
тағдырыма ырзамын!

ЖАҚСЫЛЫҚ

Көңіліңіз – ақ қар,
Көрмеген әсте кір қонып,
Кеудеңіз – сарай
күмбірлеп тұрған сыр толып.
Жасаған көпке жақсылықтарыңыз
оралғай
қашанда Сізге
қарлығаш қанат – жыр болып.

Жүрегі – дархан,
Ал жаны – ләйім ізгі, нұр,
Күдерін Сізден
қай іні, бауыр үзді бір?!
Жер бетінде егер
жақсылыққа қойса ескерткіш,
Бар даусымменен
айтар едім мен Сізді бұл!

БӘЙТЕРЕК

Дауылға да,
Жауынға да құламас –
Қыр төсінде жайқалатын бір ағаш.
Жарқ-жұрқ етіп,
Жай түсті де,
Жер күшты.
Аспан көзі бұлай жасын бұламас.

Тағдырынан бар ма зауал сұраған,
Қанша ғұмыр
қыршынынан құлаған?!
Қалды сынбай –
жалғасындай үш бұтақ,
Қайыспай тік
діңі тұрды дін аман.

Ұшар басын
от – жасынның ұшқыны ап,
Жетті сағат...
Өтті дәурен...
Ұшты бақ.
Жел өтінде,
боран, жауын-шашында
қала берді дір-дір етіп үш бұтақ.

...Жылдар жылжып,
жамылды ағаш желеңге.
Желбіреді
жел тербетіп беленде.
Тондырмады,
Солдырмады бұтағын,

Тамыр жайып
туған жерге – тереңге.

Үш бұтағы өркен жайды,
көктеді,
Күлімдей кеп көк көйлекті көктемі.
Төрт өскіннен өрбіткені әр бірі –
Тәңірінің бұл да нұрын төккені.

Туған жерге жайғаны ғой тамыр нық,
Тұр бәйтерек
қыр төсінде дамыл ғып.
Төрт бұтақтан
өрбіп, өсер сан бұтақ,
Төрткүл дүние бірге түлеп,
Тамылжып!



ӘКЕММЕН СЫРЛАСУ

(Студент дәптерінен)

О, әке – асқар тауым,
дара шыңым,
Өзіңсің ақылшым да жанашырым.
Жаныма мейірімді жүрегіңнен
дарыды бар қасиет,
бар асылың.

Сен барда ортаймайды несіп-кесем,
Мен барда отырмассың есікте сен.
Кешіксе хатым кейде,
кейімеші,
Болмай ма өзім бірақ кешікпесем!

Толғанып
әдетімен заты асылдың,
Терең ой теңізіне батасың мың.
Жүрсің бе әлде жиі ойлап мені,
Жәй-күйі толғандырып боташыңның.

Жанды ма,
Жанбады ма баста бағым,
Дәм-тұзы тартты ма әлде астананың,
Әйтеуір, арман қуып алыс кеттім,
Қамшылап жігерімді жас талабым.

Біраз жыл болсам-дағы шетте, міне,
Көңілің сенбей тіпті кеткеніме,
Уақытқа қарап қойып,
жүр ме екенсің
бір сағат бұрын барып мектебіңе?!

Кім білсін,
Өтті ме әлде,
өтпеді ме
уақытың,
хат жаза алмай кеткенімде.
Қаражат салып маған,
жүр ме екенсің
құлыныма жетті ме деп,
жетпеді ме?

Ес тұтып,
Есіңе әлде жиі алдың ба?
Берілген шақта кейде қиял-мұңға.
Шалдармен отырмысың кеңес құрып,
Кешқұрым шығып алып үй алдында?

Қолыма бір түйіншек затымды алып,
Ауылға қайтсам ба екен ақыр барып?
Көз алмай қара жолдан
жүр ме екенсің,
кешікпей келем деген хатымды алып?!

Тыншымай,
Алып-ұшқан сезімдей боп,
Өткізсем кей түндерді көз ілмей көп,
Өзінді сағынғаным шығар жиі,
Сағынған мына мені өзіндей боп.

Өзіңсің табан тірер тірегім де,
Өз бейнең қайталанып тұр өңімде.
Перзенттік махаббатым –
алау отым
маздайды шам-шырақтай
жүрегімде.

Жан әке!
Ұшқалы отыр, міне, құсың,
Сені ойлап жүргенімді білемісің?
Қол артар асқар тауым сенсің менің,
Өзіңсің – қайда жүрсем,
сүйенішім!

КІМ АЙТАР?

Күн деп оны айтар кім,
Күнде жылу болмаса.
Гүл екен деп байқар кім,
Гүлдер сұлу болмаса?

Салқындығы не керек,
Бұлақ мөлдір болмаса.
Ақын жыры не керек,
Көкейге бір қонбаса?!



ӨМІР ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Өмір, өмір...
Ғажапсың-ау білгенге,
(Жырлауға оны жетпейтіндей тіл менде.)
Есейгенде бір-ақ сені түсіндік,
Байқамалпыз –
балалықпен жүргенде.

Бір-ақ күнде өкінтесің кейде сен,
Шалыс басып,
Артық-ауыс сөйлесем.
Қайран сол бір аңғырт шақ-ай алаңсыз,
Көңіл екеш
көңілі де жейдешен.

Қайран сол бір балғын шақ-ай,
Аңғал шақ,
Неге болсын сене салар
таң қалса-ақ.
Ал бүгінде әрқайсымыз – бір әлем,
Көкейінде әркімнің бір
бар мансап.



* * *

Өмір қызық:
қуанышы,
мұңымен,
(Қызық үшін
жазғаным жоқ
мұны мен.)

Өмір қызық:
бақырымен,
пұлымен,
Батырымен,
пақырымен,
құлымен.

Өмір қызық:
бары менен
жоғымен,
Бармақтайын
бағы менен
сорымен.

Өмір қызық:
қоры менен
зорымен,
Ылдиымен,
өрі менен
орымен.

Өмір қызық:
жолсызы мен
жолымен,
Ойы-қыры,

оны менен
солымен.

... Өркеніңмен,
өргеніңмен,
ей, Өмір,
осыншама
қайшылыққа
толы ма ең?!

* * *

Тағы да қоштасар күн келді,
Табармын достасар кімді енді?!
Ұмытпай жүрші тек:
қимас сол,
сыйлас сол күндерді,
түндерді.

Бірге асып өмірдің өткелін,
Білмей де қалыппыз өткенін.
Келер ме сол бір кез –
қызықтар
базарлы шақтың гүл көктемін.

Жаз өтер –
жайқалтып гүлдерді, –
(Гүлдерден қалмас-ау бір белгі.)
Күз де өтер –
көңілді жүдетіп,
Күттіріп көзайым күндерді.

Қиырдан жетсе егер көш талып,
Қаз қайтса
тобынан кеш қалып,
«Сол менің жан досым шығар?!» – деп,
Сағына жүргейсің
еске алып!

ТҮНГІ АСПАН

Бір-бірінен кезек-кезек шоқты алып,
Таңырқасып,
толысқан қыз – толғанда Ай,
Тапжылмастан
таң атқанша топталып,
тамам жігіт шылым шегіп тұрғандай.

АҚЫН

Ақын –
ол диқан қырда күн қақтаған,
Дән қылып ертелі-кеш жыр баптаған.
Ақын –
ол әзіз ана ақ самайлы,
Тербетіп жыр бесігін
кұндақтаған.

ЖАҚСЫ ЖЫР ЖАЙЛЫ

Жаза алмаспын...

Жақсы жыр жазылмайды,
Жалынымды жасырын жаз ұрлайды.
Күз ұрлайды күлкімді,
Қыс ұрлайды,
Көктем-дағы жыр шоғын ұсынбайды.

Жанды қинап,
Жақсы жыр жазылмайды,
(Жазғанымды жұрт, бәлкім, назырқайды.)
Жырларыма әлі ешкім бас ұрмайды,
Сезім – шөлім сонда да басылмайды.

Жан сырымды қалайша жасырамын,
Аңсаттырған – әсем жыр,
асыл әнім...
Гүл де бірақ жармайды бірден бүрін,
Жақсы жырым –
жаза алмай жүрген жырым.

* * *

Жыр жаза алмай жүрмін бе,
Ақтара алмай ой кенін.
Жарқ етпесем бір күнде,
Жанды қинап қайтемін?

Бақыт құсы басқа бұл
Қона қоймас,
эй, тегін!
Жазбайтуғын жаста
Жыр

жазармын деп қайтемін?!

ӘКЕ ТІЛЕГІ

Тұңғышым Ботакөзге

Жаутандап жүреді ылғи Ботакөзім,
(Анамның сияқты бір о да көзі.)
Иіскейтін айдарынан әжесі жоқ,
Ол үшін әже де – өзім,
Ата да – өзім.

«Әжең бар», –
дейсің оны сендіргенше,
«Бар», – дейсің,
бала үмітін сөндіргенше.
«Ата! – деп еркелейді ол көрші шалға,
«Әже!» – деп жүгіреді кемпір көрсе.

Тағдыр ғой...
Несіне оның түңілейік.
Біреу күліп,
Жүр енді бірі кейіп.
Тұңғышым жаутандар ма ед әркімге бір,
тұрмаса анам орны үңірейіп?!

Жұбатып,
деймін: «Ботам, тый жасыңды,
Тағдыр бұл – тартып алар қимасыңды.
Білсең ғой:
сол әженді іздеп өзім,
Тауға да,
тасқа да ұрғам бұл басымды.

Қайталап «Ана» әнінің қайырмасын, –

Білмеппін:
бақыт қайтып қайырылмасын.
Тағдырдан бар тілерім:
енді сені
анаңнан – аяулыңнан айырмасын!»

ЖОЛДАР... ЖОЛДАР

Жолдар... жолдар –
Жолаушының, сан тағдырдың куәсі,
Теңіздерге апаратын сияқты бір су басы.
Сол жолдармен өтіпті ғой сан мінезді адамдар,
Содан ба екен, бұл өмірде жақсы да бар,
жаман бар.

Жер үстінде жолдар қанша әр тараптан қосылған,
Қиын сүрлеу, соқпақ та бар кілт бұрылар тосыннан.
Жолдар да бар сайрап жатқан,
қара жол бар шандатқан,
Өмір деген үлкен жолды құрайды олар жан-жақтан.

Өрге шықсаң тырбанумен,
алдыңды сай бөгемек,
Ұзақ жолда қиналасың,
сый да аласың, не керек.
Шыңдаларсың, сын да аларсың –
онсыз өмір болған ба,
Өмірді мен ұқсатамын тап осындай жолдарға!

ЖАН ШУАҒЫ

Көңілім
көтеріліп көкке мүлде,
Қуанып,
құстай ұшып жеткенімде,
Қайтейін, кеш келіппін,
Кез келіппін
балбырап тәтті ұйқыға кеткенінде.

Ұйықтай ғой,
Ұйықта, бөпем, таң атқанша,
Жүзіңе сәулесін Күн жалатқанша.
Жанымды мазаласын тағат қанша,
Шыдайын көз ілместен таң атқанша.

Бейкүнә,
Жатқаныңда тербетіле,
Тоймастан қарай берем келбетіңе.
Жаныма шуақ құйып,
Құйттай Күнім!
Нұр шашып тұрғандайсың жер бетіне!



ЖАҚСЫ-АУ

Жақсы-ау – жазу
досқа арнап жыр – тілек, –
Жыл өткесін кетпесе егер ұмытып.
Жақсы-ау – сергек соға берсе бұл жүрек,
Өзінді де,
өзгені де жылытып.

Жақсы-ау, құрбым,
жыр жазғаның тәп-тәуір,
Адамдарды қуантып та жылатып.
Жақсы-ау және болғаны да көп бауыр,
Жақсы ісінді жүретұғын ұнатып.

Жақсы-ау – жанның жаз күніндей жарқыны,
Сағына да білген жақсы,
шынымды ұқ.
Жақсы-ау – тағы бір жақсылық арқылы
жер жастанса мың жамандық,
зұлымдық.



ҚАРАҚАТ ДӘМІ

Анашымның дерті мендеп,
күшті алған,
Ақ жүзінде – сырқат сызы,
іште – арман.
Азап тартып жатса да өзі,
Алладан
«Аман болсын, – деп тілеген – үш қарғам!»

Көңілде – үміт, –
Көзден, бәлкім, ұшты арман,
Көк жүзіне көп қарайды құштар жан.
Жанына әлде күтті ме екен бір демеу
жылы жаққа қайтып жатқан құстардан?!

...Есімде әлі,
Болсам да онда нәресте,
(Ол күндердің бәрі, бәрі...
бәрі есте.)
«Тау астынан» алып келген нағашым –
тұңғыш жеген қарақаттың дәмі есте.

«Нағашың ғой,
Мұны әкелген – нағашың,
Нағашыңнан артық кімді табасың?!» –
Табыстаған сөзі ме еді соңғы бұл
туғанына бауыр еті – баласын?..

Жылдар жылжып,
Қатты-дағы қауырсын,
Жырақ кеттім...
Кештім қанша ауыр сын.

Таттым қанша дәмі-тұзын әр жердің,
Баттым қанша құшағына бауырдың?..

Таңдарым көп
достарыммен атырған,
Кештерім көп
босқа арманмен батырған.
...Таңдайымнан кетпей менің жүр бірақ
қарақаттың дәмі тұңғыш татырған!..



* * *

Құлазып жүрген жаныңды ұғар ма екенмін?
Құландай саяқ жортуға құмар ма екенмін?..
Құлынынан қайран адасып қалған нағашым,
Қосылып мен де көз жасын бұлар ма екенмін?!

Қайғына емес,
Қызығына келсем деген ем, —
Қатал ең, өмір,
Қатыгез едің не деген?!
Аяулыңды, әттең, аяусыз ажал тырнағы
әкетті-ау жұлып тіршілік атты кемеден!

Бағзы бұл тірлік —
баяны жоқ басынан,
Басталмай жатып үзілді-ау ерте асыл ән!
«Ботамдап» тұрған өзінді қалай жұбатам,
Боталап тұрған көзімді қалай жасырам?!

Жасымды елден қанша рет...
Қанша жасырдым,
Қанша рет жасып...
Қанша рет тасып, басылдым.
Тұра тұр сынбай,
Тұғырлы шындай нағашы,
Тұяғы менен сынығы ең ғой асылдың!

Сезбейін неге: өртеніп тұрса өзегің,
Тәңірдің ісі — берерін кімге кезегін.
Сабыр ет бір сәт,
Сабағың әлі орнында,
Сарқылмақ емес,
Тартылмақ емес өзенің!

ТУЫС

Дос алдаса,
кас аңдыса тасанда,
Жаннан безіп,
жапан түзге қашарда,
Жабарда да,
дүние есігін ашарда –
туыс керек,
туған керек қашанда.

Талап қуып,
тұңғыш қадам басарда,
Белді буып,
бірер белді асарда,
Тойға алғаш
Шашу-жырды шашарда –
туыс керек,
туған керек қашанда.

Тұрмыс болар
кейде жақсы, нашар да,
Дәулет қонар,
көңіл асып-тасар да,
Тұрғанымен
бауыр бүтін, ас – алда, –
туыс керек,
туған керек қашанда.

...Жолдас болдым
жарлымен де малдымен,
Жақын-достың
орны – бөлек, алды – кең.

Тірлікке де,
бірлікке де бұл күнде
туыс керек,
туған керек алдымен!

ҚОС ҚАНАТЫМ

Үшеуміз – бір ананың үш гүлі едік,
Үшеуміз – бір әкенің ұшқыны едік.
Келіппіз анамызды үш қуантып,
Келіппіз әкемізді үш түлетіп.
Үшеуміз – үй ішінің үш Күні едік!

Үшеуміз тете едік,
тентек едік,
Өмірге еркін еніп,
еркеледік.
Апыр-ай, артық күліп қойдық па әлде –
Тарықтық,
Тағдыр сыны ерте келіп.

Аялап,
Аямаған нұрын ізгі,
Біз үшін өзі еді ғой Күніміздің.
Қайтейік,
Қайран ана
ең болмаса
көрмеді тойымызды біріміздің!..

Анамның ақ сүтіне шөлдегем мен,
Шөлдегем мен, –
Сонда да өлмегенде,

Көгімде қарлығаш боп көлбегендер –
Жалғанда жанашырым сендер еңдер.

Анамның мейіріне шөлдегенде,
Шөлдегенде,
Сонда да сөнбегенде,
Тағдырдың тәлкегіне көнбегенде,
Демеген,
Жебеген де – сендер еңдер!

Мен жәйлі жаманатқа сенбеген де,
Жанымды жылы сөзбен емдеген де.
Сендер еңдер – сенгенім,
сүйенгенім,
Сүйінгенім,
сүйгенім – сендер еңдер!

Өлеңімнің өздерің өркені еңдер,
Көңілімдегі көп ойдың көркемі еңдер.
Сабылғам сан
шарқ ұрып сендер жаққа,
Сағыныш – от жанымды өртегенде.

Жалғыз қап,
кейде мұңға тұсалармын,
Сендерді ойлап сонда күш алармын.
Екеуің – қос қанатым емес пе едің?
Қанатсыз қалай биік ұша алармын?!

Арманның асқарына жете алар кім,
Мен, сірә,
сағынышқа бет алармын.
Екеуің – қос қазығым емес пе едің,
Қазықтан қалай ұзап кете алармын?!

Үшеуміз – бір ананың үш гүлі едік,
Үшеуміз – бір әкенің ұшқыны едік.
Келіппіз анамызды үш қуантып,
Келіппіз әкемізді үш түлетіп.

Үшеуміз – үй ішінің үш Күні едік!

ҚЫРЫҚ ЖАС

Қырық жасым –
қылшылдаған қылыштай.
Қырық жасым –
күн шындаған құрыштай.
Қолдап тәңір,
қайғы-мұңсыз өтейін
қолдан – құсым,
басымнан бақ бір ұшпай.

Қырық жасым –
құрық салмас құр аттай,
Көл-жағаға біткен жасыл құрақтай.
Қырық жасым –
желбіреген қызыл ту,
Сол туымды өтсем болды құлатпай!



ІНІ САҒЫНЫШЫ

Келем депсің, ағажан, көктемеде,
(Келер көктем –
қуаныш боп келе ме?!)
Содан бері сан рет құстар қайтты,
Сағындырып кетіп ең көпке неге?!

Сыңарымдай
Қасымда жүрші дәйім,
Сеніменен келердей жыр-шырайым.
Көптен бергі ақтарып сырларымды,
Көптен бергі құмардан бір шығайын.

Сен келді деп,
жаһанға жар салайын,
Жаңғырып бір қалсыншы жан сарайым.
Көктемеде кетіп ең –
көктемнің боп,
Өткенің боп,
өзің боп қарсы алайын!



АҒА

Ж.Дәуренбековке

Жалғанда жарық күнімдей,
Жанашыр жанның біріндей,
Қашанда келсем алдына,
қарсы алдың, аға,
күлімдей.

Жан сырым – іште білінбей,
Тілеймін тілек күбірлей:
Басыңа қонған бақытың
тұрсыншы бүтін,
бүлінбей!

Өзендей тасып
гүрілдей,
Өмірде әсте сүрінбей,
Әманда аман жүрші, аға,
сиынар жалғыз пірімдей!..

Қарағай,
қайың,
аршалы –
Бөлеген баққа баршаны,
Арманның – өзің асқағы,
Орманның – өзің Маршалы!



ҚОС КӨГЕРШІН

Күттірмей мені келетіндерінді білгем бе,
Шарқ ұрып онда шығар едім ғой бір белге.
Бір хабар күткем, әйтеуір, сендер жақтан мен
тыншымай жаным
елегізи беріп жүргенге.

Тебіреніп бір сәт «Айнакөл» анау жай жатқан,
Кеткендей еді жарқырап аспан,
жайнап маң.
Көңілімді «Көкше» тауына бір-ақ көтеріп,
Көгершіндерім менің,
Келдіңдер ұшып қай жақтан?!

Қанаттарың талмай
бұл жаққа қалай жеттіңдер?
Аңсатты ма әлде арадағы айлар,
көп күндер?
Қас қағым уақыт кеудеме бақыт орнатып,
Қас қағым сәтте қайтадан ұшып кеттіңдер.

Кетпендер ұзап...
Оралып қайта келіндер,
Сендерсің – сәнім,
сағынтқан әнім. Сеніңдер.
Көктемде, күзде,
қыста да жазда жұп жазбай,
Көгершіндерім менің!
Күттірмей келе беріңдер!

ӘН – АРМАН

1.

Қиялымда – әдемі қыз,
Құлағымда – әсем ән.
Жете де алмай,
Кете де алмай,
Болғаным ба есалаң?
Күйіп, тондым,
Күйік болдың,
Күйім келмей, әттең-ай,
Көзбен көріп,
Кетсем өліп,
Арманым не, жасаған!..

2.

Өзің – алтын,
Сөзің – бал тым, қарағым.
Әнің – даңқың,
Жаның – жарқын,
Жарадың!
Сазына елтіп,
Назына ертіп,
дариға-ай,
Талай сырды ап,
Қалай шырқап барады үн?!

Жырым – сырым,
Сырым – шыным,
Түсінгін.
Қысылдым ба?
Сен де неден қысылдың?
Сенің әнің,

Сенің сәнің үшін деп,
Жүрегімнің жауқазынын ұсындым.

3.

Қош бол енді,
Әнші құрбым – ұялшак,
Домбыра алмай қойғаның не,
Барғанымда күй аңсап?!
Құмарттырып өнеріңе...
өзіңе,
Жаутандатып жібердің ғой,
сезімге бір қиял сап..

ШАХМАТ ТАҚТАСЫНДАҒЫ ЖАЗУ

Токсан деген тойыңда
Кәрілікке маталма.
Мат алсаң да ойыңда, –
Өмірде тек
«мат» алма!..



ЖЕҢЕШЕ

Еліктейін
еркін өскен, жеңешем,
Елең етіп,
елегіздің неге сен?
Ешкім артық демес еді,
Егер де
сені – Гүлге,
сұлу Күнге теңесем!

Еліктегіш,
Еліккіш те емес ем, –
Ерекше бір күйде жүрмін ересен.
Ешкім артық демес еді,
Және де
сені – Нұрға,
тәтті Мұңға теңесем!

Назы – нәсіп,
Жаны – нәзік, жеңешем,
Қалай сені шуағыма бөлесем?!
Көзін ашқан бәйшешектей тым ерте,
Көктемде гүл ашпағансың неге сен?!

Неге ерте...
Ерте есейдің, жеңешем?
Кеш тудым ба?
Әлде содан кем есем?!
Қаршагүлдей қар астынан қылтиып,
Жарық күнге
неге асықтың,
неге сен?!

Жан жеңешем!
Жабырқасаң – демесем,
Жоқ арманым –
Жебей жүрсем,
Желесем.
...Қар астында қалдырмас ем, –
Гүлім боп
Жаралмадың
неге,
неге...
неге сен?!

* * *

Құрбы десе –
жан басқа, қылық басқа.
Тілегім сол:
әр күнді күліп баста.
Шағынбасын
аяулың жат біреуге,
Шағылмасын
сендегі үміт тасқа.

Түсінбе тек
сен мені теріс мүлде.
Бұл күнде керек дейсің керіс кімге.
Таласып сәл нәрсеге,
Өзіңменен
келіп тұр
келіспегім...
келіскім де!

Келіспедім,..
Жо-жо-жок!
Келістім де,
Тәттілігін
түсіндім керістің де.
Тебісіп өту үшін тай-құлындай,
жүрейік
екеуміз де жер үстінде!

КӨҢІЛ КҮЙЛЕРІ

Жақсы жыр іздеп келемін,
Аңсарым болып осы өнер.
Өмірім менен өлеңім
өрімім болсын
қоса өрер.

* * *

Өлең де бір – бозтайлақ,
Өңгертпейді озбай бақ.
Жүрмегей тек кез келген
көкпар қуып,
көз байлап.

* * *

Білмей де дос барын,
қас барын,
Келіпсің ойлап тек бас қамын.
Достардың түсінбей көңілін,
Қастардың –
сөзінің астарын.

* * *

Әр күн сайын әріп санап,
жол санап,
Санағанды қайта тағы он санап,
Бір жұмысың және күтіп тұрады,
Бір жұмысты енді ғана болсаң-ақ.

* * *

Кеудемнен жүрек деген сағат таптым,
Көрмеппін,
өзгеге де қаратпаппын.
Бір тілі санап тұрар ғұмырымды,
Ал бірі –
тілі алау махаббаттың.

* * *

Жылдар жылжып,
өсіріп талғамыңды,
Бойжетіпсің ақ ұстап арманыңды.
Саған қарап,
білдім мен бүгін ғана
өзімнің де аға боп қалғанымды.

* * *

Жыр төкпесең туған жер,
халқың үшін,
Парызыңды өтейді қай туысың.
Ақын болып қалуың керек сенің
ақтарылып сырынды айту үшін.

* * *

Жыр десе егер,
шабыт оты жалындар,

Дос десе егер,
кұрақ ұшар жаным бар.
Жүрегімнің жауқазыны – жырларым,
Ал өзімді достарымнан таныңдар!

* * *

Алыпсың жалған жылап та,
Түскесін алғаш басқа сын.
Кұдайым сені
бірақ та
шын жылаудан сақтасын!

* * *

Самал гүл сабағын
тарайды күнде.
Ай ашып қабағын
қарайды гүлге.

* * *

Арман-ай, бас айналар биік пе едің?
Жеткізбес киік пе едің?
Күйік пе едің?!
Асқар шың, асулардан астың да әрі,
Теңеліп бірде бұлтпен,
биіктедің.

* * *

Алатаудай асқақ болғай арманың,
Бурабайдай болсын сұлу
бар маңың.
Айнакөлдей мөлдіресін көңілің,
Ақша қардай адал болсын алғаның.

* * *

Келдім, достым,
гүлден алқа таққалы,
Қос жүрекке
қоңырау-жыр қаққалы.
Келдім және
құшағыма қысуға,
Қуаныштан көкке бірге ұшуға!

* * *

Жаз өтер әлі жарқылдап,
Жоғалар гүл шақ –
жарқын бақ.
Жалындап біз де өтерміз,
Жер басып мәңгі кім тұрмақ?!

* * *

«Не қылған жан сырын бүккен ішіне?» –
демеңдер тек,
жүрсем тұйық пішінде.
Бірақ, бірақ пәк жанымды сезер ме ең,
Жамандығым жоқ ойлаған кісіге.

* * *

Қалам алып,
толғанамын жыр жазуға оқталып,
Заулай алмай,
шабан аттай қала берем тоқталып.
Көңіл шіркін асаудай-ақ бұлқынады,
тұрмайды,
Жыр нөсерін кетердей бір ағыл-тегіл ақтарып.

* * *

Күн күлсе егер –
кұлпырар гүлзар бақ та,
Барғайсың тек жаз болып қыздар жаққа.
Түсіне біл, бауырым:
қыз да бір гүл,
Күн нұры үшін жаралған қызғалдақ та!

* * *

Сырыма менің имандай
Сенбей де жүрсең сен егер,
Шыныма онда иланбай,
Сөзіме жалған
сене бер...

* * *

Балымсың тәтті-ақ, –
өмірде бір де татпаған,
Таңымсың аппақ, –
мен үшін күліп атпаған.
Күнімсің ыстық, –
шуағын, әттең, төкпеген,
Гүлімсің нәзік, –
жұлдырмай қалай ап қалам?!

* * *

Жерортаға келсең-дағы, ей, жезде,
Жиырмадағы жігіттейсің кей кезде.
Көшелі де кісідейсің оңды аса,
Әттең, шіркін...
көселігің болмаса!

* * *

Болсам деймін қуанышы көңілдің,
Жақсылыққа,
жақсыға ынтық бар жаным.
Гүлі болу мынау нұрлы өңірдің,
Ұлы болу туған жердің – арманым!

* * *

Ағайын аз тар жерде тіреу болар,
Біреу оған күледі,
біреуге – олар.
Жақсы ағайын – жанашыр,
жаманының
ойында тек: жақынын іреу болар.

* * *

Жазылмасын жұптарың,
Алсын достар құп бәрін.
Бекежандар
көзінің
қадамасын сұқтарың.

* * *

Аға дер ем, –
алшак бүгін жер мен көктей арамыз,
Жылдан жылға суық тартып,
суық тартып барамыз.
Білсең ед-ті, туыс барын тілегі бір, –
білмедің,
Білсең ед-ті, кешегі бір шыбықтың да гүлдерін...

* * *

Қызығасың біреудің сұлуына,
Қылығына,
немесе бұрымына.
Құлынына біреудің сұқтанбашы,
Түспегесін өзіңнің «құрығыңа!»

* * *

Жақындауға көрсем де талап қылып,
Жырақ жүрем –
өзінді қалап тұрып.
Сен ғайыпта жалт берсең,
Ал мен сонда
Жетермін сағынышты қанат қылып!

* * *

Күліп келдім...
Күндей нұрлы өңімнен
Күдіктердің қуып тастап көбін мен,
Жүріп келдім
жалтақтамай әркімге,
жалбақтамай «көкеге» де көрінген...

* * *

«Кеш қалдың...» – деп,
күмілжіп тұрдың бірде,
Үлгеріп айтып едің сырды кімге!
Жүрегіме сен менің қоныстандың,
Арманымдай өшпейтін
тірлігімде.

* * *

Жақын деп келсем өзінді,
Жатырқай көрме, жан аға!

Санама жалған
сезімді,
Өзімді жатқа санама.

* * *

Ұмтылып асқаралы арманыма,
Қай уақыт мен шыққалы жолға мына.
Қомсынып карап қалам,
күн өтпей-ақ
кешегі көңілімнің толғанына.
Тағы да кірісемін жол қамына,
Өзімнің ырза болмай қолдағыма.

* * *

Өмірден әлде өшпес отты іздедім,
Өзіңнен үмітімді текке үзбедім?..
Өрт салып өзегіме кетер болсан,
Көп түспе көзіме онда,
көп түспегін!

* * *

Елессің бе,
Әлде бір ертегісің?
Сұлулықтың сен, бәлкім, ертеңісің?!
Есім ауып соңыңнан келем жүріп,
Ертпеймісің,
Білмеймін, ертемісің?!

* * *

Өзгеше көзінде нұр,
бар шұғыла,
Өмірге құштар жан ол қанша мына!
Өсіріп тал-шыбықты ертелі-кеш,
Орманның айналғандай маршалына.

* * *

Жалғасың боп
ұл-қызың,
Қалсын артта нұрлы ізің.
Жарқын жылдар жасартып,
Жарық болсын жұлдызың!

* * *

Бұлақ
таудан бас алар,
Жас та өсер таласып.
Қосағыңмен қоса ағар,
Қос аққудай жарасып!



АҚ БАТА

Апатай!

Амансың ба?

Жүрсің бе есен?

Аман жүр – біз бақыттан күлсін десең.

Қажытып кеткенімен қайран ғұмыр,

Қамығып,

қайсы күні күрсінбе сен.

Қайғы ойлап,

Қайсы күні күрсінбе сен,

Мың күнге емес, апа,

бір күнге сен:

Сүйерсің шөберенді әлі-ақ ертең,

Соларға ғұмыр беріп,

жүрсін есен...

Есімде,

Неге оны ұмытайын,

Сол күні туған менің үміт айым.

Мен алғаш келініңді ертіп келіп,

Дегенмін:

«Отыңа, апа, жылытайын!»

Сонда, апа!

Жан анама ұсадың да,

Жылыттың қос жүректі құшағыңда.

Құс-тағы балапанын
қанатымен
демейтін өстіп алғаш ұшарында.

Бізді де шақырғанда үміт алдан,
Ақ батаң болды қанат,
ұмыта алман.
О, апа!
Менің жетім жүрегімді
өзіндей кім бар, сірә, жылыта алған?!



ЕЛУ ЖАС

Жездем Берлинге

1.

Кешір, жезде,
Келе алмадым тойыңа,
Жете алмадым,
Жиі алсам да ойыма,
Елуінде еркелесем деп ем бір,
Оны да артық көрді құдай бойыма...
Кешір, жезде,
Келе алмадым тойыңа!

Тойыңды бұл мендей күткен бар ма адам,
Айтылмады-ау айтсам деген арман-ән!..
Баса алмадым өксігімді өмірде,
Аса алмадым ассам деген арнадан.

Қусырылып кеткендей ме бар ғалам?
Неге, неге мына дүние тар маған?!
Қараңғыда қалып қойған жандай бір,
Жарық іздеп,
жан-жағымды қарманам...

...Бірге кешіп тайызды да тереңді,
Алға сүйреп қайырлаған кемемді,
Ағамдайын келдің демеп,
Әкемдей
арқа сүйер асқарым бол сен енді!

Өткен күннен қалар артта көмескі із,
Көңілдерде көктем әлі,

Елес – күз.
Елуінде жетім емес ер жігіт,
Өзің барда – біз де жетім емеспіз.

2.

Түйгендей боп тың түйін тым келелі,
Тындырғандай жүрсек те бірденені, –
Түп қазығың саналған
туған жер мен
туысындай қымбатты кім береді?!

Әркім шыққан төбесін шың көреді,
Әзіліңді әлде кім шын көреді, –
Көтеретін еркелік,
базынамды
сендей жақсы жездені кім береді?!

Өміріңе өшпес от жағайын бір,
Өңіріңе өлеңнен тағайын гүл.
Алматыға тағы да бір келсеңші,
Алатауға
аунатып алайын бір!



КӨҢІЛДІҢ АШЫП ТАСТАП ШЕКАРАСЫН

Қос аққу көлде жүзіп жарасады,
Күн мен ай көкте күліп,
қарасады.
Ертеңгі күндеріне қол ұстасып,
Екі жас елде жүріп жол ашады.

Жол ұзақ,
Болсын ләйім қадам құтты,
Бермесін бастарыңа жамандықты.
Жарқырап жұлдыздарың тұрсын биік,
Тамсанып,
Таңырқатып тамам жұртты.

Той бүгін...
Толайым ой қамалайды,
«Той десе,
қу бас-тағы домалайды», –
десек те,
Қызық қуар уақыт тапшы,
Қутындап құдаша да жоламайды.

Жақынды қалай енді алалайын,
Қысса да заман мынау алмағайым,
Алматы – астанадан ат арытып,
Арнайы келіп қалдым
ал, ағайын!

Түбі бір
туғанымға балап келдім –
тұлабойы тұңғышы жан әпкемнің.
Тұлымы желкілдеген –
көз алдымда,
Қаз басқан қадамын әр санап келдім.

Бойжетіп қалса да өзі, –
бала көрдім,
(Бала ғой алаңдатар ана көңілін.)
Ақ басты Алатаудың ақ тілегін,
Апортын Алматының ала келдім.

Жан бар ма бала десе,
жадырамас.
Түлік те өз төлінсіз жамырамас.
Жедік те құйрық-бауыр,
бір-ақ күнде
мың жылдық құда болдық ажырамас.

Кел, құда!
Табайық біз тек жарасым,
Көңілдің ашып тастап шекарасын.
Сағыну,
сабылумен жол етейік
Көкшетау,
Керекудің екі арасын.

Жетелеп алғы күнге арман не бір,
Жайқалсын,
өргенбесін орман-көңіл.
Екі жас жалғастырып екі елді,
Екі жас екі атаға болған көпір.

Үй тігіп,
Бермесек те сарай салып,
Келейік қызыққа әлі сан айналып.
Берік боп босағасы жас отаудың,
Ақ таңы атсын күліп,
арайланып!

ДОС СӘЛЕМІ

Шын сүю –
өмірде ол да сын,
Бір гүлді аймалап.
Бастадық бірге біз жол басын,
Ертеңді жөн
бірге ойламақ.
Жырақтан дос сәлем жолдасын,
Жүрегін сағыныш жайлап ап.

Бар бізде мәңгілік байланыс,
Бар бізде махаббат –
ән етер.
Шығайық сапарға –
жолға алыс,
Атқан таң,
Батқан күн –
бәрі өтер...
Бір гүлді сыйладым, ал,
таныс,
Достыққа болсын деп дәнекер.

Достықтың ежелгі заңы бұл:
Қанша біз сүйсек те –
орынды.
Әні бір,
жүрегі, жаны бір,
Әкел, дос, қолыңды!
Тамылжып таң атсын
тағы бір
Тәңірім жарылқап жолыңды!

Өткердік заманды не түрлі,
Кез қанша
шөлдеген қаталап!
Жарлы – бай,
Жас – өсіп, жетілді,
Жамырап,
жалғасып жамағат.
Алланың ақ нұры секілді
аспаннан жауған ақ шапағат!

АПАТАЙ

(Әні бар)

Апатай – аппақ жеңешем,
Алыстан хатпен кеңесем.
Асылық болмас сірә да
Асылға сені теңесем,

Апатай – асыл жеңешем.

Апатай – жайсаң жеңешем,
Әманда болшы сен есен!
Артық деп және кім айтар
Алтынға сені теңесем.

Апатай – алтын жеңешем.

Апатай – қамқор жеңешем,
Асыра айттың деме сен:
Панама сені теңесем,
Анама сені теңесем,

Апатай – ардақ жеңешем!



Кімге күлкі...

(Әзіл-сықақ)

БІРЕУГЕ

Күткеніңе кездесе алмай,
күтпегенге жолығып,
Кейде шалқып отырып та,
қаласың-ау торығып.
Алға қарай жетелейтін
жоқ-ау сенде бір арман,
Алдарқатар сенде жоқ қой
тәтті қиял, зор үміт.

Жан баласы келмес саған
жағдай сұрап,
хал сұрап,
Жатсаң-дағы әл үстінде,
қалсаң-дағы қалжырап.
Жалының жоқ,
жарығың жоқ
түсіретін басқаға,
Жанталасып жүргенің не,
жандайшауып ал бірақ?!

Өкінбейді екенсің-ау
күндеріңе бос өткен,
Жан ба деуші ем
жанына тек
жақсы үмітті дос еткен.
Сенен бірақ әлдеқайда
артық па деп ойладым
Сал ауруды – сан ұмтылып,
тұрмақ болған төсектен.

ЕЛ ҚАЙТЕР?!

*(Ауыл әкіміне құрдасының
айтқан әзіл-қалжыңы)*

I

Алпысқа келсең әкім боп,
Арнайын өлең ақын боп.
Жыр-дастан сыйға тартайын,
Құрдастан сырлас жақын жоқ.

...Үш жасыңда мешел ең,
Төрт жасыңда – көтерем.
Он жасыңда,
Ойпыр-ой,
он баладан бетер ең!

«Ақанборлық» бойында
Тоймайтынбыз ойынға.
Шыбық тимей шыңқ етер,
Жылауық ең –
мойында!
Тұңғыш қаріп танытқан
ұстазың жоқ ойыңда.

Өйтіп-бүйтіп, амалдап,
Онжылдықты тамамдап,
Техникумды бітіріп,
Қонды сосын саған бақ.
Зоотехник болғасын,
Малға берген спирт пен
аузыңа тек «ақанды» ап;
Алдыңа сап қой-қошқар,
Шыға келдің қақандап...

II

«Бір литрге» жиенін
беріп кеткен, қайнаға!
Көріп едің мұндайды
қай қазақтан қаймана?!
«Нағашыңмын» деп тағы
Шапқылайсың айнала.
«Табам және «бір литр»,
Тапсаң егер «шайнама».

Әр сұлуға барам деп,
Әне-міне алам деп,
Әрлі-бері шабам деп,
Зорықтырдың атыңды.
Астындағы атың да
Тастап кетер тақырға:
Отырмасаң тас-түйін
тас қып қысып – тақымды.

III

Шойынжолдан арнайы
барып алған бәйбішең.
«Қалыңмалға» бар малды
салып алған бәйбішең.
Бесігінен құда боп,
Жар боп келген бәйбішең.
Өлдім-талдым дегенде,
Зар боп көрген бәйбішең.

Жүргенінде жалаңбұт, –
Әбүйіріңді жауып,
Адам ғып,
Қатының қосқан қатарға.

«Отқа күйіп күйгелек,
Суға, – деуші ек, – батар ма?!»
Тірі жүрсің, әйтеуір,
Дәм-тұзың бар татарға.
Көрер едім күнінді
тап болсаң, ей, ешкібас,
шүршітке, не татарға...

Қатыныңсыз, расында,
Арбаң ауып,
Шаң қауып,
Орта жолда қалар ең.
Алжып алпыс жасыңда,
Ақыл-естен танар ең.
«Алқаш» деген атақты
әлдеқашан алар ең.
«Шақар, нахал... шатақ-ты», –
деп шуылдар бар әлем.

IV

Ауру түскір қалса да,
Әдет шіркін қалмайды.
Сені көрсе,
Біз түгіл,
итің-дағы «зарлайды».
Тесік таппай кірерге,
Даусы шықпай үрерге,
Қысып алып күйрығын,
Қожайынын барлайды;
Құлқын түгіл, жан – қайғы!

Ышқырыңда – дәйім кілт,
Ет сарайын қорисың.

Келсе де дос, қайын жұрт, –
Түк татырмай, торисың.
Жаназамда, ал, менің
ет жеймін деп жорисың.
Болдырмаймын оныңды,
Жерсің әлі «боғымды».
Қасарысып жатып-ақ
Шығарамын қолымды!..

V

Алдыңды бірде бересің,
Бересің бірде артыңды.
Төбені тілмен оясың,
Қоясың сүр мен «жартыңды».
Лақ етесің біресе,
Лас судайын сарқынды.
Алпыста ақыл тоқтатып,
Сақтарсың ата салтыңды.
Мың құбылып жүріп сен,
Құртарсың-ау халқыңды!

Әкіммін деп елірме,
Әдепті бол елінде.
Елінде – терең тамыры
оның да,
менің,
сенің де!

Қартайғанда қалтандап,
Хакіммін деп талтандап,
Қатындарға көз сүзбе!
Өз қағынан жерінер,
Кемпір қыздай көрінер
есек дәме – ессізге...

VI

Бастық қой деп,
Егер де
барсақ күтіп бұйрығын,
Байып қылса қайтер ер?!
«Ұлық, ұлық» дегенге,
Ұстатпастан құйрығын,
Тайып тұрса,
Қайтер ел?!

Қасқырға қой бақтырса;
Напақасын ауылдың
Нансоғарға тапсырса –
Қан жыламай, қайтер ел?
Соқырдың түссе қолына,
(Қояншық – ол да, сорына)
Зар жыламай, қайтер ел?!.

Салыңқы төс,
Сал бөксе,
Сары қарын қатыны –
Самауыр болса, қайтер ел?
Сеніп барған әкімі –
Сілтеп қолын, саусағын,
Самодур болса, қайтер ел?!.

VII

... Қайран да қайран, құрдас ит!
Шаужайдан алып қатынын,
Шау тартқанда
шай бермей,
Шайпау болса, қайтерсің?
Шала шұқып тісінді,

Жала қылып ісінді,
Шаруаң жүрмей,
Басыңды –
шайқау болса, қайтерсің?!.

Топан су басып жер бетін,
Жылап ақпай жағалай,
Құлай ақса, қайтерсің?!.
Бәрінен де... бел кетіп,
Кемпіріңе «жарамай»,
Құдай атса, қайтерсің?!.

P.S.

...Алдымыз – бұлдыр сағымдай,
Алдық па жолды тауысып?!
Қамшының қысқа сабындай
өмірде жиі жүздесіп,
Жүрейік бірге,
қауышып!

25 ақпан, 2005 жыл.



МАСКҮНЕМНІҢ МОНОЛОГЫ

Бас мәңгірді,
күй кетіп,
Баспана жоқ,
үй де – түк.
Қай бұрышта қаламын,
Қу сүйекті сүйретіп?

«Көк мойынға» телміртіп,
Желдей сөзді желдіртіп,
Желіктірген көңіл-ай, –
Жүрмін көзбен жер түртіп.

Көше кездім күшік боп,
Кішілерге кішік боп;
Әр жерге бір түнедім,
Әркімдермен ішіп көп.

Буын босап,
сән кетіп,
Бойдан қуат,
әл кетіп,
Мәз емеске мәз болдым,
Әндетпесті әндетіп.

Хал ма?..
Қалта қағылып,
Қайыр сұрап, шағынып,
Құдайдан да былайдан
қалған көңіл шағылып.

Күлкі де емес –
күлісім,
Жүріс те емес –
жүрісім.
Көрінгенге көзтүрткі
көрген күнім құрысын!

АСЕКЕҢНЕН ЖАС ЕКЕМ

Асылхан Оспановқа

Асыл екен – Асекең,
Бар банкке Бас екен.
Ағамын ба, деп қалсам, –
Асекеңнен жас екем:
Туған күні –
өйткені...
қаңтардың ең басы екен!



ҚАЙРАН, АЙМАН...

Айналайын Айман қыз,
Айға қолды жайғанбыз, –
Арыстандай мерт болып,
Талай мұзға тайғанбыз.

Айман,
Айман,
Айман-ай!
Бастан бақтың тайғаны-ай...
Айла таппай жүр аған,
Ай қарап бос...
Қайран-ай!
Қайран,
айнам –
Айман-ай!



ЖЕҢГЕСІ МЕН ҚАЙНЫСЫНЫҢ ҚАЛЖЫҢЫ

– Қайран қайным!
Бұзып ағыс-арнаңды,
Қиялдапсың қол жетпейтін арманды.
Ақ волгалы аққудайын жеңешен
қайтсін сені...
қайтсін «есек арбаңды»!

– Алдамшы бір...
Қайтерсің бұл жалғанды!

– Жүрекжарды жырларыңды бар жаңа,
Жеңешене арна, мейлі, арнама;
Қалса-дағы қара суық – қарда да, –
Қарамайды,
Отырмайды ол... «арбаңа».

– Арман-дүние...
Арман-жеңге, арман, ә!

– Заржақ бала!
Мазалама, зарлама,
Алдамайды Ары таза жар ғана.
Ардақ тұтқан ағанды ақ жеңешен
Айырбастар қалай?!
Баршы...
Бар, бала!

– Жалған-дүние...
Жалған бәрі, жалған, ә!

ЖЕЗДЕМ НЕМЕРЕЛІ БОЛҒАНДА

Ата болдың, ал, жезде,
Ақжарылып қал, лезде!
Шөберенді көргенде
дерміз сені:
«Шал жезде».

Әзілдейсің, күлесің,
«Әміршім» де – бір өзің.
Келінмен де ойнайтын
қалар енді мінезің.

Ай жылдарға алмасты,
Ұрпаққа ұрпақ жалғасты.
Ауру қалар,
Әй, бірақ...
әдет шіркін қалмас-ты!



БӘРІ ӘЛІ... ДӘМЕЛІ

Сәбит Шағыровқа

Үміт еткен бар елі,
Жігіттің ең сал, ері.
Әзілімен,
Сәнімен –
әсемдіктің әлемі.

Аллам жолын ашар да,
Бойға қуат, әл –
емі.
Үзілмесін қашанда
інілердің сәлемі.

Көңіл шіркін әріде,
Өмір – сылқым әдемі.
Ай, қай қыздар әлі де
ағамыздан... дәмелі?

Тал түсі бар кештің де,
Алпыстың – өз «әлегі».
...Теңгермейтін ешкімге
Теңдігімнің Сәбеңі!



БАЛДЫЗ БАЗЫНАСЫ

*Жезқазғандық жездеміз
Қадыр Үңгітбайұлына*

Жезқазғанда – жез де мыс,
(Жетпегендей өзге қыз)
Көкшетаудың алтынын
қағып түскен жездеміз!

Ер еместі – ез деңіз,
Кен еместі – жез деңіз.
Барын беріп сыйлайтын
балдыз едік;
Безбеңіз.

Қолымызда – кепкеміз,
Тұрып тағзым еткеміз.
«...Қалыңмалын» апамның
бермей бірақ кетпеңіз!..



НАҒАШЫ МЕН ЖИЕН

Тұрсынбек Токинге

Жиен:

Торғайға да барамыз,
Қордайға да барамыз,
«Форд»-ты жолға саламыз.
Вагон-вагон күрішті
Қызылордадан аламыз.
Ақшаға да,
Басқаға
қарық болып қаламыз...

Нағашы:

Күпініп босқа байып, толған, –
Күн өтпей жатып ғайып болған
қайран да менің жиенім,
қайталанбас киелім!

... «Жиен ел болмас»,
Сезінем, –
Әйтеуір, аман жүрсе екен.
Қымызбен,
Қызыл сөзімен
кептірген ішті Тұрсекең!

СОЛМАСЫН АҚ ГҮЛІ КӨҢІЛДІҢ

(М.Шахановтың «Туған күн кешінде» әнімен)

Жиырмаға сен толып,
Жиналып, ел болып,
КПИ¹-ді келдік біз бетке алып.
Қызғалдақ – қыз қандай!
Той-думан қызғандай,
Қызықтан жүрме, дос, шет қалып.

Қайырмасы:

Сен туған күн – мерекеміз,
Көтерейік, кел, екеуміз.
Көңілің – көл, көкем,
Көкке жетсін бүгін төбең!

Жасыма, тасыма,
Ие бол басыңа,
Кетсе де бұл шарап мәңгі ғып.
Басыңды жаз ертең,
Қасыңда наз еркең,
Жұп болып өтіндер мәңгілік!

Қайырмасы.

Жүзге кеп, қартайып,
Жүзіңнен әр тайып,
Жетсе де күз айы өмірдің;
Сарғайып атырап,
Солса да жапырақ, –
Солмасын ақ гүлі көңілдің!

Қайырмасы.

Желтоқсан, 1971 жыл.

¹Көкшетау педагогикалық институты.

ТАЛАҚ ЕТІП...

Елімізде – шетелдік,
Жеріміз де жетерлік...
Көк мылжынды «көке» деп,
Көкке бір-ақ көтердік.

Үйімізде – шетелдік,
Күйіміз де жетерлік...
Төбетті де «төре» деп,
Төбемізге көтердік.

Итті-дағы көп көрдік,
Битті-дағы көп көрдік, –
Талақ етіп бәрін де,
«Таланып» бос,
Текке өлдік...



БАСПАДАҒЫ ДИАЛОГ

Жыл бойы:

- Кітаптың макетін істейтін кім?
- Раушан.
- Компьютерден күнде түспейтін кім?
- Раушан.
- Баспаханаға әрі-бері жүгіретін кім?
- Раушан.
- Бөлмені жинап, белі бүгілетін кім?
- Раушан.

Жыл соңында:

- Жалақысы ұсталатын кім?
- Раушан.
- Жұмыстан қысқаратын кім?
- Раушан?!.



ЖАЗҒЫШ КӨКЕ

Қаншама жыл көкемнің
қолжазбасын арқалап,
Әр томын шақ көтердім,
«Әркімде-ақ бар талап», –

Шығып жатқан жоқ кітап,
Шығып жатқан шығын тек.
Жазар көкем көп бірақ,
«Жырым – сырым, шыным», – деп.

Ұтылып,
Кім ұтады?..
Әріпке әр жоқшы бар.
...Шықпай, сірә, кітабы
бізге дамыл... жоқ шығар.



ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТКЕ

Қосылмай-ақ шеруге еш, –
Қос-қос қыздар... ерулес.
Ерен ақын үшін заң:
Егделікке келу кеш!

Қыз – қызғалдақ,
Қылықты ол,
Қызыл гүлді «жұлып» көр...
Ұлылардай бол кішік,
Ұлықбектей ұлық бол!



БЕЙСЕНБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВКЕ

Ақжарылып ағынан – күлім қаққан,
Биязылық бойына гүлін таққан.
Үлкен, кіші демеі-ақ бауыр басып,
Үндіс екеш үндістің тілін тапқан.

Жылыұшырап жатқа да бір танысқан,
Жүрегіне жол тауып, тіл табысқан.
Қарапайым қалпы осы – ханзададай,
Қоқиысып тұрғанда кіл «данышпан».

Гүлі де өзі жігіттің, асқан бағы,
Күні де өзі біреудің аспандағы.
...Базарынан өмірдің олжалы қайт,
Бақытыңның биіктеп баспалдағы.



БОЛАТ ШАРАХЫМБАЙҒА

Болат десе –
болаттай,
Болар ақын сол-ақтай,
Атына да,
Затына
келеді кір жолатпай.

Болат дессе –
болаттай,
Бәйге алар ол аттай.
Құдайға да
(Біз түгіл)
Құдайы бір қонақтай...

Болат,
болат бола бер,
Жыр-арнаңда тола бер.
Қара өлеңнің аулына –
қыз аулындай
қона кел!...



СЕРІК СЕЙІТМАНҒА

Сейітман тегі – Серіксін,
Сөзіңе тастай беріксін.
Бал қыздардың барлығын
Балдызыңдай көріпсің.

Жырың жаулап тәттісін,
Балмұздақтай еріт шын...
Шаңын қағып ауылдың,
Шайыр болып келіпсің.
Көпен деген көкеңнің
Көтінен көп еріпсің, –
Нахал емес, адал боп
напақанды теріпсің.
Қырғи – өзің қыздарға, –
Қыранға бізді теліпсің.

Желке шашы желбіреп,
Желіксе, жігіт желіксін!..



ҚҰРДАСТАРҒА ӘЗІЛ

Мұхамедия Жұмағалиевке

Жаның нәзік ақынсың,
Қыз-келіншек, сұлуларға жақынсың.
Құрдасыңның бәрі бастық, бәрі ірі,
Неге өзің тыныш қана жатырсың?

*Нағашыбек Қапалбекұлы
(«Әдебиет айдыны»,
29 желтоқсан, 2005 ж.)*

ӘЗІЛГЕ – МӘЗІР

Нағашыбек Қапалбекұлына

Құрдасыңды «кұртасың», –
Намысымды жыртасың.
Өрге қарай әзірге
Домалай тұр тасым.
Жол күрейтін сенсің бе,
Жолым менің бұрқасын!

Бастық деген – бір арба,
Арбаға жұрт құмар ма?
Бұра тартқан бұралан,
Жолы – сағым, мұнар да...
Артып алған жүгі көп
Менің арбам – шығарма!

Баспагер інім Жасұланға

Төгілмесін босқа тер,
Төрін берсін «Баспагер».

Қосағыңсыз...

Қыздармен

қырық қадам – баспа жер!

Шабылмасқа шабылма,

Шалынбасқа шалынба.

Айнакөлде келінмен

аққу-қаздай дамылда.

Шағылмасқа шағылма,

Шағынбасқа шағынба.

Алтын сақа алты ұл сүй

алқынбаған шағында.

Өстіп шаршап... жер сүзіп,

Өңкей ұл, қыз өргізіп,

Көп немере, шөбере,

шөпшек сүйіп... көр қызық.

... «Көтерем» боп қал сосын

көтеніңмен жер сызып!

Менің
замандастарым
(Балладалар)



ТҰҢҒЫШ

Ол кездері едім, достар, жас маман,
Еңбек жолын
енді ғана бастағам.

Отау тірлік отын жаңа маздатып,
Тұңғышымыз бірден әлі аспаған.

Тұрағымыз – қала шеті,
«Татарка»,
Құштар шағым өмір балын татарға.
Тұңғыш рет пәтер жалдап сол жерден,
Қосылғанбыз осы жерде қатарға.

Баспанамыз – ұясындай торғайдың,
(Үлкен пәтер – емес онда зор қайғым.)
Үілдеген балапаным –
сәбиді
ата қаздай шыр айналып қорғаймын.

Сәби кейде жыламаса болмайды,
(Жылай қалса,
бәрінен де сол – қайғы.)
Жанын күткен үй иесі – кемпір-шал
жақтырмайды,
жаратпайды ондайды.

Жарытпаймыз жас балаға қарап та,
Мен – жұмыста,
ал жұбайым – сабақта.
Жанымыз жүр мұрнымыздың ұшында, –
Үй қожасы қарамайды-ау қабаққа.

Деді бірде үй иесі:
«Қарағым,
Қиындыққа мойымадың, жарадың!
Бірақ, бірақ...
Қызмет бар, оқу бар,
Бабы қалай болар екен баланың?..

Бала десе – бауыр түгіл,
жат алаң,
Жан ашымай мен де қалай жата алам?!
Немересін бағып берер бірер жыл
жоқ па еді біз секілді ата-анаң?..»

Қалбалақтап,
Келіп едің қайдан, шал?!
Қалмады ғой саған айтар айлам, шал...
...Жан анамның көз жұмғанын тым ерте
қайдан білсін...
Қайдан білсін қайран шал!

* * *

Бауырыма қысып алып баламды,
Тауыса алмай шетсіз-шексіз даламды,
Келем ұшып саған қарай, жан әпкем,
Көрмегелі
көңіл көптен алаң-ды...

«Қош келіпсің!
Болмай-ақ қой енді алаң», –
Дегендейін көсіледі кең далам.
Бауырына баурап мені бар маңай,
«Жақынырақ кел, – дейтіндей, –
кел, балам!»

Дегендей-ақ:
«Бақытты боп өт енді», –
Туған далам төбесіне көтерді!
Қарлығашы қатар ұшып қасымда,
Қанатымен желпиді кеп бөпемді...

Жылуынды жүрегіммен сезіне,
Жылыұшырап әрбір тасың көзіме,
Пана бол деп,
туған далам, бірер жыл,
Перзентімді келем алып өзіңе!

Ұқсаған деп аумай көзі көзіңе,
Қимасам да жан-жүрегім езіле, –
Ана бол деп...

Ана орнына, жан әпкем,
Алып келдім сәбиімді өзіңе!..

* * *

Жездем отыр тұнжыраулы қабағы,
Түйіліп бір,
Күйініп бір қарады:
– Бағатұғын бұл үйде жоқ еш адам,
Қалдырманғандар...
Қалдырманғандар баланы!

Қызық осы қазіргінің жастары,
Ойлайтыны – ойын-сауық,
бас қамы.
Балаларын бақтыратын ауылға –
Мода болған,
бұл сөзімнің рас бәрі, –

Деді-дағы,
өз үкімін шорт кесті,
Менің жаным алаулаған от кешті.
Осы бір кез –
өшпес, сірә, санадан,
Осы бір сөз –
көңілден еш кетпес-ті!..

* * *

Айлар зырлап,
Арада сан жыл өтті,
Ай аймалап,
Мандайымды күн өпті.
Қос қарлығаш ұясынан аядай
қаншама рет балапанын түлетті!..

Төрт балапан – шаңырағым қорғаны,
Тіл мен көзден аман болса болғаны!
Тәй-тәй басып
келеді өсіп кенжеміз,
Болды азамат тұңғышымыз сондағы.

Жолдасым да аяқтаған оқуын,
Қатар тоқып
тұрмыс-өрнек тоқуын.
Тоқшылық та болмағанмен ас та төк,
Жоқшылық та көріп өскен жоқ ұлым.

Артта қалған енді өмірдің өрт күні,
Артта қалған қам көңілдің дерт,
мұңы.
Төрт бүлдіршін өсер биік өзімнен –
Шешек атып жүрегімнің төрт гүлі.

Бәрі де бар...
Бәрі де бар бүгінде,
Бақыт – Күнім, басымда ұзақ күлімде!
Осы күннің...
Осы күннің – сенгем мен
бір айналып соғарына түбінде!

Құлдырандап құлындарым – қыз-ұлым,
(Қызым, ұлым – қуанышым,
қызығым.)
Базар еткен құтханамды
жүгіріп
бір бөлмеден бір бөлмеге күнұзын.

Қаяу көрмей жүздеріңнен,
көзден – мұң,
Қиындыққа, кез келсеңдер,
төз дермін.
Жақсы оқып, ержетіңдер:
үйдегі
Жасұландай – тұңғышындай... жездемнің.

Бал-бұл жанған балапандар қолдағы,
Сендерсіңдер енді Отанның қорғаны.
Демеп-жебеп бір-біріңді өсіңдер,
Дүние – кезек,
Құс сияқты ол-дағы!



БАҚЫТЫ ҮШІН БАСҚАНЫҢ

*Белгісіз боп
Тындырып та тастарым,
Тәуекел деп,
Мен де бір жыр бастадым.
Өздеріңсің –
Жырларымның өзегі,
О, менің замандастарым!*

* * *

Қуаныш қой
күлгені де сәбидің.
Сәбилерсіз
келмейтіндей сәні үйдің.
Бала деген
бауыр еті-ау адамның,
Бала – бақыт,
Бала – атқан таңы үйдің.

Қымбат не бар
ана үшін баладан.
Бақытына,
бағына оны балаған.
Бала тілі
балдай тәтті шығар-ау,
Бала болып
туғасын да бар адам!

Қалт-құлт басып
жығылғаны,
тұрғаны –

Құйттай жанның
тірлігінің жұрнағы.
Сәбиімен
бірге құлап,
бір тұрып,
Дейді ана:
«Жүрші, құлыным,
жүр тағы!»

Қарашы эне,
Қаз-қаз басып аяғын,
Жүріп кетті,
Сүріну жоқ баяғы.
...Түсінбейді-ау,
Сәби бірақ,
өзі үшін
біреу барын
жүрген сүйреп таяғын...

* * *

Келе жатыр
бір жас жігіт гүл ұстап,
Күтті ме екен
қызық думан,
тыныш бақ?
Келе жатыр,
Көңілінде көп ойлар,
Әлсін-әлі
кеуде кере тыныстап.

Белгісіз боп
бақытының жанары,
Бәлкім, ол да
бағын іздеп барады.

Байқамайды-ау,
(Байқатсын ба тасқын ой)
Жол үстінде
тұрған сәби – баланы.

Қырсыққанда
жүре де алмай дұрыстап,
(Қас-қағым сәт...
Жым-жырт маңай, тыныш бақ).
Талпынды, әне...
тәлтіректеп,
сол сәтте
шыға келді
бір машина бұрыштан.

Жалт бұрылды
жігіт естіп дауысты.
Таптар ма деп,
Тағат таппай, жаны ұшты.
Атылды кеп
атқан оқтай,
апыр-ай,
Құлап барып,
Балдырғанға жабысты...

Арқалап-ақ
сол сәбиді жүрер ме ед,
Әттең-әттең,
Ұшып түсті-ау,
түрегеп.
Қайран жігіт
қалса да алып сәбиді,
Қапылыста
болды өзі мүгедек.

Күткен болар
бәлкім, оны жақыны, –
Кездесуге
жетпей қалды-ау уақыты!
Бақытсыз боп
қаларын ол білді ме,
Қорғаймын деп,
басқа жанның бақытын.

Жанға батып
аяғының жоқтығы,
Содан бері
қанша тұнжыр өтті күн.
Жоғалтқан көп
армандары секілді
шашылып бір
сонда қалған шоқ гүлі!

...Ал, сол сәби
аман қалған баяғы,
Жүр бүгінде
қаз-қаз басып аяғын.
Біле ме екен,
бала шіркін,
өзі үшін
біреу барын –
Жүрген сүйреп таяғын!

* * *

Жанды көрсең:
шат көңілді, асқақ үн,
Бұлт баспаған
көңілінің аспанын,
О, адамдар!
Олар – менің ақжарқын,
сыйлас бір замандастарым.

Қайсар басып
таудың жақпар тастарын,
Асқан биік
асулардың асқарын,
Олар – менің
өрге құштар,
өр мінез,
ержүрек замандастарым.

Жанды білсең:
жас ғұмырын,
жас жанын
қиып кеткен
бақыты үшін басқаның,
Дәріптеңдер,
О, адамдар,
олар да –
қимас бір замандастарым!

МАЗМҰНЫ

Бір сабақ гүлдің саясы. Ж.Ерғалиев	3
Мен сені қызғанбаймын.....	13
Туған далам, төсінде аунасам деп... ..	87
Кімге күлкі... ..	249
Менің замандастарым.....	275

Мұхамедия Жұмағалиев

Бақыты үшін басқаның

Өлеңдер, балладалар

Редакторы: Мыңжасар Д.
Суретшісі: Мейірбеков Е.К.
Беттеген: Мейірбеков Е.К.

Басуға 16.03.2017 қол қойылды.
Қалыбы 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі: Times New Roman
Шартты баспа табағы 15.0,
Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс №
e-mail: riic777@mail.ru





Мұхамедия Жұмағалиев 1950 жылы 11 қараша күні туған. Көкшетау қаласындағы облыстық мектеп-интернатта оқып, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Республикалық «Жазушы», «Өнер», «Балауса» баспаларында, Қазақ энциклопедиясында және «Жұлдыз» журналында қызмет істеген.

1986 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Жиырмаға жуық жыр жинақтары мен кітаптардың авторы.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның Құрметті азаматы.

